

КРИСТИНА РОЙ

КҮН ЕЛІНДЕ

Әңгіме



ШЫҒЫС
СӨУЛЕСІ

05.032

КҮН ЕЛІНДЕ

КРИСТИНА РОЙ

Рой Кристина

Күн елінде. Әңгіме. Словак тілінен аударылған.

Қазақ тілінде бірінші басылуы, 126 бет.

© 1993 «Шығыс Сәулесі» баспасы, Алматы

ҚҰДАЙДЫҢ ҮРМЕТІ ҮШІН

Ұзаққа созылған қалың қар басқан, кәрлі қыстан кейін, ақыр аяғында, ұзақ күткен көктем де келді. Бірақ қыстың келуіне нақ кішкентай Палкодай қуанғанды табу екіталай-ау.

Тордан босанып шығып, өз қанаттарын қуана қаққан титімдей құсқа ұқсап, ол ауылдан жоғарыдағы өзінің сүйікті тауларына асықты. Терезесінің желдеткіш қақпағы күзден нағыз көктемге дейін жабық тұратын, сондай-ақ шөппен де бітеліп тасталатын ескі әрі сызды лашық, оның жас жүрегі үшін айрықша тарлық ететін.

Павел Юрига қария, адамдар Палконы да соның тегімен атайтын, оның әкесі де, атасы да емес еді. Бірақ олар бір-бірін шынайы жақсы көретін. Павел қария күнкөрісін таудан елек жасап табатын. Онда, тауда оның өз лашығы бар, соны көктем сайын аздап жөндеп қоятын, бұл лашық болса, оған 30 жылға жуық уақыт бойы баспана қызметін атқарып келді. Ол бұрын өз ұлдарымен сонда тұрды, бірақ олар жас тау бүркіттеріне ұқсап, әке үйін тастап кетті, содан бері жаз айларында мұнда шалмен бірге орманда жұмыс істейтін отыншылардың кейбіреуі тұратын.

Екі жыл бұрын Юригамен бірге тегі Рацга деп аталатын Вагталядан келген қарт тұрды. Өзімен бірге ол өзінің кішкентай немересін де ала келді. Бірақ таудың дымқыл ауасы мен ауыр жұмыс қарттың денсаулығына зиянды әсер етті. Ол жиі жөтелетін болды, әрі оған жұмыс істеу де қиынға соқты. Бала оған әлі келгенше күтім жасады: сорпа қайнататын, саңырауқұлақ жинап, отын әкелетін.

Ақыр аяғында Рацга мүлдем науқастанып қалды, оған төсек тартып жатып қалуға тура келді. Бірде Рацга Юриганы шақырып алып былай деді:

— Тыңдашы, Павел, менің балақаным сияқты сенің де туысқандарыңнан ешкімнің жоқ екенін көріп жүрмін. Жуырда өлу үшін мен де үйге баруыма тура келеді. Бірақ мына балақанды мен өзіммен бірге ерткім келмейді, өйткені өзім өлген соң, оған нашар қарайтын болады, — деп қорқамын. Сен оны өзіңде қалдыр, оның саған пайдасы тиер. Құдай бұл үшін сені жарылқайтын болады.

— Айтқаның болсын, — деп жауап берді Павел қарт өзінің ақ шаштарын қолымен сипап қойып. — Баланы қалдыруға келісім берермін, бірақ бұған оның ата-анасы қалай қарар екен?

— Білесің бе, Павел, бұл балақан мүлде менің қызымның ұлы емес. Баланың ата-анасы тірі ме, оны да білмеймін. Менің марқұм болған қызым бұл баланы ғажап жағдайда тауып алды. Мен мұны саған айтуға тиістімін. Өз жұмысыңды шамалы қоя тұрып, маған жақындап отыр.

Қарт оған Рацганың айтқанын тыңдап отыр, ол сонда естіп білгенін өле-өлгенше ұмыта алар ма екен.

— Бірде менің қызым Анна орманда саңырауқұлақ жинап жүрді. Кенеттен оған баланың жылағаны естілгендей болды. Иә, сен білесің ғой, әйелдердің қандай қорқақ халық екенін. Оған өзін жын-шайтан келемеждеп жатқан сияқты көрінді. Сондықтан қызым ол жаққа бармады. Бірақ баланың жылауы барған сайын қатты естілді. Оның өзінің екі баласы бар еді, сөйтіп, Құдайдың үрметіне сиынып, ақыр соңында, баланың жылаған дауысы естілген ну орманды қарап шығуды ұйғарды. Сонда не көрді дейсің ғой? Біржарым-екі жастағы кішкентай балақай үстінде бір ғана жейдесі бар, соқпақпен жалаңбас, жалаңаяқ жүріп келді. Жылап келе жатып, су сұрады. Балақан алыстағы бұл тауларға қайдан келген, оны кім жоғалтқан, мұны қызым еш түсіне алмады. «Апа», — деп ол ақырын дауысын шығарды. Анна оны қолына алып, көз жастарын сүртіп, су мен нан берді. Оның жейдесі мен шаштары мүлде су болған; ол бүкіл түнді орманда

өткізген сияқты. Оны түнде кім жасырды екен? Бұл жерде толып жүрген жабайы аңдардан кім қорғаған екен? — деп мен жиі ойлаймын.

— Әрбір баланың сақтаушы періштесі болады ғой, — деп жауап берді Павел, өзінің әжімді шекелерін бойлай сырғанап келе жатқан көз жасын ұрлана сүртіп қойып.

Екі қарт бірнеше минут үнсіз қалды, олардың көз алдарына адасқан баланың көрінісі келді; түн түнегі басқан кезде ол өзінің бұйра шашты басын төмпешікке қалай қойып, өз анасынан алыс жерде қалай ұйықтады екен?

— Ал одан кейін не болды? — деп сұрады Павел.

— Анна баланы алып, үйге көтеріп әкелді. Біз бұл жайында — баланы біреу-міреу іздер ме екен, — деп болысқа хабарладық, бірақ бәрі зая болды. Аннаның осыдан шамалы уақыт бұрын Палко деген баласы өлген болатын, сөйтіп, тастанды баланы да ол осы атпен атады.

Менің күйеу балам ол кезде әлі адал адам еді, сондықтан баланы қалдыруға қарсы болған жоқ. Бірақ бала бес жасқа келгенде Анна өліп қалды. Күйеу балам екінші әйел алды, бірақ ол Аннаның туған балалары үшін де нашар өгей шеше болды. Ал мына бөтен баланы мүлде жақтырмады. Сол кезде мен оны өзіме алдым. Мен оны тіпті мектепке де жібердім, әрине ол маған үйде кедергі болғандықтан емес. Баланың мектепте жақсы оқығаны сондай, оған қараудың өзі сүйсінерлік іс еді. Екінші жылы ол оқуды да білді. Шамасы, оның ата-анасы өте кемелденген адамдар болса керек. Егер мен өлсем, оның өгей ата-анасы бәрінен де гөрі оны бір жерге малшылыққа берер, сөйтіп, ол бәрін қайтадан ұмытады. Юрига, оны өзіне қалдыр. Уақыты келгенде одан саған жақсы көмекші өсіп шығады. Бірақ неліктен екенін білмеймін, маған оның ата-анасы әйтеуір табылатын сияқты көрінеді, ең болмағанда, сол кезде оның бізде жақсы тұрғанын айтарсың. Біз онымен өзімізде не бар болса, соны бөлісетін болдық. Менің қызымның балаларына өгей

шешесімен тұру жаман болғанда да, тіпті менің күйеу балам маскүнемдікке салынып, жанындағылардың бәрімен қатігездік қатынаста болғанда да, мен бұл баланы айрықша аяладым. Сонымен сен оны өзіңде қалдырасың ба?

— Иә, Рацга, мен оны қабылдаймын. Құдай көмектесер, — деп үміттенемін. Мектепке де жіберіп тұрамын. Жазда ол мұнда менімен тұрып, кәсіпке үйренеді. Ол қазір маған көмектесе алмайды, сондықтан мен әзірше елек жасамай, қасық пен күрек жасайтын боламын.

Рацга осылайша, енді қайтып оралмау үшін үйіне кетті, ал бала болса, Юригада қалды. Әуеліде ол атасын іздеп көп жылады, бірақ жақсы орынбасар тапқанына көзі жеткенде, оның балғын жүрегі біртіндеп тыныштала берді, сөйтіп, бала бұрынғысындай көңілді қалыпқа түсті. Ал бір жарым жылдан соң, оларға өздері бүкіл өмірлерін бірге өткізіп келе жатқандай көрінді.

Енді міне Палко лашықты тазартып, оны қолынан келгенінше жақсылап жинастыру үшін тауға шығып келе жатты. Арқасындағы шағын түйіншекте ол аздаған іш киім, пияз, қақталған еттің бір кесегін, қағазға ораған шамалы тұз бен бірнеше түйір картоп алып келеді. Қалған картопты атасы қаппен әкелуге уәде берді. Иығына ол атасының бірнеше сайманын асып алған, ал қолында құмырасы бар. Осындай ырзықты арқалаған ол, бір патшалықтың ханзадасына ұқсап, қуанышты түрде алшан басып келеді. Оның сарғыш, бұйра шашы мүлде мыжмыжы шыққан, дөңгелек фетр қалпақ жауып тұр. Бір кездерде ақ болған кішкентай плащ оның иығында салбырайды. Штан мен қатқыл кенептен тігілген жеңдері кең жейде, кішкентай бәтеңке, сарғыш оюлары бар қара, қайыс белбеу жас ханзаданың киімдерін толықтыра түскен. Оның бойынан өмір, қуаныш және жас көктемнің лебі еседі.

— Ау! — деп айқайлады ол бар дауысымен.

— Ау! Ау! Ау! — деп жауап берді жаңғырық.

Бала көңілдене қарқылдап күлді, оның күлкісі күміс қоңырау сияқты сыңғырлап шықты. Таулар да, онымен бірге күліп, оны құттықтап тұрған сияқты.

— Саламатсың ба, балақай! Сен көптен осындасың ба? — деген біреудің дауысы естілді.

Бұл оған қарсы келе жатқан отыншы Лишка екен.

— Саламатсыз ба, ағай! — деп жауап берді бала өзінің ескі досына қолын ұсынып. — Лашықты сәл-пәл жиыстыру үшін мен атамнан бұрын шығып едім.

— Лашықты қардың құлатып тастамағаны нағыз керемет екен, ол әлі де мығым тұр. Жарайды, саған Құдай көмектессін. Мен орманшыға барамын.

— Жолыңыз болсын!

Бала неғұрлым жоғары көтерілген сайын отыншылардың лашықтары жиі көріне бастады. Олардың кейбіреулерінен көтерілген түтін адамдардың лашықтарда тұрып жатқанын көрсетіп тұр. Кейбіреулерінде ешкім жоқ, біреулері, тіпті құлап қалған. Әр жерден әлі де қар мен мұз көрінеді.

Содан соң оның жолы толық сулы бірнеше өзеншелердің үстімен өтті. Қылқанды ағаштар бар жерде ғана тау әлі көкпеңбек болып көрінеді. Жапырақты ағаштар әлі бүршігін жармаған екен.

Ақыр соңында кішкентай саяхатшы да мақсатына жетті. Жол бұрылыстарының біріндегі қарағайлар арасында бұлардың да лашығы көрінді. Баланың көзі жайнап кетті. Бұл қорған добал ағаштар мен саздан соғылса да, оған өте сәулетті көрінді: өйткені ол өздерінің үйі ғой. Лашықтағының бәрін ол тастап кеткен күйінде көрді.

Бала сыпырғышты алып, еденді сыпырды және лашықтың ортасына ошақты құрды. Содан соң аздаған бұтақтар әкелді, ол әкелген заттарын орын-орындарына жайғастырып қойды. Содан соң ол бұлаққа барып, мөлдір, таза судан бір құмыраны толтырып әкелді.

— Мінеки, жақсы болыпты, менің балақаным. Мейлі, енді Тәңірім бізді жарылқай берсін! Міне, мен де келіп

қалдым! — деп амандасты атасы оған лашыққа кіріп жатып.

Олар картопты бірге аршып, құмыра ілінген мосыны оттың үстіне қойды.

— Балақай, бір сорпа пісірші. Мен осы араға жақын маңнан жақсы құрғақ жапырақ көрдім, соны алып келіп, содан соң төсек-орын жасайық.

Кішкентай ыждағатты аспаздың бетіне сәулесін түсіріп, от көңілдікпен шыртылдай жануда. Біраздан кейін су да қайнады. Бала сәл тұз, зире, пияз бен кепкен нанның кесілген қабығын салды, сөйтіп, біршама уақыттан кейін, осының бәрі піскенде ол оттан құмыраны түсірді.

— Ата, ата, келіңіз, сорпа дайын!

— Қазір, Палко! — деген жауап естілді.

Мұның соңынан іле-шала ауыр дем алып, қарт лашыққа құрғақ жапырақтардың бір құшағын әкеліп, бұрыштың түкпіріне тастады. Оның әжімді маңдайынан тер тамшысы жылтырады.

— Бұл бір қарғыс атқан ауыр жүк екен! — деп ол қатал ұрысты. Содан соң ол қалтасынан екі ағаш қасықты суырып алды да, өзінше шоқынып, сорпаны іше бастады. Сіз ешбір аспаздық кітаптан мұндай сорпаның рецептісін таба алмас едіңіз, бірақ бұл екеуі оны тәбітпен ішіп жеді.

Одан соң олар әкелген жапырақтан өздеріне ыңғайлы, жұмсақ төсек дайындап, оны қатқыл ақжаймамен жауып қойды. Күн таудың дәл үстіне келді — бұл талтүстің белгісі. Олар демалуға жантайды. Бала атасына ескі қой терісін жауып қойды, ал өзі ескі пәлтесіне оранып алды, сөйтіп, біреу-міреу беске дейін санап үлгергенше олар ұйықтап кетті.

От лашықтың ортасында жануда. Түтін құрбандық шалатын жерден шыққандай шатыр саңылауынан шығып, аспанға көтерілуде. Ағаш бүршіктері айрықша хош иісін анқытуда, бар табиғаттан көктемнің исі сезілді.

Көктем — ояну — қайта тірілу — деп, айтып жатты көкпен жер. Бірақ бұл екі адам ескі лашықта қатты ұйқыға

шомды, олардың бойындағының бәрі — денесі, жаны мен рухы да қалғуда. Кім оларды оятар екен?

ПАЛКО МЕН АҒАШ КЕСУШІЛЕР

Тауда өмір басталды. Таңертеңнен кешке дейін балтаның соғылғаны, құлап бара жатқан ағаш пен сынған бұтақтардың сықыры, араның сырылдаған шиқылы мен жинап қойылған отынның шуы естілуде. Анда-санда адам дауысы шығуда.

О, адам дауысының мүлде шықпағаны жақсы еді: дөрекі балағат, қарғыс пен жан төзгісіз сөздер бірде қалжың, ал бірде шын күйінде естілді.

Көп кешікпей лашықтардың бәрі лық толды. Оларда әр түрлі адамдар: қаскүнемдер де, қайырымды жандар да тұратын. Олар ат сияқты еңбек етіп, ара-арасында естерінен талғанша ішетін. Олар өлмейтін жаны жоқ жануарларға ұқсап өмір сүретін, бірақ кейде олардың әрекеттері жануарлардың да қылығынан нашар болатын. Алайда олардың арасында жақсы адамдар да бар еді, солардың қатарына Юрига мен Лишка жататын. Кейде олар да бір алып тастап, егер оқта-текте отты судан жұтып жібермесең, кедей байғұстардың басқа ешқандай қуанышы жоқ қой, — деп қоятын. Кейде олардың аузынан да қатты сөздер шығып кететін, бірақ бұл отыншылардың тіршілігі мен олардың жұмысына ыңғайласып тұратын. Барлық адамдар да оларды жақсы деп санайтын, өздері де солай деп ұйғарды.

Тек кішкентай Палкоға ғана осынау дөрекі адамдардың ешқайсысы тиіспеді. Ол осыншама көп үлкендердің ішіндегі бірден-бір бала еді, сондықтан олардың бәрі оны аялап, күтіп, сақтап, ортақ меншік ретінде қарады. Палко бәріне де бағынды: су әкеледі, жинаған саңырауқұлақты бәріне бөліп береді және бірде анаған, бірде мына-

ған қандай бір болмасын сорпа қайнатып береді. Оның тамағы туралы атасына ойланудың қажеті жоқ, ол өзіне керектінің бәрін табатын.

Юрига баланың елгезек мінезіне өте қуанып жүрді. Ол: «Тау таумен кездеспейді, адам адаммен кездеседі», — деп айтуды сүйетін.

Юриганы ең бала шағынан бастап, жайдары, ашық мінезіне орай бәрі де жақсы көрді. Ол әркіммен тіл табыса кететін.

«Мен жөнінде ешкім де шағым айта алмайды. Мен ешкімді жәбірлеген жоқпын, әрбір адаммен сәлемдесемін. Әрбір адамға көңіл көтеретін сөз айтамын. Егер біреу-міреудің темекісі, шырпысы, тұз немесе майы болмаса, көмектесемін. Осылайша мына баланы да мен Құдайдың үрметі үшін қабылдадым». Ол өз-өзінен осылай пайымдап, өзіне әбден риза болатын. Юрига жарық дүниеде көп жыл өмір сүргенімен, ол әлі өзінен жақсы болған ешбір адамды кездестірген жоқ еді.

ҚҰПИЯ АШЫЛУ

Мамыр жексенбілерінің бірі еді. Тауды мекендеушілердің бір бөлігі төменге, біреулері шіркеуге, біреулері болысқа, ал енді біреулері өздерінің апталық жалақысын сонда қалдыру үшін, еврейлердің шарапханасына кетті. Басқалары үйде қалды. Кейбіреулері өз лашықтарында ұйқыны соғуда, өзгелері саңырауқұлақ жинауға кетті.

Үйде қалғандардың ішінде Павел Юрига да болды. Ол өз лашығының алдындағы күншуақта темекі тартып отыр. Кенет ол жақындап келе жатқан қадам мен иттің үргенін естіді. Ол көзін салып, мереке күніндегідей киінген жас жігітті көрді, шамасы шебер сияқты.

— Қайырлы күн! — деп амандасты бейтаныс.

Юрига оның сәлеміне жауап берді.

— Ағай, бұл лашықта сіз жалғыз тұрасыз ба? — деп сұрады келген адам.

Иә, өз немереммен бірге тұрамын. Ал сен неліктен мұны сұрайсың?

— Мен осы жерден бірнеше аптаға жұмыс таптым. Маған біраз уақытқа сізде қоныстануға бола ма екен?

— Егер сізге ұнаса — мархабат. Қандай қолөнермен айналысасың? — деп сұрады шал.

— Мен, ағай, оюшымын. Демек, сізде тұруға болады ғой? Онда мен қоржынымды қалдырайын?

— Мархабат. Сен әлі ауылға төмен түскің келіп тұр ма?

— Жоқ, мен тек орманшыға барып келемін. Сонда өз заттарымды қалдырып кетіп едім. Мен сонда қонамын да, ертең таң атысымен осында боламын.

Жарайды, сенің уақытың жеткілікті ғой. Шамалы отыр. Мынау сенің итін бе?

— Иә, Дунай, мында кел!

Ақ ит жетіп келіп, өз қожасының қасына жатты.

— Кетерде мен оны бекітіп кеткенмін, бірақ ол босанып шыққан сияқты, сөйтіп, мені қуып жетті. Мұндай жануар, кейде қайсыбір адамнан бетер зият болады.

Жас жігіт отырды.

— Сенің атын кім?

— Менің атым — Мартин Лессинг.

Ақыр аяғында, серік тапқанына Юрига өте қуанды. Ол Лессингтен оның туған жерін және онда егіншілік ісінің қалай екендігі туралы сұрады.

Ал Лессинг одан жер жағдайы мен тұрғындарды білу үшін, олардың арасында өзін қалай ұстау керек екендігін сұрады.

«Сымбатты, білімді адам, — деп ойлады өз лашығының алдында жалғыз қалған Юрига, — әскери қызметте болғаны бірден көзге түседі. Оның үстіне ақылды адамға ұқсайтын көрінеді. Өзінің жастығына қарамастан, ол өзі үшін бәрін жоғалтқан сияқты, дүниеге мұңды қарайтын тәрізді. Бірақ Палко қайда? Ол, әсіресе итке

өте қуанар еді. Шынында да ол қайда екен? Бала қайда жоғалған?»

Иә, Палко қайда еді? Ол ертеңгісін ерте саңырауқұлақ жинауға шығып, едәуір алысқа ұзап кетті, өйткені мамырда саңырауқұлақтарды көгалдардан табуға болатын еді. Ол өз қалтасын жақсы саңырауқұлақтармен толтырып, үйге қайтуға жиналды. Бірақ осы жерде ол мынаны ойға түсірді:

«Бүгін жексенбі ғой және үйде мен үшін ешқандай жұмыс жоқ. Ал егер барып қарасам, мені үнемі қызықтыратын анау үлкен құз шоқысының арғы жағында не бар екен? Не бар, онда?»

Ол әлі кішкентай кезінде шешесі Анна тірі болатын, ол оған көптеген ертегілер айтып беретін. Ол ертегілердің біреуі оған айрықша ұнады, сондықтан Палко сол ертегіні өзіне тағы да айтып беруді үнемі сұрайтын. Сол ертегіде, бір бала — жоғалып кеткен корольдің ұлы жайлы айтылған еді. Сол бала өзінің жоғалып кеткен әкесін бар әлемнен іздеуге аттанады. Ол бірде үлкен құзы бар тауға келеді. Сол жерде оған алтын құс ұшып келіп, оған биік құзға көтерілуі керек екенін, сол жерде «күн елі» бар, ол елдің королі баланың әкесі екенін айтады. Бала бұған құлақ салды, бірақ жолында ол әртүрлі кедергілерді: әуелі ғаламат айдаһарды, содан соң арыстанды, аю мен басқа да көптеген аңдарды кездестіреді. Олар оны пәршелеп тастауға сәл қалғанда, ең соңғы минутта оған көмекке жүйрік атқа мінген батыр келді. Ол барлық аңдарды жеңіп, кішкентай ханзаданы азат етеді, сөйтіп, оны атының алдына отырғызып, король сарайына әкеледі. Әлгі батыр оның әкесі екен.

Бірде кішкентай Палко мектепке ұстазынан ол елді, картадан ешбір жерде таба алмағандықтан, күн елінің қайда екенін сұрады. Мұғалім жымыып:

— Балам менің, ол ел тек ертегі патшалығында, ондай ел картада жоқ, — деді.

Палконың кейде сол ертегі еліне барғысы келіп

кететін. Ал егер сол ел ертеңгісін үнемі тұманға оранып тұратын сол құздың арғы жағында болып шықса ше? Егер сол бір кездегі Күл қыздай: «Тұман менің артымда, тұман менің алдымда», — деп айтса ше, — онда сол бір ертегі елі ашылар ма еді, немесе оның кішкене бөлігі болсын, күн елі болуы мүмкін ғой.

Таңертең қайнардан су алып жатып, ол жиі-жиі сол құз жаққа қарап, сонда баруды армандайтын.

— Бүгін менің уақытым бар, қазір барамын. — Ол кейіннен тез табу үшін, саңырауқұлақ салынған қапшығын белгілі бір жерге тықты да, жырамен тауға көтеріле бастады. «Ол, шамасы, осы жерде болуы керек, — деп ойлады баланың тағаты таусылып. — Күн ешқашан да батпайтын, түн болмайтын ол елде өте жылы болуы тиісті. Бәлкім, маған сондықтан да ыстық шығар».

Ақыр аяғында, сол құздың соңғы шоқысына көтерілген кезде алдынан көктемгі күн сәулесі нұрын төккен, шағын, жан-жағын тау қоршаған аңғарды көрді.

Ол тұрған құз тіп-тік дерлік еді. Төменде гүл егіп тастаған орасан зор жасыл түкті кілемге ұқсаған тамаша шалғын бар екен. Құздан төмен қарай күміс лента сияқты бұралаңдап, жылға сылдырай ағып жатыр. Айналасында ырғай бұталары жап-жасыл болып тұр, әрі жабайы раушан гүлдері де көрінді.

Бірақ бұл жер де ол жорамалдағандай, мүлде тыныш емес екен. Қараторғайлар бар мәнеріне салып сайрауда, ал басқа құстар оларға өздерінің әр түрлі шырылымен жауап беруде. Бір жерде тоқылдақ соғып жатыр, ал шағындау шыршада ұзын құйрықты екі тиын секіріп жүр. Бұл жерде өмір салтанат құруда!

«Бұл, шамасы, күн елінің бір бұрышы болар,» — деп ойлады бала.

Бірақ мынау не? Құздағы қайнарға жақын жерде есікке ұқсайтын жарық көрінді. Ал егер сол жарықтан түссе қайтер еді? Құздың сызатынан онда күн сәулесі еніп тұр. Бұл үңгірдің іші лашыққа ұқсайды. Ортасында

тас стол және орындықтар бар екен. Қабырғаны өрмекшінің өрмектері жауып кеткен.

«Бұл жерде тіпті тұруға да болады екен, — деп ойлады Палко. — Мүмкін бұл жерде біреу-міреу тұратын шығар?...»

Ол сол жерге қорқасоқтап кірді. Бірақ тас столдағы мынау не? Қандай бір кітап екен. Бала кітапты ашып, біреудің қолымен бірінші бетке жазылған жазуды қарай бастады: «Сен кім болсаң да, бірақ осында кіріп, мына қасиетті кітапты қолыңа алатын болсаң, онда ыждағаттана зейініңді салып, жолма-жол оқып шық. Ол саған осы бір аянышты аңғардан түн енді болмайтын, күн ешуақытта батпайтын, бірақ мәңгілік нұр мен мәңгілік бақыт болатын нұрлы елге жол көрсетеді».

Бала аң-таң болды. Демек, ол қателеспеген екен! Осы бір кішкене, қара түсті, құпия кітапша оған күн еліне баратын жолды нұсқады. Демек, ешбір картада белгіленбесе де, бұл ел бір жерде бар болуы керек. Бала орындыққа отырып, қолымен жағын таяп, оқи бастады. Ол алғашқы бетті онда тек бірыңғай адам аттары болғандықтан қуана тастап кетер еді, бірақ шартында — «жолма-жол» оқып шығу керек, — деп айтылған ғой.

Бұл, шамасы, күн елінде тұратын адамдардың аттары болса керек. Бірақ қандай таңқаларлық аттар! Шамасы, елі қандай болса, аттары да сондай болуы керек. Содан соң екі таныс есім аталады. Жүсіп пен Мариам және тағы бір әсем ат: Еммануил, демек «Құдай бізбен бірге». Бұл, шамасы, қандай бір әулие болса керек — Құдай онымен бір болса, бала жан-жағына қауіптен қарады. Аяғында бір бала туылғаны және Оған Иса, — деп ат берілгендігі жазылған. Иса-қандай ғажайып есім, Еммануил дегеннен де әдемірек! Ол бұрын да кейде: «Иса Мәсіхтің даңқы арта берсін! — деген сәлемдесуді естіп қалатын. Ал егер біреу-міреу қорықса, онда әдетте: «Иса, Мариам, Жүсіп!» — дейтін. Олар осы жазудағы аталған есімдер ме, екен? Бұған ол еш жерден жауап

тапқан жоқ. «Тәңірім, көмектес!» — бұл сөзді ол ауыр бірдеңе көтеруге тура келгенде атасынан жиі-жиі еститін. Палко одан әрі оқи бастады.

Бұдан әрі жазылғанды ол енді жақсы түсінді: Иса нәресте Вифлеемде туған кезде күн елінде патша Ирод деген біреу болды. Осы патшаға даналар келді — олар, қандай бір сиқыршы, көз бояушылар болса керек — олардың Исаны көргісі келді. Бірақ олардың шығыстан көрген жұлдызы қандай жұлдыз екен? Енді олар нәрестені көргісі келді, бірақ Оны оларға ешкім де көрсете алмады; сонда оларды Вифлеемге жіберген еді, сөйтіп, жұлдыз оларға жол көрсетті. Жұлдыз көкте олардың алдында жүрді, ал олар оның соңынан еріп отырды. Кенет жұлдыз біреудің үйінің үстінде тоқтай қалды, сонда олар Нәресте мен Оның анасы Марйамды тапты. Бұл, шамасы, қандай да бір ханзада болса керек, өйткені бай данышпандар Оның алдында тізерлей құлап, Оған сыйлықтар, — алтын, хош иісті май және смирна алып келді. Одан соң олар басқа жолмен өз еліне оралды. Оларға Құдай осылай бұйырған еді.

— Иә, бұл не деген керемет! — деп үн қатты бала, қуаныштан алақандарын соғып қалып. — Бұл Ирод, шамасы, қандай болмасын бір айдаһар шығар, сөйтіп, оның жаңа туған Нәрестені жеп қойғысы келген болуы керек. Бірақ, түнде періште келіп, қауіпті алдың ала ескертіп, сонан соң олардың бәрі — Жүсіп, Мариам және Иса қашып кетті. Жүсіп, шамасы, батыр болса керек. Олардың алыс жолды жүруіне тура келді. Бірақ дегенмен де, сол қаскүнем айдаһардың барлық нәрестелерді өлтіруге бұйырғаны не деген сұмдық. Алайда айдаһардың, ақыр аяғында, өлгені және Жүсіптің Нәрестесімен бірге күн еліне қайтадан оралғаны жақсы болды. Содан соң олар Назарет қаласында қоныстанып, өмір сүрді.

«О, бұл «күн елі» туралы бүгін нені білдім десейші! — деп ойлады бала. — Жарайды, енді үйге қайтатын уақыт болды, әйтпесе атам әбігерленіп, мені іздей бастар. Шат-

қалға дейін алыс емес қой, мен күн сайын мұнда келіп тұрармын. Егер жұмыс күндері келе алмасам, реті келсе жексенбі күндері келермін. Қалай болса да, сол бір гажайып ханзадаға не болғанын және сол күн еліне жолды қалай табатынымды білгім келеді».

НАҒЫЗ «КҮН ЕЛІНЕ» БАРАТЫН ЖОЛДА.

Адамдар бір-біріне тез үйренеді. Мартин Лессинг, Павел Юриганың баспанасында бір ай ғана тұрды, бірақ оларға, өздері ұзақ уақыт бойы бірге тұрып келе жатқандай көрінді. Павел — Палко итке қуанатын шығар, — деп ойлап, қателескен жоқ еді. Олар бір-біріне өте үйір болды. Палконың кішкентай етігінің ізі қайда болса, сол жерден иттің де ізі көрінетін.

Лессинг Юриганың лашығында тұрғаннан бері шал шарапханаға баруын тоқтатты. Лессинг болса, мүлде ішпейтін және шылым тартпайтын еді.

— Мен бірде, мас күйімде, ешуақытта да ұмытпайтын сұмдық қылмыс жасадым, — деді Лессинг, оған алғаш рет ішіп жіберуге ұсыныс жасағанда. — Сіз де ішімдікке салынуды тастасаңыз, тамаша болар еді. Ал ішімдіктен үнемдегенімізге, біз әр күні сүт, ал жексенбіде ет те ала аламыз.

Бұл ұсыныс Юриганың жанына жағып кетті. Етке ол айрықша назар аударған жоқ, бірақ сүтті өте ұнататын, тек бұған онда жиі-жиі ақша қалмайтын. Енді ол күн сайын жаңа сүт ішіп тұрды. Тек, ол ескі трубкасымен қоштаса алмай жүрді, Лессинг оған темекі әкелетін. Олар әкесі мен баласы сияқты қатар ұйықтайтын. Ал Палко болса, лашықтың бір бұрышында Дунаймен бірге ұйықтайтын.

Юрига тек бір нәрсеге таң қалатын: барлығымен де ақжарқын Лессинг, баланы, қолынан келгенше, оған

қызмет көрсетуге тырысқанымен, мүлде дерлік байқамайтын.

Павел қарт Палконың соңғы кезде тұнжырап жүретініне назар аударған жоқ. Бала сүтке баратын кезде зор қуанышқа кенелетін, одан ол едәуір кеш және енгігіп келетін. Егер Юриганың жолдасы болмаса, оның бұған назары түскен болар еді, бірақ қазір оның уақыты жоқ. Үш жексенбі қатарынан екеуі шіркеуге баратын, және ол жақтан кешке ғана келетін. Сүт бұл кезде дастарханда тұрды. Бүкіл, күні бойы бала не істеді, бұл жайында ешкім де оны сұрамады.

Баланың алғашқы балалық құпиясы оған қаншалық үлкен іс болып көрінді десеңші! Оның өзі де осы бір ғажайып олжа туралы неліктен үнсіз жүргенін түсіндіре алмас еді.

Кейбір ертегілерде — адамдар сол ертегі жайында әңгімелей бастаса болды, — дереу бәрі жойылып кетті, — деп айтылатын. Егер ол күн елінің бір бұрышын, сол құпия шатқал мен қасиетті кітапты ашқанын, және өзінің күн сайын, ал жексенбіде таңертеңнен кешке дейін, күн еліне жол табу үшін, сол жерде кітапты жолма-жол оқып жүргенін біреу-міреуге айтса, кім біледі, сол шатқал жойылып кетер ме еді! Онда ол өзіне керектіні ешуақытта біле алмайды ғой. Сондықтан да ол жексенбіде — қой бүлдіргенін аз тердің, — деп өзіне ұрысса да, үндемейтін. Ал ол бәрін білген кезде, сонда атасына бәрін айтып береді, содан соң Иса тұратын сол бір мәңгілік нұрлы өлкеге бірге кетеді.

Палко неғұрлым көп оқыған сайын, ол соғұрлым сол бір ертегі елі жайында өзі ойланатын болды. Ол өзі де сезінбестен, Иса жайында көбірек және көбірек білу үшін үңгірге аттанды. О, бұл — Иса! Ол қандай ізгі және Оның күші қандай десеңші! Ол тек істегісі келгенінің бәрін істей алар еді. Бұл, шамасы, Оның Құдай Ұлы болғандығынан шығар.

Палко Иорданда не болғанын, болар болмас нәр та-

тып (шегірткемен), жабайы балмен қоректенген бұл ғажап адам Жоханның Исаға не істегенін түсінген жоқ. Бірақ Палко көктен дауыс естігенін түсінді. Жарайды, көкте Құдай тұрады, ал Ол — Исаны Өзінің баласы, Оны барлық адамдар тыңдау керек, — деген еді.

«Бірақ бұл қалай болған?» — деп пайымдады ол. — Әлде, Жүсіп Оның әкесі емес пе? Иә, енді мен де білемін: Юрига атай да менің нағыз атам емес қой. Ол тек мені тәрбиелеп жүр, ал адамдар мені — оның немересі, — деп ойлайды».

«Оның халықты неге үйреткенін білген кезімде, Оның айтқанына сай әрекет етіп, Оны көрмесем де, Оның айтқанын тыңдаймын. О, ібілісті қуып, Өзін күнәға батыруға жол бермеген Ол қандай құдіретті еді! Оның Өзіне сол балықшыларды шақырып, барлық ауруларды сауықтыра алғаны жақсы-ақ. Сөйтіп, адамдар Одан сұрағанның бәрін Ол істеді; тіпті бес мың адамды тамақтандыру үшін соншама нан берді. Осының бәрі қандай қызық! Бірақ бұдан әрі не болады?» — деп ойлады ол Исаның жауларының Оған ашуланған жерін оқығанда.

Осынау қасиетті кітаптан көп нәрсені білді ол! Тіпті ол түнде де ұйықтай алмады. Күндіз оқығанының бәрі оның көз алдында тұрды: сол бір қорқынышты түн, мұңды Иса жүрген бақ, Оның сиынып, күрескендігі сондай, тіпті маңдайынан қанды тер шықты.

Ал сол шәкірттер ше? Бұл кезде олар қалай ұйықтай алды екен?

«Мен сол жерде болсам, мен Оны құшып: Қорықпа, Сені Құдай құтқарады! — деп айтар едім». Бірақ о, қасірет! Құдай Оны азат еткен жоқ? Олар келді де, Оны байлап алды, ал одан соң... — Оны қалай ұрып соққаны, Оны қалай балағаттағаны және ақыр аяғында, Оны айқыш ағашқа қалай кергені туралы тұстарды оқуды бала көз жасына малына әрең жалғастырды. — Ал мен мұны мүлде білмейтін едім, керілген сол Иса — шіркеудегі Иса Тәңірдің Өзі екен ғой деп едім. Рас, бұл Ол емес, тек

ағаштан ойылған бейне. Дегенмен, аз да болса, олардың Оны айқыш ағашқа қалай кергенін білдім. Бірақ Ол: «Тәңірім менің, неліктен сен мені тастап кеттің?»... — деп шақырғанда Құдай неге Оны құтқарған жоқ».

Палко кітапты жауып, терең ойланған күйінде қайтты. Күн әлі де едәуір биік еді. Тауда сондай тамаша, бәрі жап-жасыл және шешек атқан. Иті Дунай құстар мен тиындардың соңынан қуып, айналада қуана секіріп жүр. Бірақ баланы ештеңе де қуандырған жоқ.

«Егер Иса өліп, жерленген болса, бұл гүлдер неліктен шешек атып, құстар шырқайды?» — деп ойлады терең қайғыға берілген ол. — Сөйтіп, егер Ол енді өмір сүрмейтін болса, онда мен Оны бұдан былай көрмеймін және Оны қалай сүйетінімді әрі барлық жағынан Оны тыңдағым келетінімді ешқашан да айта алмаймын!...»

Келесі күні Үңгірге оқуға мүлде барған жоқ. Бірақ одан соң «күн еліне» баратын жолды білу үшін бұл кітапты жолма-жол оқу керек екенін есіне түсірді. Ол осыны білгісі келді ғой. Оның үстіне Иса енді жоқ болған кезде Мариам мен шәкірттердің не істегендерін білу де қызықты болды.

Юриганың Лессингпен бірге селоға барып жүргеніне үшінші апта болған еді. Осы кезде қолына сүйеніп, кішкентай оқырман үңгірде отырды. Кенет ол қарғып тұрып, қуаныштан секіре бастады.

— Ол тірі! Ол тірі! — деп үн қатты Палко. Таудағы жаңғырық та: — Ол тірі! Ол тірі! — деп онымен бірге масаттана шаттанды.

— Әрқашан оның қуанышы мен қайғысын бөлуге дайын ит құйрығын бұлғаңдатып, өз қожасының төңірегінде қуана секіріп жүр.

— Дунай, Иса тірі! — деп үн қатты бала. — Сен білесің бе, Ол — Құдай Ұлы екен ғой! Ол табытты жауып тастаған тасты аударып тастап, өліден тіріліп кетті! Енді маған тыныштық бер де, дұрысы, осы жерде, менің аяғымның астында жат. Бұдан әрі не болғанын менің

білуім керек. Ал одан соң саған айтып беремін! Ит айтқанын істеді.

Палко тағы да орындыққа отырып, кітапты оқуға кірісті. Ит өзінің сабалақ басын баланың тізесіне салып, шынында да Иса жайында одан әрі көбірек білгісі келгендей, ақылды пішінмен оның көзіне қарады.

Олар шамамен бір сағаттан кейін құпия үңгірден шығып кеткен кезде, Палконың ойға батқаны сондай, Дунайдың барлығын мүлде байқаған жоқ.

«Шәкірттері Исаның алдында тізесімен жүгінді, сол кезде Ол заман аяқталғанға дейін олармен бірге болатынын және Оған көк пен жердегі бүкіл биліктің берілгендігін, сондықтан шәкірттері — Өзі оларға өсиет еткеннің бәрін адамдарға үйретулері керек екендігін айтты».

Балаға өлден тірілген тірі Иса өзімен бірге жүргенге ұқсап көрінді. Ол өз қолдарын кеудесіне қойып, басын төмен еңкейтіп былай деді: «О, Иса, Құдайдың Ұлы, мен Сені көре алмағанмен, Сен мені көріп тұрған шығарсың. О, мен Саған Өзіңді, тіпті атамнан бетер сүйетінімді, менің барлық жағынан тыңдағым келетінімді айтып берер едім! Маған Өзіңе жол табуға көмектес!

Палко бүгін әдеттегісінен ерте оралды. Ол қой бұлдіргендерін әкеліп, от жағып, атасына сорпа пісіре бастады. Ол бүгін бірнеше шала піскен жидектен басқа ештеңе жемегенін де ұмытып кетті. Бірақ соған қарамастан, оның жан дүниесі адам айтқысыз қуанышқа кенелді. Оған Исаның Өзі бұлардың лашығына келіп, енді олар Онымен жақсы достарға айналғандарындай көрінді.

— Көріп тұрсың ба, енді мен өз атама тамақ пісіріп жатырмын, — деп бала өзінің Көрінбейтін Досымен достарша сөйлесті. — Енді мен суға баруым керек. О, мархабат, осында қала бер! Мен келгенше кетіп қалма. Мен Сені өте, өте жақсы көремін!

Бірақ балаға, Иса да қайнарға онымен бірге жүргенге ұқсап көрінді. — О, бұл неткен ғажап!»

Көп кешікпей бәрі дайын болды да, бала атасының келуін шыдамсыздана күтті. Біріншіден, оның өзінің қарны ашты, екіншіден, бұл жайында оған айтып беруді ұйғарды, өйткені атасы Иса Тәңірге ұнамайтындай көп істер істеді. Ол темекі тартқан кезде, әдетте түкіріп отыратын, ал бұл болса, сондай жағымсыз. Кей-кейде ол балағаттап, бейпіл сөздер айтатын, ал мұның бәрі Исаға ұнамайды ғой.

Ақыр соңында атасы да келді. Ол сәл ішіңкіреген екен, сөйтіп дүниедегінің бәрін балағаттауда. Сорпаны да ішкісі келмеді. Сол күйінде жаңа костюмімен төсегіне құлады. Бұлай ол өзінің тәуір киімін тоздырады, — деп Палко жасқаншақтап ескерткенде атасы бұрылып, оны соғып жіберді, сөйтіп, оның беті қызарып, көпке дейін ауырды.

— Оның жаман, балағат сөздер айтқанына ашуланба Иса Тәңірім, — деп жалбарынды бала. — Өйткені ол Сенің мұнда екеніңді білмейді, — ол мас қой.

Тек Юрига ұйқыға шомғанда баланың жартылай суыған сорпаны ішуге батылы жетті. Ол тұз салуды ұмытып кеткенімен, сорпа оған өте дәмді болып көрінді.

— О, қайтып келші, қымбатты Иса! — деп жалбарынды тағы да қалғып бара жатып ол. — Мен сондай шаршадым, менің өте ұйқым келді. Егер мүлде кетпесең, жақсы болар еді.

ЮРИГА АТАЙ

Келесі күні қартайған Юрига едәуір кеш оянды. Оның басы соншалық зілдей әрі мең-зең, ал жаны айтып жеткізгісіз жабырқады. Ұйқысын ашқан ол, Палконы бір қолымен Дунайды мойнынан құшақтап, от жанында отырғанын көрді. Баланың сарғыш шаштары иттің сабақ басын жауып тұр. Олардың екеуі де маздап жанған отқа қарап қалған.

Бұл жан тебіренерлік көрініс еді, оны байқап тұрған

шалдың жүрегі шымырлап кетті. Кенет ол кешегіні, өзінің Палконы бостан-босқа ұрғанын есіне түсірді.

«Бұл бала ешқандай жаманшылық ойлаған жоқ еді ғой. О, неге мен іштім екен? Мен шамалы ғана ішкен сияқтымын, бірақ осыдан мас болып қалыппын. Бүгін Лессингтің жоқ болғаны қандай жақсы. Егер ол кеше мені жалғыз тастап кетпесе, мен шіркеуден бірден үйге қайтқан болар едім. Бірақ, ол мені үгіттегеннен кейін, мен олармен бірге кеттім».

Павел қарт өзін мүлде ыңғайсыз сезініп, өзінің ақшыл тартқан басын сипап қойды. Бүгін ол баламен сөйлеспесе, қуанар еді. Енді баланы ішіп алып соғып жібергені оған ұят болды. Бұған Рацга не айтар екен?

Алайда бірдеңе айту керек. Күшін жинап, ол қатты дауыспен:

— Палко, менің қалтамды қарашы; сондағы түйіншектен табылғанды өзің аларсың. Мен кеше шоқындыру ырымында болып едім, маған оны сонда берген еді.

Бала қуана секіріп тұрып, атасына қайырлы таң тілегін айтты да, тезірек түйіншекті шешті. О, не деген ғажап: екі үзбе самса, бір бөлек көржік пен бір бөлке нан.

— Осының бәрін маған бергіңіз келіп тұр ма, ата? — деп таңқалды Палко, сөйтіп үлкен қуанышпен тәтті дәмнен жей бастады.

— Бары осы, балам менің. Бұл менің кеше сәл ішіп келіп, сені соққаным үшін. Осы оңбаған арақ адамды ақымақ және қатал етеді. Менің мүлде ішкім келген жоқ еді, бірақ үй қожасы мен қонақтар соншалық өтінген соң не істерсің!

Білесің бе, ата, — деді бала жай ғана, — сіздің мені ұрғаныңыз бұл онша жаман емес; бірақ сіз соншалық балағаттағанда Иса Тәңір бізден кетіп қала ма, — деп мен жалғыз осыдан ғана қорықтым. Ол мас адамдар жүрген жерде қалуға келісер ме екен, осыны білмеймін.

Таңқалып, аңырған қарт балаға қарап қалды. Ол кімді айтып тұр екен?

— Сен Лессингті айтып тұрсың ба? Ол үйде жоқ қой,

ол бүкіл апта бойында да келмейді. Рас, ол мас адамдарды да, шуды да жақтырмайды.

Юрига жуынып, ертеңгі асқа отырды.

— Жоқ, мен Мартин ағайды айтып тұрған жоқпын, — деп бастады тағы да Палко. — Сіз күн ешқашан да батпайтын елге баратын жол сипатталған сол бір қасиетті кітапты шынымен-ақ оқыған жоқсыз ба?

— Жоқ, балам, ондай кітапты оқыған емеспін. Ал ондай кітап бар, — деп саған кім айтты?

— Мен ондай кітаптың бар екенін білемін, — деп Палко басын құпия изеп қойды. — Одан Иса туралы бәрін білуге болады.

Сөйтіп, бала Исаның қалай туғанын, жауыз айдаһардың Оны қалай өлтірмек болғанын және Оның алыс елден келген соң не істегенін оған айта бастады.

— Сен маған Иса Мәсіх жайлы жазылған Інжілді әңгімелеп тұрсың ғой. Сен, қарт адам, маған қарағанда бұл жайында көбірек білетін сияқтысың. Ал сен бұған қалайша келдің?

Палко атасына бәрін мүлде қайтадан айтуға ыңғайланып еді, бірақ сол жерде отыншы Лишка келіп қалып, балаға үндемеуге тура келді. Юрига Лишкамен бірге орманға кетті, ол жерден орманшы оған ағаш кесетін жаңа жерді көрсетпек болды. Олар көп ұзап үлгермей-ақ, соңдарынан Палко қуып жетті.

— Саған не керек, бала? — деп сұрады Юрига.

Оған өзінің ашық, көгілдір көздерімен қараған Палко жалбарынып былай деді:

— О, бүгін шарапханаға ішуге бармаңыздаршы. Егер сіз тағы ішіп, балағат сөздер айтатын болсаңыз, Иса енді қайтып келмейді және бізде тұрмайды, — деп мен қатты қорқып тұрмын.

— Жетер, мені жайыма қалдыр, — деп тұнжырай үн қатты Юрига.

Бірақ Палко атасының енді ішпейтінін білген еді, әрі қателеспеген екен.

Сөйтіп, бірнеше күн елеусіз өте шықты, Палко да өзінің қазынасын қалай тапқанын атасына әңгімелеп беруге әлі үлгермей жүр. Күндіз атасы Лишкомен бірге орманға отын кесуге кетеді, ал кешкісін шаршап келетіні соншалық, кешкі тамақтан соң дереу ұйықтауға жатады. Лессинг сенбіде келді, балаға оның түрі өте жабырқаңқы көрінді. Ол оған қуана барып, оның қайғысы жөнінде сұрар еді. Өлген Иса жайында өзі қайғы шеккеннен бері, ол қайғының да бар екенін білетін. Бірақ Лессинг оған мүлде назар аудармаған сияқты болғандықтан, оның одан сұрауға батылы жетпеді.

ДІН ҚЫЗМЕТКЕРІ МАЛИНА

Бұл аптада баланың күн еліне баруы үшін уақыты өте аз болды. Атасы католик дін қызметкері мен бір саудагерге — баласы күн сайын олардың екеуінің үйіне де, қой бүлдіргені мен саңырауқұлақ әкеліп тұрады, — деп уәдесін берген еді. Сондықтан енді екі құмыра жинап, тиісті жерге апарып беру үшін жұмыс көп болды.

Дін қызметкерінің үйінде қонақтар бар еді. Мұнда оның туған қарындасы күйеуімен және балаларымен келген болатын. Бала әр келген сайын сыйлыққа ет немесе самсамен бірге, бір бөлек нан алатын, ал бірде түскі ас кезінде, тіпті оны бұрын-соңды жеп көрмеген соншалық дәмді түстікпен сыйлады. Үй қызметші әйел оның бір бөлек етті атасы үшін алып қалатынын білгенде, оған тағы да үстеме берді. Ал Дунайдың өзі тиісті сүйек пен басқа да қалдықтарды тоя жегені соншалық, жүгіруге мұршасы әрең келді. Юрига баланың ол жөнінде ескертініне өте қуанды.

— Сен, Палко, маған сенуіңе болады: мен сені ұмытпаймын, — деді атасы бала жидектен алған ақшаны беріп жатқанда. — Осының бәрін сен үшін сақтаймын. Тек

уақыты туып тұрғанда жақсы жидектерді жина. Қыс келген соң аяқ киім қажет, сондықтан саған пима мен етік сатып аламын.

Палко жидекті ынтасын салып, ыждағаттана жинады, соған орай, оның тұрмысы да жақсы болды. Алайда ол қасиетті кітапты жиірек оқу үшін қандай болмасын тәттіден бас тартқан болар еді. О, сол бір үңгір соншалық неге қашық!? Егер сол кітап үйде болса, оны оқып шығу үшін ол әрқашан уақыт табар еді, бәлкім. Бірақ ол кітапты өзіне алуға батылдығы жетпеді, өйткені ол оныкі емес қой.

Палко жексенбінің келгеніне өте қуанып қалды. Сенбиде ол жидегі айрықша көп жерді тапқан еді, сондықтан таң атысымен Дунай екеуі сол жаққа қарай жүгірді. Ит — қояндар мен кесерткелерді қуып жүрді, Палко болса, осы кезде жидек жинады. Сөйтіп жүріп, ол ойға батты: «Неліктен ол кітапта одан әрі солай қайталанған. Бәлкім, адамдар назар аударсын деген шығар. Бірақ онда жаңа нақылдар бар ғой, мысалы әлсіреген адам туралы; олар оны Иса сауықтырсын, — деп шатыр арқылы Оның аяғының қасына түсірді ғой. Ал халыққа Иса оның күнәсін кешіргені ұнаған жоқ. Күнә деген не? Кеше дін қызметкері бөтен бақтан алма ұрлаған — күнә, — деп өз жиеніне түсіндіріп жатты. Бәлкім, ол ауру да бір кезде алма ұрлап, шамасы, сол кезде құлап, жарақаттанған шығар; сондықтан ол ауру болған ғой. Бірақ Иса неліктен тоналған адамды кешірмей, нақ соны кешірді? Ал егер, жаман бірдеңе істесем, Иса мені де кешірер ме еді? Бірақ кітапта — күнәні кешіру үшін жер бетіндегі билік Оған берілген, — деп жазылған ғой».

Бала бір сәтке тоқтап, қолын қусырып, көзін көкке қадап, былай деді: «О, Иса! Мен жиі-жиі күнәға батқанымды түсінемін, бірақ мен Сенен осы уақытқа дейін күнәмді кешіру жөнінде сұраған жоқпын. Күнәні кешіру Сенің билігіңде, болғандықтан, Сен менің де күнәмді кешіруіңді өтінемін... Саған алғыс айтамын, — деп қосып

қойды ол біраз уақыттан кейін. — Мен көптеген жаман іс істегеніммен Сен шынымен-ақ бәрін маған кешірдің! Мен бұрын өзімнің қаншалықты оңбаған және жаман адам екенімді білмедім. Мен Рацга атамның шылым түтігін — ол мені ұрмасын, — деп сындырып қойдым. Ал жас ағайдың шыбыртқысын тығып қойып, тәтейдің жұмыртқаларын ұрлап алдым. Олар бұл қылығым үшін мені қатаң жазалағаны рас, дегенмен де менің осы қылықтарым өте жаман».

«Ал Иса Тәңірімнің: «Ден саулығы жоқтар дәрігерді қажет етеді...» немесе: «Мен діндарларды емес, күнәкарларды тәубеге келтіру үшін келдім», — деген сөздері нені білдіреді. «Тәубеге келу» деген не? Жоханға келген адамдар өз күнәларын мойнына алды, әрі уағыз айта отырып, оларды тастады. Жаман іс істеген кез-келген адам Исаға келіп, бұл жайында Оған әңгімелеп беретін және Иса оны кешіретін. Бәлкім, барлық адамдардың Исаға келіп, Одан кешірім алулары үшін өз күнәларын ашу керек шығар. Иә, осылай болуы керек. Олар осылай етті, ал Иса болса, олардың барлық күнәларын кешірді. Тек мен сияқты ақымақ бала ғана осының бәрін түсінген жоқ. Иса оның барлық күнәсін кешірді ме екен, бүгін атамнан сұрап білемін».

Аз ғана уақыт өтті, ал баланың екі құмырасы да жидекке толды, оның үстіне саңдырауқұлақтан да толық түйіншек жиналды.

— Дунай, кеттік, біздің асығуымыз керек, — деп дауыстап жіберді ол итке. — Құстарды тыныш қалдыр! Кім біледі, оларды қуып, сен де күнәға бататын шығарсың? Ол байғұстар қандай қорқады десеңші! Егер мен солай істесем, бұл сөзсіз күнә болған болар еді; бірақ сен төбетсің ғой, сондықтан бұл сен үшін күнә болып саналмайтын шығар.

Бұл насихатты естіген Дунай өзінің кішкентай әрі көңілді қожайынының алдына түсіп, жүгіріп келе жатты.

Олар орманнан шыққан кезде Лишка қуып жетті. Таудың етегінде ауыл бар болатын.

— Таң атпастан сен қайда асығып бара жатырсың.

— Ағай, мен дін қызметкерінің үйіне жидек апара жатырмын.

— Мен сенің еңбекқор балақай екеніңді көріп тұрмын. Шамасы, кешікпей-ақ етікке пұл табарсың, бәлкім?

— Ал ағай, сіз қайда барасыз?

— Мен бе? Мен шіркеуге ораза тұту жоралғысына тәубеге келуге барамын. Мен көптен бері мұны істеген жоқ едім, бірақ адам анда-санда өз күнәлары үшін тәубеге келіп отыруы тиісті ғой.

— Иә, бұл дұрыс! — деп жауап берді бала көздері ұшқындап. — Демек, сіз өз күнәларыңыздан енді арылады екенсіз ғой! Оның үстіне сіз өз күнәларыңызды Исаға айтқансыз және Ол сол бір әлсіреген жанға ұқсап, сізге кешірім берген, рас емес пе?

— Сен не айтып тұрсың, балақан? — деп сұрады одан таңқалған Лишка. — Мен саған енді тәубеге келуге, ораза тұту жоралғысына барамын, — деп едім ғой!

— Ал ораза жоралғысы, — деген не? — деп сұрады Палко әуестеніп.

— Мен шіркеуге барамын, сол жерде дін қызметкеріне өз күнәларымды уағыздап, одан кешірім аламын.

— Дін қызметкерінен бе? Ал оның бұған құқы бар ма?

— Сен қызық баласың. Оның бұған құқы бар ма, жоқ па, мен қайдан білейін. Мен бұл жөнінде сұрап тұрған жоқпын. Мен күнәкар адаммын, сондықтан да жылына екі немесе үш рет уағызға баруым керек. Құдай рақымшыл, — деп үміттенеміз.

— Дін қызметкерінің күнәні кешіруге құқы барлығына сіз сенбейсіз бе? Ал сіз шіркеуден қайтқан кезде өзіңіздің күнәңіздің кешірілгенін білесіз бе?

— О, балақан, өз өлімінен бұрын мұны кім біледі дейсің? Бұл жөнінде біз өлген кезде ғана білеміз ғой.

— Білесіз бе, ағай, егер сіз Исаға жүгінетін болсаңыз, Ол, бәлкім, бұзылған шатыр арқылы Оған қарай түскен сол бір әлсіреген адам сияқты, сіздің де күнәңізді кешірер.

— Сен Мәсіх жөнінде ойлап тұрсың ба? Жоқ, қымбаттым, кәдімгі өлуге тиісті, біздер үшін мұндағы жер бетіндегі Құдай дін қызметкері болып табылады. Ол бәрін тәртіпке келтіреді. Ал маған тек соған жүгінуім керек.

— Бір кезде сіздің де дін қызметкеріңізге: «Бұл — Менің сүйікті Ұлым, Оны тыңдаңыздар», — деп Құдай Тәңіріміз айтқан ба?

— Сенің басыңа мұндай ой қайдан келді? — деп таңқалды Лишка. — Мұндай сұрақтармен сен кімді де болса, жолдан адастырарсың!

— Маған ренжімеңіз, ағай, — деді Палко оған өзінің ашық түсті көгілдір көздерін қадап. — Бірақ бүгін мен Тәңірдің Өзі — Исадан менің күнәмді кешіруін сұрадым, сөйтіп, Ол бұл тілегімді орындады. Егер менің қандай бақытты екенімді сіз білсеңіз! Жарайды, сізге бар жақсылықты тілеймін!

Кетіп бара жатқан баланың соңынан біршама уақыт қарап қалған Лишка басын шайқады. «Қалай? Мәсіхтің Өзі оның күнәсін кешірген бе? Оның қандай күнәсі бар? Ол барлық жағынан да жақсы балақай ғой. О, егер мен де дәл осындай сеніммен айта алсам! Түсінікті, Құдай маған көп нәрсені кешіруге тиісті, мен Оған бірақ жиі-жиі тіл тигіздім ғой. Бірақ адам бұл жөнінде қалай анық біледі екен? Біз тәубеге келуге барамыз, өйткені біздің ата-бабаларымыз да солай еткен, жалпы алғанда, адамға солай ету де керек. Бірақ, мына бала дін қызметкердің күнәні кешіруге құқы бар ма? — деп сұрады. Өйткені мезбақтан дін қызметкері: «Мен, Құдайдың міндеттелген қызметшісі, өзімнің қасиетті қызметімді атқару үстінде сіздерге күнәларыңыздың кешірілгенін хабарлаймын», — деп мәлімдейді ғой. Бұған оның, дегенмен шіркеуден болса да осылай айтуға құқы болуы тиіс. Бірақ осылай бұрыннан болып келген ғой және бола береді де. Менің осы бір қызық балақанда шаруам қанша?»

Лишка басын көтеріп, шіркеу жаққа жөнелді, онда

мұның өзі сияқты, бұл істен түсінігі аз болып, сондай мақсатпен келгендер жиналып қалған екен.

Бұл кезде Палко дін қызметкерінің үйіне де жетті, бақтың ашық қалған қақпасын көріп, үйге сол жерден бармақ болды. Бұл жол оған неғұрлым қысқа сияқты көрінді, ал ол болса өзіне тапсырылған істі мүмкіндігінше тезірек орындауды маңызды көрді.

Бойлай өскен ағаштардың арасындағы кең жолда ашаң, әлі де жас, бірақ енді шашына ақ кіре бастаған дін қызметкерінің өзі серуендеп жүр екен.

Палко өзіне атасының үйреткеніндей, оның қолын сүйді.

— Демек, бұл бізге әкелмекші болған қой бұлдіргендері ме? — деп сұрады ол ілтипатпен. — Сен, шамасы оны кеше жинаған боларсың?

— Жоқ, жидек мүлде жас, мен мұны бүгін жинадым. Мен күн шықпай-ақ тұрдым.

— Сенен өмірде бірдеңе шығар, ынталы бала екеніңді көріп тұрмын. Жидекті ас үйге апар да айт, сені ертеңгі аспен тамақтандырсын. Мен айтты де. Менің мысығымды тырқыратып, қумауы үшін итіңді осы жерде қалдыр.

О, бүгін баланың жолы болды. Біріншіден, ол көп қой бұлдіргені бар жер тапты; одан соң дін қызметкері оған сондай қайырымдылық жасады, ақыр аяғында, ас үйден бүкіл күн ұзағына жететіндей таңертеңгілік асқа тойды. Тағы оның қапшығына кешегі кешкі астың қалдығы мен бір бөлек нан да салып берді. Сол сияқты олар жидек үшін де, саңырауқұлақ үшін де оған жақсылап ақы төледі.

— Тоқтай тұр, Дунай! — деп жұбатты ол өзінің серігін олар бақ арқылы қайтып келе жатқанда. — Біз тауға жеткенде сен өз сыбағаңды аларсың. Менде саған арналған, ертеңгілік ас бар.

Дунай өз қожасының қапшығын иіскеп қойды, дін қызметкерінің оларды аздап кідірткені оған мүлде ұнаған жоқ.

— Қалай, саған таңертеңгі асты берді ме?

— Иә, иә! Мен сізге өте алғыс айтамын.

— Бірақ олар саған төледі ме? — деп сұрады дін қызметкері жымыып. — Олардың саған қанша бергенін көрсетші? Мен саған осындай аздаған жидек үшін артық беріп қойды ма, — деп қауіптеніп тұрмын.

Бала дін қызметкеріне, шынымен-ақ солай ойлап тұр ма? — деп қорқасоқтай қарады, бірақ оның жүзінен ештеңе ажыратуға болмады.

— Білмеймін, — деді ол жасқана, әрі қысылып.

— Атам маған қанша сұрау керек екенін айтқан еді. Оның ішінде саңырауқұлақ та бар болатын.

— Демек, бұл атаңның ақшасы екен ғой?

— Жоқ, менің ақшам. Ол тек кейіннен пима мен етік алып беру үшін, маған арнап сақтап қояды. Егер мен бұдан да көп таба алатын болсам, онда өзіме жаңа жеиде сатып алар едім. Бірақ бұл үшін өте көп ақша керек қой.

— Түсінікті, — деді дін қызметкері жай ғана. — Бірақ сенің жеидені тезірек алуың үшін мынаны да қосып қой.

Сөйтіп, оның әмиянындағы мыс тиындарға тағы да бірнеше ақ тиындар қосылды.

— Сонымен, сен бізді қой бүлдіргенмен үнемі жабдықтаған соң, мен де сені біздің бақтың жемісімен сыйлағым келеді. — Ол Палкоға бір жұп тәтті алмұрт берді.

Баланың ойында біреуін атасына апару туралы ой дереу жылт етті. Ол дін қызметкеріне сыпайлықпен алғыс айтып, кетпек болып еді, бірақ кідірді де дін қызметкеріне бұрылды.

— Немене, саған тағы не керек еді, балақаным? Мүмкін, сен бірдеңені ұмытып кеткен шығарсың? — деп сұрады дін қызметкері кетіп бара жатқан баланың соңынан ризашылықпен қарап.

— Жоқ, мен сізден тек бірдеңе сұрағым келіп еді. Мен сіздің дін қызметкері екеніңізді, адамдар тәубеге келулері үшін сізге келетіндерін білемін. Сіздің күнәні кешіруге билігіңіздің бар екені рас па?

Дін қызметкері бұл күтпеген сұраққа таңқалған түрде теріс ишара жасады.

— Балақаным, сенің менде тәубеге келгің келіп тұр ма?

— Мен бе, жоқ! — Баланың көзі жайнап кетті. Білесіз бе, мен Иордандағы сол халық сияқты әрекет жасадым: мен бәрін ашып, Исаға тәубеге келдім, сөйтіп, Ол шын мәнінде бәрін кешірді. Мен мұны, олар Оған жүгінсе болды, Иса солардың барлық күнәсін кешіретінін білмейтін адамдар үшін сұрадым. Ал сіз оларды кешіре алар ма едіңіз? Сіздің бұған құқыңыз бар ма? Құдай сізге бір кезде: «Бұл — Менің сүйікті Ұлым, Оны тыңдыңыздар?» — деп айтты ма?

Дін қызметкері өзінің қолын баланың ақ үрпек басына қойып, оның ашық, көгілдір көздеріне әуестене қарады. Ол халықтың және балалардың шынайы досы еді, әрі балаларда халықтың болашағы жатыр, — деп жиі айтатын. Ол осы бір кедей, ауыл баласында тамаша жан мен биік рух мекен ететіндігін сезінді.

— Білесің бе, балам, мұны қайырымды Құдай маған ешқашан да айтқан жоқ. Тек жалғыз Иса Мәсіх қана Құдай Ұлы, сондықтан біз Оны тыңдауға тиістіміз. Ондағыдай бар билік менде жоқ. Мен егер олар көптеген ізгі істер істесе, қайырымды Құдай олардың күнәсін кешіре алады, — деп халыққа айтуға ғана батылданамын.

— Демек, қарапайым адамдар үшін дін қызметкері оларға бәрін тәртіпке келтіретін, солардың Құдайы болып саналмайды ғой?

— Құдайым сақтай гөр, ешқашанда да! Мұндай ақымақтықты саған кім айтты?

— Лишка ағай. Бірақ егер сіз Одан сұрасаңыз, бәлкім, қайырымды Құдай кешіретін шығар, өйткені сіз көптеген қайырымды істер жасап жүрсіз ғой. Сіз маған таңертеңгілік ас бергіздіңіз, оның үстіне, жейде алуға де ақша бердіңіз. Сіз шын мәнінде Құдай мен Иса Мәсіх Тәңірді тыңдайсыз!

— Әне, қоңырау соғып жатыр, сондықтан мен баруым

керек, — деді дін қызметкері тез бұрылып. Ол балаға тағы да басын изеп қойды, Палко мен Дунай болса, тауға тез көтеріле бастады.

«Сіз шын мәнінде Иса Тәңірді тыңдайсыз, — деп естілді дін қызметкерінің жан сарайындағы әлгі үн, ол толық намаз киімімен ризниңада тұрғанда. — О, мен нағыз бала шағымнан сол баланың айтқанын іздеп келемін! Рас, мен жақсы нәрсені әлімше істеп жүрмін, бірақ Саған, о, Құдай Ұлы мойынсұнбай, әрі Сені тыңдамай жүрмін. Менің күнәм кешірілген жоқ, маған тәубеге келу үшін келетіндердің де күнәсінің кешірілмейтінін де, бейбітшілік алмайтынын да білемін. Дегенмен де, шіркеу қызметшісі ретінде мен мұны істеуге тиістімін. Бірақ бұл бала осындай айқын түсінікті, Мәсіхке деген өміршең сенімді қайдан алды екен?»

Ойға батқан ол қолына иман шартты алды. Кітап Матай жазған Інжілден, періште Жүсіпке: «Оған: Иса, — деп ат қой, өйткені Ол Өзінің адамдарын күнәларынан құтқарады», — деп хабарлайтын жерден ашылды. Дін қызметкері сиынушылар оның шығуын күтіп тұрғанын ұмытуға сәл-ақ қалды, өйткені оны әлгі сөздер өте таңтамаша қалдырған еді.

«Күнәдан құтқарылу — менің зарыға күткенімнің нақ өзі, бірақ мен оған қалай жетермін. Бұл құтқарылуды Иса дайындады, бірақ мен Оған қалай келмекпін?»

Дін қызметкері Малина бытыраңқы ойға батып, Құдайға құлшылық ету жоралғысын атқарып жатқан бұл кезде, Палко өз үңгірінде отырып, оқып отырды. Сағат артынан сағат өтуде. Таудың үстін түнерген қара бұлттар тұмшалай түсті. Аспанның бір бөлігі әлі жарық болғанымен, басқа жағында күн күркіреп, найзағай шатырлады. Палконың «күн еліне» әлі де күн жарығы түсіп тұр, сондықтан балақан да оқуын бірқалыпта жалғастыруда. Ол оқыған үстіне оқи түсті.

Тауға баратын жолмен басын төмен еңкейтіп, жалғыз жолаушы жүріп келеді — бұл Лессинг болатын. Ол

жақындап келе жатқан күн күркірі мен жауыннан баспана іздегенімен, маңайдың бәріне назарын аз аударуда. Оның жүзін уайымға шомдырған қайғы бұлты, көкжиекті жауып келе жатқан бұлттан да қараңғырақ еді.

Иә, бұдан көп жыл бұрын да, бүгінгідей күн күркірі болған, сонда ол өзінің енді қалған ізгі өмірімен жөндеуге болмайтындай қылмыс жасаған болатын. Сол бір ой оған өзі соншалық сүйетін сол бір жанды жерлеуді мәлім еткен қоңыраудың алыстағы сыңғыры сияқты көрінді.

Жаңбырдың жекелеген ірі тамшылары күшті нөсердің хабаршысындай еді. Маңайға көз жіберген Лессинг жасырынатын жер іздеді, оның өзінен де гөрі, мерекелік костюмін сақтау қажет болды. Сол жерде ол жиырма қадамдай жердегі жартасты көрді: мүмкін сонда жасырынуға болар. Тез жақындаған ол, үңгірге баратын ауызды ашып тұрған жарықты байқап қалды, ал онда ол жан толқытарлық көріністі көрді: жерде қолымен Дунайды құшақтап, қандай бір кітапты оқуға мүлде берілген Палко жатыр екен.

Баланы ол онша сүймейтін, өйткені оның әрқашанда бір пішіні оның жүрегін өткір қылыш сұққандай сыздатып ауыртатын. Оның бір кезде кішкентай ұлы болған, бірақ, өзінің күнәсінен ол оны жоғалтып алды. Егер ол өзінің сүйікті балақаны туралы көз жасын қанша көлдетсе де, оны енді бәрібір таба алмайды. Жартасқа сүйенген ол балаға еріксізден қарап қалды.

«Менің Мишком да, шамасы, дәл осындай жаста болатын». — Сұмдық күйініштен ол өз бетін күсті қолдарымен жауып алды. Бірақ кейін оны осы балаға бір күш тарта түскендей болды, Ол жақындап барып, кішкентай оқырманды құшағына алғысы келді.

Найзағай шатырлады, оның артынан күшті күн күркірі естіліп, ит ұйқысынан оянып кетті. Ит басын көтерді де, қожасының келгенін сезіп, құйрығын бұлғандата, оны қарсы алуға жүгірді.

— Лессинг ағай! — деп қарғып тұрды, көңілдене үн қатқан Палко. — Сіз мұнда қалай келіп қалдыңыз?

Күн күркіреген кезде кез келген адам басқа біреудің келгеніне қуанады. Палко тіпті өзінің ұялшақтығын ұмытып кетті.

— Мен бұл жерге жаңбырдан тығылу үшін келген едім, ал өзің мұнда не істеп жатырсың? — деді Лессинг балаға алғаш рет сауалмен үн қатып.

— Мен мұны сізге айтып беремін, тек бері жақындаңыз. Сіз бұл жерде жаңбырдан қауіпсіз боласыз. Отырыңыз, міне, мынау менің орындығым, ал мынау столым.

— Бұл бөлмеге мүлде ұқсас екен. Бірақ сен өзіңнің мұнда не істеп жатқаныңды әлі айтқан жоқсың. Атаң болса, сені жидек пен саңырауқұлақ жинап жүр, — деп ойлайды.

— Мен жинап қойғанмын, — деп жауап берді Палко, — мен жидекті апарып беріп, мұнда келуге де үлгердім.

— Ал сен бірдеңе жедің бе?

— О, дін қызметкерінің үйінде біз жақсы ертеңгілік ас іштік. Рас па, Дунай, саған да ұнады ғой?

Ит қуана секіріп, тілімен жаланып, әрі құйрығын көңілдене бұлғандатып қойды.

— Мұныға мен шын сенемін, бірақ ол кезің таңертең еді, ғой, ал қазір сағат төртке жақындап қалды. Сен бұл жерде неғып отырсың, үйге неге қайтпайсың?

— Менің оған уақытым жоқ. Бүгін жексенбі болмағандықтан мен атама керегім жоқ; мен бұл жерге қасиетті кітапты тезірек оқып бітіру үшін келдім. О, найзағай қалай күшті, жарқылдап, күн қатты күркіреді десеңші. Мен бұдан шамалы уақыт бұрын күн күркірінен өте қатты қорқатынмын, бірақ Иса Тәңірімнің үнемі менімен бірге болатынын білгеннен бері мен күн күркірінен мүлде қорықпаймын. Дунай, тыныш! Бұл Құдайдың өзі бізбен әңгімелескенге ұқсайды.

Лессинг баладан көзін ала алмады. «Қандай сүйкімді бала! Мен бұл кезге дейін мұны мүлде білмеппін».

— Сен не оқып жатқаныңды көрсетші? Жаңа Өсиет екен ғой! Оны қайдан таптың? Біздің лашықта ол жоқ сияқты еді ғой?

— Жоқ, егер білгіңіз келсе, мен бәрін басынан бастап айтып берейін.

— Жарайды, айт!

Палко үңгірдің еденіне отырып, өзінің күн елін қалай іздегенін, үңгір мен ондағы қасиетті кітапты қалай тапқанын және енді өзінің осы кітаптан нағыз мәңгілік нұр еліне жол іздеп жүргенін әңгімелей бастады.

Лессинг кітапты ашып, бірінші бетінде жазылған сөздерге ұзақ қарады.

— Ал бүгін сен не оқыдың?

— Мен бүгін көп оқыдым. Мен тағы да олардың Оны қалай азаптағандарын, Оның қалай өлгенін оқып шықтым. Бұдан әрі Оның табыттан тұрып кетуі туралы айтылатын шығар. Марқа жазған, Инжіл деп аталатын бұл кітапты мен бүгіннің өзінде бітіргім келеді.

— Мынау қара бұлттар ашылып, жарық түскен кезде мен саған дауыстап соны оқып берейін, қалғаны шамалы, — деді Лессинг.

Күн бұл сөздерді естіген сияқты болды, өйткені күн сәулесі қара бұлттардың арасынан жарқырай көрінді, бірақ жауын әлі жауып тұрды.

— О, мен қандай қуаныштымын, — деп шаттанды Палко. — Дунай, көріп тұрсың ба, бұдан әрі не болатынын біз білеміз? — деп саған айтқан жоқ па едім? — деді ол итке қарап.

Лессинг жымышып қойды.

— Міне, енді жарық болды. Отыр да, тыңда. Жоқ, дұрысы үңгірдің кіре берісіне отырайық, ол жерден бізге жаңбыр жетпейді.

Лессинг бір жағына, Палко екінші жағына отырды, ал Дунай болса, оның қатысуы дәл осы жерде қажет болғандай олардың аяқтарының арасына жатты. Олардың аяқтарының астында «күн елі» жайылып жатыр, ал

төбелерінде найзағай шатырлайды. Батыста күн шұғыласын төгіп, ал шығыста жеті түсті кемпірқосақ орасан зор қақпаға ұқсап көрінеді. Табиғатты құбылтып жіберген жаңбыр біртіндеп тыныштала бастады. Шалғынның үстінде мың-мыңдаған шық тамшылар жалт-жұлт етті. Лессинг сол бір ғажайып таңертеңгілік туралы, үш діндар әйелдердің Оның денесін майлау үшін Тәңірдің табытына келгенін, бірақ тас аударылып тасталғанын, табытты бос күйінде тапқанын оқыды; сол сәтте олар періштенің аузынан — керілген Ол, Өзі тірі және оларға Галилеяға келеді, — деген қуанышты хабарды естігенін, Ол тірілген Құтқарушының Өз адамдарына, әуелі Мариам Магдалинаға келетінін, сол жерде Ол оны шәкірттеріне мәлім етуге жіберетіні және олардың әйелдің сөзіне нанбағаны туралы оқыды. Одан соң Ол екеуіне келетінін, содан соң Оны көргеніне сенбегені үшін олар бүкіл он бірін кінәлайтінін, содан соң Ол оларға бүкіл дүниені аралап, Інжілді уағыздауға жарлық ететінін... содан соң... содан соң... Лессинг мынаны, балаға соншалық ғажап болып көрінген, — Исаның көкке көтеріліп, Құдайдың оң жағына отырғанын оқыды.

Палко өзінің көздерін аспанға қадады. Ақыр аяғында, ол Исаның қайда кеткенін және Ол тірі болса да, Оның жер бетінде неліктен енді жоқ екенін білді. Ол анау кемпірқосақ қақпасының арғы жағында екен. Сол жерде Аспандағы Әкенің Өзінің даңқты тағы бар, ал Иса болса, Оның оң жағында отыр.

— О, енді мен бәрін білемін, — деді ол шаттанып. — Нағыз күн елі сол қақпалардың арғы жағында, ал бұл жер тек меже, шек сияқты, дұрыс емес пе, ағай?

Лессинг ешқандай жауап қайтармады, бірақ оған баланың сөзі дұрыс сияқты көрінді. Құдай Сөзі оған жат емес еді. Мектепте, сол сияқты конфирмация кезінде де ол үздік оқушылардың бірі болып саналған. Ол Исаның қайда екенін білетін, бірақ бұл жайында ешқашан ойламайтын. Өзін Мәсіх жолын қуушылар деп санайтын

басқа да миллиондаған адамдар сияқты, ол үшін де Иса сондай жат еді; сол адамдар көп білетін болса да, ешқашан, өздерінің бүкіл өмірінде Ол туралы ойламайтын.

— Ах, — деп күрсініп қойды Палко, — осы кітапты мен тезірек оқып шықсам екен! Мен оны жол-жолымен оқып шығуым керек болатындықтан, мұның өзі сондай баяу, ал тағы бір жерін тастап кетуден де қорқамын, өйткені нағыз күн еліне апаратын сол жол туралы кітаптың қай бетінде жазылғанын мен білмеймін.

— Мен жолыңмын, шындығыңмын, өміріңмін, — деп еске түсіріп, дауыстап айтты Лессинг.

— Бұл жөнінде мен де оқығанмын; бірақ Оның мұны қалай түсінетінін білмеймін. Немесе Оның Өзі келіп, менің дұрыс жолды табуым үшін қолымнан жетелеп көрсетер ме екен?

— Сен айтқандай болуы да мүмкін. Бірақ Ол қазір соншалық алыста, соншалық биікте болғандықтан, Оның тірілуі жөнінде біз оқып шықтық қой, бұл қалай болуы мүмкін?

Бала сәл уақыт қорқынышты түрде аспанның ғажайып қақпасына қарап, аңырап тұрып қалы. Олар шын мәнінде соншалық алыста, аспанда соншалық биікте, ал ол болса, жерде, соншалық төменде. Бәрібір, Иса қандай қашық десеңші!...

— Бұған нанбаңыз! — деп үн қатты кенеттен көздері жалт-жұлт етіп. — Ол тек қана онда емес! Өйткені Ол өз шәкірттеріне: «Бұл, мен сіздермен ғасырлар аяқталғанға дейін барлық күндерде біргемін», — деп айтқанын оқыдық қой. Ол сонда, бірақ Ол біздің кез келгенімізбен бірге болады, Ол сондай-ақ, қазіргі сәтте де бізбен бірге!

— Бізбен дейсің бе? Ол қайда? — деп сұрады Лессинг сенімсіздікпен.

— Ой, бұлай айтпаңыз, ағатай, сізден өтінемін, — деді Палко ақырын. — Бұл Оған ұнай ма, мен білмеймін? Сіз Оның оларды дінсіздігі үшін кінәлағанын оқыдыңыз ғой. Ол солай айтты, мен бұған сенемін. Егер гномдардың

королі: «Тұман менің артымда, тұман менің алдымда», — деп бірден көзге көрінбей кеткенде, Иса сондайды жасай алмай ма? О, мен Оған сенемін!

Алыстан күн күркіреп, салтанатты түрде «Аумин», — деп айтқандай болды.

— Жарайды, егер сен қаласаң, кешікпей бәрін білуің үшін мен бұл кітапты ары қарай оқуды жалғастырамын.

— Иә, қымбатты ағай, өтінемін сізден, мархабат, — деп үн қатты Палко көңілдене. Сіздің жақсы және түсінікті оқығаныңыз сондай, мен әрбір сөзді жақсы түсінемін.

Тағы да екі немесе үш сағат өтті, бірақ олар мұны мүлде байқаған жоқ. Ақыр аяғында, Лессинг кітапты қойғанда жауын әлдеқашан өтіп кеткен еді. Палко бір ғажайыптан соң бір ғажайыпты бастан кешірді. Жақия Шоқындырушы мен Исаның тууы туралы, даладағы бақташыларға келген періштелер туралы, олар Нәрестені оттықта қалай тапқандары туралы Лұқа жазған Інжілдің әңгімелері соншама ғажайып деп, ол күткен жоқ еді. Мұның ғажаптығы соншалық, Палко қуаныштан жылауға сәл-ақ қалды. Ал одан соң он екі жасар Иса Құдысқа қалай саяхатқа шыққаны айтылған.

— Бір кезде ол да мен сияқты бала болды, — деп мен ешқашан ойламадым, — деді Лессингке. — Сол кезде, бәлкім, Ол өте елгезек және Оны бәрі де сүйетіндей болса керек.

Сөйтіп, Палко осының бәріне таңдана түсті, Лессингке өзі де бұрын ешуақытта естімеген мүлде жаңа оқиғалар жайында оқып отырғандай көрінді, осының өзінен оның жүрегі тебірене түсті.

— Ал неліктен бұл кітапты сөзсіз осы жерде қалдыруымыз керек? — деп сұрады ол кетерде. Біз оны өзімізбен бірге алып кетіп, әр күні бір бөліктен оқысақ, атаң да тыңдар еді, одан соң біз оны қайтадан осында әкелуімізге болады. Ал жексенбі күндері біз бұны осы жерде-ақ оқи аламыз.

Бұл ұсыныс Палконьң жанына жағып кетті.

— Бұл кітапты өзіммен бірге үйге алып кетуге менің ешуақытта батылдығым жетпес еді, — деді ол жолда келе жатып. — Егер сіз — Иса Тәңірім бұл үшін бізді айыптамайды, — деп ойласаңыз мен онда өте қуаныштымын.

Олар едәуір кештетіп келді, бірақ Палко Лессингпен бірге келгендіктен атасы ештеңе деген жоқ. Палко өзінің кешкі асын ішіп алды, атасына тапқан ақшасын беріп, оны әкелген алмұртымен қуанып, ұйқыға жатты.

Түсінде Палко әсем баланы көрді. Бала бұған қолын бұлғай шақырып: «Менімен бірге жүр, мен сені күн еліне апарайын», — деді. — Ол баланың ізімен биік тауға қарай жүрді. Бірақ Палко тау шыңына жеткен кезде, ол сонда үш айшықты, ал оларға керілген әлгі баланы көрді. Бұл Иса еді. Палконың түсінде қатты еңіреп жібергені соншалық, Лессингке оны оятуға тура келді.

— Сен неге жылап жатырсың, саған не болды?

— О, ағай, Ол шамасы, қатты ауырды ғой, мен мұны, тіпті елестете алмаймын!

Лессинг бұдан әрі сұраған жоқ. — Шамасы, бірдеңе түсіне кірген болуы керек, — деп ойлады өзінше.

— О, менің Исам, менің қымбатты, қайырымды Исам, олар Саған соншалық ауруды қалай келтірді десеңші? — деп ақырын сөйледі бала. — Егер сенің қолыңнан бәрі келсе, маған да түсіндірші, Сенің Аспандағы Әкең неліктен Сені босатып ала алмады? Ол Сені сүйетін еді ғой!

Палко баяғыда-ақ ұйқыға тағы да шомған, бірақ оның сөздері Лессингке тыныштық бермеді: Мәсіх неге азап шекті? Ол кім үшін өлді? Құдай бұған неліктен жол берді? Осы сұрақтардың бәрі оны абыржытты. Кітаптың алғашқы бетінде жазылған: «Жолма-жол, мұқият оқып шық, бұл кітап саған жол көрсетеді», — деген сөздер оның еркіне қарамастан жан түкпірінде пайда болған әлгі сұрақтарға жауап бере алар ма екен?

Сол күннен бастап, Юриганың лашығында әр күні қасиетті кітап оқылатын болды. Бұл үшін олар бұрын

демалысқа арналған түскі тамақтан кейінгі демалыс сағатын құрбандық етуге қуана-қуана келісті.

Юрига қарт Лессингтің құдды дін қызметкері сияқты қитынына таң қалды. Ол Палко тапқан кітап жөнінде Лишкаға да айтып берді, сол сияқты кітаптың алғашқы бетінде жазылған ерекше сөздер туралы әңгіме шертетін. Әуеліде Лишка әуесқойлықпен келіп жүретін, содан соң оқу уақытын ешқашанда жібермейтін болды. Бастапқыда екі қарт оқу кезінде темекі тартатын, содан соң Құдай Сөзі олардың жүрегін шапағатқа кенелтті. Олар темекі тартпайтын болды; өз бөріктерін алып, отырып, мұқият тыңдайтын болды. Бұл оларға ішінара жастық шақтан таныс ескілікті ақиқат болатын, бірақ бұл сөздерді сөзбе-сөз, жолма-жол оқитын болғандықтан, енді олар үшін бұл мүлде жаңа және бұрынғыдан құндырақ еді. Егер бұл кітапты оларға біреу-міреу сыйлаған болса оны соншалық ынжағаттана тыңдамас та еді, бірақ бала мұны осындай ғажайып жағдайда тапқандықтан, олардың мұның әрбір сөзіне күшті сенгендіктері сондай, күмәндануға да батылдықтары жетпеді. Лиша мен Юрига тіпті жұмыс уақытында да Құдай ақиқаты туралы пікірлер айтатын.

— Сіздің балақаныңыз күнәні кешіруге дін қызметкерінің билігі бар ма? — деп сұрағаннан бері, мен үнемі осы жөнінде ойлаймын. Ол мен бұрын жорамалдағанымдай, біз үшін Құдай болып табылмайды. Менің күнәларымның өзіме кешірілмегенін, әрі Құдаймен ымыраласпағанымды білемін, сондықтан мен өзімнен-өзім: мұндай ораза ұстаудан, мұндай уағыздан қандай пайда бар, — деп сұраймын.

Юрига өзінің ақшыл тартқан басын ойға бата шайқап қойды:

— Мүмкін біз бар ақиқатты осы кітаптан білерміз.

— Білесіз бе, Лессинг жақында олар Исаға әкелген және Ол оның бүкіл күнәсін кешкен, сол бір әлсіреген адам туралы оқығанда, мен ішімнен оған қызғана түстім.

Мен оны тек қана табу үшін, бүкіл дүниені қуана айналып шығар едім.

— Ата, — деді Палко, олар екінші тарауды оқып шыққан кезде, — мен ұйықтайтын бұрышым бәрібір менің үйім, менің лашығым ғой, бұл дұрыс емес пе?

— Бұл Дунай екеуіңнің сарайың екені мәлім ғой, — деп күлді шал.

— Мен сізге өте алғыс білдіремін! — деп үн қатты да, бала тым-тырыс қалды.

Бірақ үлкендер кешкілікте жұмыстан келгенде Палконың өз сарайына не істегенін көрді. Оның бұрышы таптаза болып сыпырылып, төсек-орны мұнтаздай жиналды. Жартылай сынған құмыра тұрған басқа бұрышта жаңа ғана жұлып алынған дала гүлдері қойылды. Есік, үштік (троица) мерекесіндегідей жасыл көк түспен көмкерілген.

— Балақай, шамасы, сен қонақтар күтіп отырған шығарсың, — деп сұрады одан Лессинг.

— Иә, ағай, Ол келеді де бізбен бірге қалады, өйткені бір кезде Марфа қабылдағанындай, мен де Оны қабылдадым.

Екі еркек күліп қойды. Бірақ лашықтың жинастырылмаған бөлігі Палконың өз заттарын жинастырған бұрышынан айрықша ерекшеленетіндіктен, Юрига Палкоға үйдің барлық жерін жинастыруға тапсырма берді.

Палко — Тәңір келді, — деп ынт-шынтымен сенді. Ол Оны көре алмаса да, Тәңірдің жақындығын сезді. Сөйтіп, ол жидек, немесе саңырауқұлақ теруге кеткенде үнемі: «Тәңірім, менімен бірге жүр, өйткені мен Сенсіз жүре алмаймын!» — деп сұрайтын.

ЛЕССИНГТІҢ ҚАЙҒЫСЫ

Тағы да бірнеше күн өтті, тағы да жексенбі келді. Лессинг үйіне кетуге жиналды. Оны ертең апарып

тастайтын адамдар жалданып алынған еді. Ол содан соң тағы да бірнеше аптаға қайтып оралғысы келді.

— Мен бұл жерде біржола қалуға қуана келісер едім, — дейтін ол, — бұл жердің тауларында сондай жақсы.

— Ұлым, менің, — деп жауап берді Юрига ойланып, — бұл ой саған біз Құдай Сөзін оқығаннан бері келген сияқты көрінеді. Сен, үйімде толық Киелі кітап бар, — деп айтып едің ғой; сен оны мұнда әкеле алар ма едің?

— Мен әкеліп берейін, оны бізде ешкім пайдаланбайды.

— Сонда сіздерде сауатты ешкім жоқ па?

— Менің анам әріптерді зорға айырады.

— Ал сенің әйелін жоқ па еді? — деп, Юрига оған бұл сұрақты әлдеқашан қойғысы келген бірақ қолайлы сәт тумаған болатын.

— Сенің әйелін жоқ па? — деп қайталады қарт, өйткені Лессинг жауап қайтармады.

— Бар ғой, әрине, — деп жауап берді ол, оның дауысынан әңгімелесушінің жанын ауыртатын жерге тиіп кеткені байқалды.

Олар ормандағы алаңда жатыр еді. Лессинг басын қолымен таяды.

— Сонда ол оқи алмай ма? — деп тағы бастады Юрига. — Сіздер жассыздар, қарттар, біздерге қарағанда оқымыстырақсыздар ғой.

— Ол оқи алатын, — деп жауап берді Лессинг мұңайып.

Орман тыныш бола түсті. Осы бір адамның жүзіндегі қайғыға табиғат та жанашырлық білдіретін тәрізді.

— Ол оқи алған ба еді? — деп қайта сұрады Юрига. — Ұмытып қалды дейсіз бе?

— Иә, ол ұмытып қалды, — ол бәрін де ұмытты! Бірақ сізден жалынамын, менен бұл жайында енді қайтып сұрамаңыз: осының бәрі маған өте ауыр.

Юрига бұған сенді. Оған Лессинг аянышты бола түсті, ол оны туған ұлындай жақсы көріп кеткен еді. Олар

бірнеше апта бойы бірге тұрып, енді оның жас досы ішінде бір зор қайғыны бүгіп тұрғаны түсінікті болды.

— Білесің бе, ұлым, — деді ол сүйіспеншілік білдіре, — егер адам өз жүрегін басқаға ашса, көбінесе оған жақсы болып қалады. Егер менімен бөліссең, сенің қайғыңның да жеңілдей түсуі мүмкін.

— О, ағай, менің ауыртпалығым ешуақытта да жеңіл-демейді. Өйткені өтіп кеткенді қайтара алмайсың. — Ол тағы да үнсіз қалды.

— Менің ұлым қайда екен? — деп бұзды үнсіздікті ұзақ кідірістен кейін Юрига.

— Палко ма? — деп сұрады Лессинг ауыр ұйқыдан оянғандай. — Әлгінде мен оның «күн еліне» бара жатқанын көрдім. Ол қолына Інжілді ұстап жүрді, Дунай да онымен бірге жүгіріп кетті.

— Бұл бала Қасиетті Жазудан басқа ештеңені де ойламайды, оны түсінуі де таңқаларлық.

— Тәңір бір кезде Өз шәкірттеріне үлгі тұтқан балаға ұқсап көрінеді ол маған. Ол Қасиетті Жазудың әрбір сөзіне сенеді.

— Ал біз сенбейміз бе?

— Жоқ, ағай! — деп басын шайқады Лессинг. — Егер шын мәнінде діндарлар болсақ, онда біз басқаша тұрған болар едік. Немесе сіздер өз күнәларыңызды Исаның үрметі үшін кешірілген, — деп сенесіздер ме?

— Солай екені, солай, — деп жауап берді шал желкесін қасып қойып, — мен бұл жөнінде аздау білемін. Құдай Тәңіріміз қасиетті, мен болсам, күнәкар адаммын. Менің қаншалық күнәкар екендігіме, біз Қасиетті кітапты тауып, менің балақаным соншалық өзгергенде ғана енді көзім жетті. Иә, ол осының бәріне сөзсіз сенеді.

— Иә, ағай ол Жазуға сенеді және сол сенім арқылы оның күнәсі кешіріледі.

— Ал сен ше, ұлым?

— Мен бе? — Лессинг басын төмен түсірді. — Мен үшін кешірім жоқ. Менің күнәмнің мені езетіндігі

сондай, тұтас тау кеудемді басып тұрған сияқты. Әзірге мен тауда жүргенде жаным жай тауып қалады, бірақ маған үйге қайтадан қайтып, өзімнің не істегенімді көруге тура келгенде, менің Әйүшпен бірге тағы да: «Мен туған сол бір күнді қарғыс атсын!» — деп айқайлағым келіп кетеді.

— О, ұлым менің, осыншалық азапқа түсетіндей, соншалық сен не сұмдық істеп едің? Сен барлық жағынан да тәуір адамсың ғой, мұндай адамды тіпті сирек жолықтырарсың. — Юрига есіркеушілік білдіріп, Лессингтің қолынан шап беріп ұстай алды.

— Не істедің дейсің бе? — Лессинг өз қолын тез босатып алды да, жүзін жауып алды. — Не істедім, мен ағай? Мен өз әйелімді есінен ауысуға дейін жеткіздім!

— Не айтып тұрсың, байғұс жігіт? Мұның бәрі қалай болған? — Лессингтің қысылуынан ол шындықты айтып тұрғанын білді. — Әлде, сен оны сүйген жоқ па едің? Әлде, сен кейбір еркектердің істеп жүргеніндей, оны қорлап және ренжіттің бе? — деп сұрады ол.

— О, мен оны сүйгенмін, әрі ол — мен үшін бүкіл дүниедегі ең қымбат қазына. Мен оны қолдарыммен алып, көтеріп жүруге дайынмын!

— Ал сен оны қандай жағдайда жындануға дейін әкелдің?

— Мен оған сенген жоқпын. Маған бәрібір, оны біреу-міреу ұрлап әкеткісі келетіндей көрінді. Қазір оның барлық жағынан адал, оның бүкіл жүрегі маған тиісті болғанын білемін. Бірақ мен ол кезде оған сенген жоқ едім. Егер ол біреумен достық қатынаста сөйлессе, мен оған төзбейтінмін. Сенсеңіз, бұл менің ауруым сияқты болды. Мені оның билеп алғандығы сондай, мен одан әрі қарай өзімді билеуден қалдым, оның үстіне адамдар да мені осыған арандататын. О, егер сол кезде мен Қасиетті кітапты оқып жүрген қазіргі кездегідей, Иса Тәңірімді білген болсам, мен Одан жәрдем сұраған болар едім! Бірақ біз Оны білмегендіктен, менің шешем әр түрлі

көзбояушы дуақандардан көмек сұрауға жүгірді, ал мен болсам маскүнемдікке салындым.

Лессинг тағы да ауыр күрсініп, тыныштала қалды.

— О, ұлым менің, ары қарай айта бер. Саған сонда жеңіл болады, — деп қостап қойды шал.

— Сол кезде маған Құдай бір нәрестені, баланы сыйлады да, маған біршама уақыт жеңіл болды, — деп жалғастырды Лессинг. — Бірақ одан соң сәби де мені тыныштата алмады. Осының бәрі қаншалықты ақымақтық болғанымен, менің қызғаныштығым сондай, әйелімнің балаға соншалық сүйспеншілікпен қарайтынына да төзе алмадым. Басқалардың балалары өлген кезде, әйелім оны енді аялай алмайтындай және оның барлық ықыласы мен сүйіспеншілігі тек өзіме ғана арналатындай болуы үшін баланың өлуін дерлік тіледім. О, мен өзіме сол кезде қандай ауыр болғанын біреуге айтып беруді сөзбен жеткізе алар емеспін. Мен жұтып қоятын біреу-міреуді іздеген өкірген арыстан құсап, маңайымда жын-шайтан жүргенін түсіндім, бірақ мен одан, оның жұтуынан қашқан жоқпын. Сөйтіп, ол ақыр аяғында мені мүлде билеп алды.

Біз жуырда Тәңірдің жынұрғанды қалай сауықтырғанын оқығанымызда, — мені бұл қылмысқа итермелеген жын-шайтанның күшінен басқа ештеңе де емес, — деген қортындыға келдім.

Мұнын қалай болғанын мен сізге егжей-тегжейлі әңгімелеп бере алмаймын, бірақ бүкіл апта бойына маскүнемдікке салынғанымды білемін. Бірде мен үйге мас болып келдім де, әйеліме білдірместен баланы алып кеттім, мұны бір Құдай ғана біледі. Бұдан кейін мені үйден алыста, тауда — санамнан айрылған күйде тауып алғанын ғана білемін. Бала менімен бірге жоқ болды. Бұдан кейін мен екі апта біреудің лашығында жаттым. Кейінірек маған безгекпен ауырғанымды айтты. Ақыр аяғында, мен үш аптадан кейін үйге келгенімде, күйінген әйелім менен бала туралы сұрады, мен оны өзіммен бірге алғанымды да, бір жерде оны қалдырғанымды да біле алмадым.

Біздің оны кейіннен қалай іздегенімізді сөзбен айтып жеткізе алмаймын! Бірақ бәрі де заяға кетті! Менің әйелім мен шешем, тіпті мен оны буындырып өлтірді, — деп ойлауға да бейім болды. Бірақ олар, мені тұтқынға алуы мүмкін, — деп ашықтан-ашық айтуға қорықты. Сонымен, жұрт — бала жоғалып кетті, — деп ойлады. Бірақ мен үйде сол күндері жоқ болғандығымнан, маған ешкім күдіктенбеді. Жалпы алғанда, біз адал адамдар ретінде мәлім едік. Кейде менің ішіп кеткенімді білгендерімен, оған ешкім көңіл аудармайтын.

Шектен тыс қайғыдан менің әйелім ақылынан адасты. О, әлі де мүлде жас, сондай әдемі, бірақ осындай күйдегі оны көру қандай қорқынышты еді. Кейде ол үйге толық дені сау сияқты, дұп-дұрыс-ақ келеді, бірақ бірнеше минуттан кейін орамалын жамылып, баланы іздеуге кетеді. Мүлде күші кетіп қалжыраған оны қайырымды адамдар бірнеше рет үйге әкелді. Әркім маған, басыма түскен қайғыға жанашырлық білдіреді, бірақ ешқайсысы шын себепті білмейді.

Көбінесе, мен ұйқыдан тұрып кетіп, оның бөлмеде жүргенін және бос бесікті қалай жауып қойғанын көргенімде, менің өкіметке барып, өз әйелім мен баламды құртқанымды айтып мойныма алғым келіп кетеді. Бірақ мені анам сонда, егер мұнын үстіне мені түрмеге отырғызса, өздеріне не болмақ деп ескертетін. Бәрібір мұнымен мен баланы таба алмаймын, әрі әйеліме де онан жеңілдік келмейді.

Жарайды, мен сізге бәрін айтып бердім. Енді сіз білген шығарсыз, бірнеше апта бойы бір шаңырақ астында қандай адаммен тұрғаныңызды. Егер қаласаңыз, мені қуып жіберіңіз.

— О, ұлым менің, сен не айтып тұрсың? — қарт көз жасын сүртті. — Бірақ сен сол балаға не болғанын шын мәнінде білесің бе? Сен оны шынымен-ақ өлтіріп тастаған жоқсың ба?

— Оның қайда құрығанын мен білмеймін, бірақ өз қо-

лыммен өлтірмегенімді анық білемін. — Лессинг маңдайына шып-шып шыққан суық терді сүртіп қойды.

— Бақытсыз жігіт, баланы сен өзіңмен бірге неге алдың? Сенің оған не істегің келіп еді?

— Мұны мен білмеймін. Мен күшті мас едім, — деп сізге айттым ғой. Тек қана бір нәрсе есімде қалды, жылаған кезде оған бір тілім нан бердім. Мен қазірде оны сондай тамаша, әрі нәзік қалпында көз алдымда көріп тұрған сияқтымын. Оның бетінен жас ағып тұрды, бірақ өзі маған күліп тұрған еді. Менің басым ауырып кетті де мен жатып қалдым, ал одан кейін не болғанын білмеймін. Оны еш жерден таба алмағандықтан, оны қандай болмасын бір жабайы аң пәршелеп тастады ма, — деп ойлаймын.

Әне, Лишка да келді, бұл жөнінде онан әрі сөйлеспей-ақ қояйық. Маған оның бұл жерде кездеспегені дұрыс еді. Мен осындай ісімді өкіметтің алдында мойынға алмайтын болғандықтан, мұны ешкімге де айтқым келмейді.

Лессинг секіріп тұрды да, Лишка келгенше орман жынысының ішіне сүңгіп кетті.

Юрига тағы да жатып, көздерін жұмды.

«Ол ұйықтап жатқан болуы керек», — деп ойлады Лишка, сөйтіп одан әрі кете бермек болды. Бірақ Юрига ұйықтаған жоқ. Лессингтен естігенінен толқығаны сондай, оның онымен әңгімелескісі келмеді. Оған Лессинг өте аянышты болды. Лессингтің жастығына қарамастан, оның дүниеге тұнжырап қарайтындығы енді түсінікті болды. Иә, ол өзіне қайдан жұбаныш таба алар? Оның үйінен үнемі мұңды күйде оралатыны осыдан екен ғой. Бұл маскүнемдік қандай қорқынышты сұмдық, адамдарға қандай қасірет пен қайғы әкеледі десеңші! Байғұс Лессинг! Ол әлі жас, бірақ оның өмірі қандай сұмдық аянышты. Өзінің балдырғанын бәрібір ол таба алмайды және бәлкім, әйелі де енді сауықпайтын шығар!

— Ағай, сіз, шамасы қатты түс көріп жатқан шығарсыз, — деді Лишка оның иығына қолдарын қойып. — Сіз сондай ауыр күрсіндіңіз ғой!

— Иә, досым, солай еді, сенің оятқаның жақсы болды.

— Ал сіз неліктен жалғыз жатырсыз? Лессинг пен сіздің балаңыз қайда?

— Лессинг бұл жерде жақында ғана болды, ал Палко өзінің кітабымен «күн елінде» жүрген шығар.

— Оған ренжімеңіз! Өйткені ол біздің арамызда дәл «күн елінде» жүрген сияқты. Соның өзі күннің бір ғажайып шұғыласына ұқсас. Кеше ол ауылдан оралып келе жатқанда мен оны қуып жеттім. Ол өте көңілді және бір әнді шырқап келеді екен. Кенет ол жол бойынан қандай бір гүлді байқап қалды. Ол гүлді көріп, жақыннан қарау үшін еңкейді.

— Ол жерден не іздеп жүрсің? — деп сұрадым одан.

Ол сәл қысылып қалды.

— Ештеңе емес, мен гүлдің қасынан біреу-міреудің ізі көріне ме? — деп қарайын деп едім.

— Кімнің ізі?

— Оның із.

Мен оның не жөнінде айтып тұрғанын бірден түсіндім.

— Сен шынымен-ақ Құтқарушы қазір де жер бетінде жүр, — деп ойлайсың ба? Әлде сен Оның аспанға көтеріліп, Құдайдың оң қол жағында отырғанын білмейсің бе?

— Ал, сіз, ағай Оның: «Бұл, Мен сіздермен ғасырлар аяқталғанға дейінгі барлық күндерде бірге боламын!» — деп уәде бергенін шынымен ұмытып қалдыңыз ба? Мен Оның менімен және менің алдымда жүріп бара жатқанын анық білемін. Біз, өйткені, Ол Өз қойларын жібергенде олардың алдында жүріп отырғанын оқыдық қой. Ол — менің Қайырымды Бақташым, ал мен Оның қозыларының бірімін. Демек, Ол қазір де менің алдымда жүр. Тек мен Оның бұл гүлдерге қарағанын білгім келеді; мен Оның гүлдерді сүйетініне күмәнім жоқ.

— Оның гүлді жақсы көретінін сен қайдан білесің? — деп сұрадым мен одан.

— Мен Оған гүлдер ұнайды, — деп ойлаймын, өйткені

ол лала гүлі туралы айтқанда — Сүлеймен де өзінің бар даңқымен олардың ешқайсысы сияқты киінген жоқ, — деген еді. Сондықтан Ол бізге гүлдерге қарап, олардан үлгі алуды бұйырған ба?

— Ағай, менің ойымша бұл бала біз екеуміз сияқты отыншы болудан гөрі тым жетілген.

— Иә, бұл рас, бірақ не істемексің? Мен оған соңғы нәрсемді беруге дайынмын. Өзім білетінді оған үйретемін, ал одан арғысы менің күшімде емес қой.

— Мен мұны білемін. Осындай қабілеті бар бала құрып кетсе, аянышты-ақ. Егер ол қазір осы жерде жүріп, бізге бірдеңе айтып берсе, мен қуанар едім. Қазіргі сәтте оның кіммен әңгіме соғып жатқанын кім біледі. Ол бұл заттар жөнінде кіммен сөйлеспесін, оны өтіп бара жатқан әрбір адам тоқтап тыңдайды.

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Палко оған бәрінен де артық «күн еліне» кеткен шығар, — деп Лессинг қателескен жоқ. Солай болатын. Тек ол үңгірде отырмай, таудың баурайымен жоғары-төмен жүріп, осы жердегі мың-мыңдаған гүлдерге қызығуда болды. Ол гүлдерді жұлған жоқ, бірақ ол гүлдермен және маңында ұшып жүрген көбелектермен сөйлесіп жүрді. Содан соң ол өзенге аяқтарын жууға кетті, ал суды жақтырмайтын Дунай болса, шалғында шауып жүрді.

— Дунай, сен гүлдерді неге таптайсың? — деп ол итті тәртіпке салды.

— Әлде, олар сол үшін гүлдеп пе еді? Ал құстарды неге қорқытасың? Қарашы олардың мазасын қалай алып жүргеніңді. Келесі жолы сені өзіммен бірге енді алмаймын.

— Әй, құс, сен қорықпа, ол сені жәбірлемейді! — деп

жұбатты ол итке қарап тұрған жас шымшықты. — Дунай соншалық қаскүнем емес, тек ол еркелеп жүр. Ол мұның күнә екенін білмейді, өйткені ол ит қой. Құс мұны нақ түсінгендей бұтақтан бұтаққа көңілді қона бастады.

— Жарайды, бүгінге жетер, — деді Палко гүлдерге, көбелектер мен шыбын-шіркейлерге. — Енді мені жайыма қалдырыңдар, оқығым келеді.

Палко қазір басын сүйеп отырған демалыс орнынан жақсы жерді бірде-бір ханзада таба алмас еді: бұл ғажайып, барқыт түсті мүк басқан жартас болатын. Маңайда шешек атқан бұталар. Олардың ақ және раушан гүлдері Палконың төбесіне салбырап тұр. Көзіңді қайда жіберсең де, барлық жерде желдің ақырын сыбырынан тербелген гүлдер. Олар да кішкентай оқырманға кедергі келтірмеу үшін демдерін ішіне алып, тына қалған тәрізді.

Бүгін ол да кейде үлкендер істейтінді істеді: яғни, олар төзімдері таусылғанда, кітаптың соңына қарап немесе оны ақтара бастайтын.

— О, — деп Палко өз-өзінен кешірім сұрағандай, — біз ағай және атаймен бірге кітапты ақырына дейін оқып шығамыз, мен тек ең соңын оқығым келіп еді, өйткені онда айтылғанның бәрі өте қызықты көрінеді.

Сөйтіп, Палко оқи бастады: «Құдай мен Құрбандық Қозының тағынан ағып шыққан аппақ, мөп-мөлдір өмір суының таза өзенін маған көрсетті. Оның көшелерінің арасында, өзеннің бергі және арғы жағында он екі рет жеміс беретін, әр ай сайын өз жемісін беретін өмір ағашы бар; ал ағаш жапырақтары халықты сауықтыруға арналған. Сөйтіп, енді қарғыс атқан ештеңе де болмайды; бірақ онда Құдай мен Құрбандық Қозының тағы болады, әрі Оның құлдары Оған қызмет ететін болады. Оның кескіні көрінеді, әрі Оның есімі олардың маңдайларында болады».

Иә, бұл не деген керемет! Кішкентай жүрек нағыз «күн елінің» осы жерде сипатталғанын сезген еді. Ол

жерде Құдай мен Құрбандық Қозының тағынан шығатын, ұлы, тап-таза мөлдір өзен бар.

«Ал аспанда тағы бар бұл не қылған Құрбандық Қозы? — Бала көздерін аспанға жіберді. — Құрбандық Қозы — Құдайдың Құрбандық Қозысы... бала кенет есіне түсірді. Жақия Шоқындырушы Иса Тәңірімді осылай атап еді ғой, ендеше Ол қазір де аспанда солай аталады. Құрбандық Қозы, Құдайдың Құрбандық Қозысы. Сөйтіп, онда да әр уақытта гүлдеп әрі жемістерін беріп тұратын ағаштар болған. Ол жерде қарғыс атқан ештеңе болмайды, — деген нені білдіреді? Бәлкім, ол жерде басқаларды қарғап, балағаттайтын ешкім де болмайтын шығар! — деп ойлады бала қорқасоқтап. — Бұл жөнінде, біздің адамдардың да жақсы болуы үшін барлық көршілерге айтуға тиістімін. Тәңірге, бәлкім, мұндағы жер бетінде қарғыс пен балағат сөзді тыңдау ауыр болуы керек, сондықтан да аспанға мұндай адамдарды жібермейтін болды.

Бұл жерде Құрбандық Қозының тағы жөнінде, әрі Оның қызметшілері бар, — деп екінші рет айтылған. О, егер Ол мені Өзіне қызметке қабылдаса, мен қандай қуанышты түрде Оның қызметшісі болар едім! О, — деп еске түсірді бала, — атама су керегін білгенмен, қалай ертеңгісін ерте тұруға жиі-жиі жалқауландым, ал маған отын жинауға келгенде мен Дунаймен бар ынтамды сала орманда жиі-жиі жүгірдім. Рацга атай қоштасып тұрып, маған — Юрига атайға жақсы қызмет ет, — деген еді, өйткені ол мені Құдайдың үрметі үшін қабылдады, сондықтан мен оның талап-тілегін көзінен біліп, дереу орындап отыруым керек еді».

— О, қымбатты Иса, — деді ол қолдарын жайып жіберіп, көздерін аспанға қадап, — оған жақсы қызмет ете алмағаным үшін мені кешір. Мен күн еліне жеткен кезде Өз қызметшің етіп, Сенің мені қабылдауың үшін енді жақсы қызмет етемін! О, менің Сенің тағыңның жанында қандай болғым келеді десеңші!

Бала тағы да кітапқа үңілді. Онда: «Оның кескіні көрінеді әрі Оның есімі олардың маңдайларында болады», — деген жазу тұр.

— Мен Оны сонда көремін! — деп шаттанды ол.

— Шынымен, Ол менің маңдайыма Өз есімін жаза ма? Білмеймін. О, қандай ұлы құрмет, ал мен болсам кішкентай, тілазар баламын!

Палко өзінің дауыстап оқып қана қоймай, сондай-ақ естірте ойын айтып тұрғанын да байқамады. Сөйтіп, Дунайдың қуанышты үрісі таныстардың біреуінің келе жатқанын мәлімдеп, оның бұл жерде жалғыз емес екенін білдіргенін ол мүлде байқаған жоқ. Сондықтан ол арт жағынан біреудің дауысы естілгенде қорқыңқырап кетті.

— Палко, сен неліктен өзіңді тілазар бала, — деп санайсың?

Бала басын көтерді де, таңқалғанынан қарғып тұрды. Бұл жерде өзінің «күн елінде» дін қызметшісі Малинаны кездестіруі... оған түсінде көргендей әсер етті.

— Бірақ сіз бұл жерге қалай келіп қалдыңыз, қымбатты діншіліміз? — деп үн қатты ол.

Дін қызметкерінің байсалды әрі сәл қуқыл жүзінде мейірімді күлкі байқалды.

— Мүмкін, мынау тау сенің жалғыз өзіңе ғана тиісті де, менің өз бағымнан әрі шығып, таза ауа жұтуыма болмайды, — деп ойлайсың ба?

— Жоқ, мен бұлай ойламаймын, — деп жауап берді Палко қызарып, — бірақ бұл жер сондай алыс, онымен бірге күн жексенбі ғой. Бүгін костелге (католик шіркеуі) келгендерге кім уағыз айтпақ?

— Қарашы, кішкентай инквизиторды! Мен уағызды түскі асқа дейін айттым, ал енді дәрігердің ұйғарымы бойынша мен бұл жерге бірнеше күнге келдім, өйткені денсаулығым мүлде болмай тұр.

— Сіз осы тауда тұрасыз ба? Қай жерде? — деп сұрады таңқалған бала.

— Орманшының үйінде.

— Ол алыста емес. Бірақ мені кешіріңіз, сізден бір жайды сұрайын деп едім. Сөйтіп, бала тасқа отырған дін қызметкерінің жанына келіп отырды. — Сіз бұл «күн елі» жайында қайдан білесіз?

— «Күн елі» дейсің бе? — деді дін қызметкері таңқалып. — Шынымен бұл аңғар осылай аталатын ба еді?

— Иә, яғни мен білмеймін, — деп жауап берді Палко қысылып. — Мен солай ойлап едім, өйткені бұл жерде аспан қақпасы, ал оның арғы жағында күн ешқашанда батпайтын ел бар.

— Демек, аспан қақпасы осы жерде ме?

Дін қызметкері таудың ғажайып шыңдары мен шешек атқан ағаштарына қарады.

— Иә, бұл жерде Құдай дүниесінен бірдеңені сезуге болады. Бірақ, балақаным, мұндай қортындыға сен қалайша келдің? — деп еркелете сұрады ол баланың басынан сипап. — Сен, шамасы, бір жерден осындай «күн елі» туралы естіген шығарсың?

— Егер рұқсат етсеңіз, онда мен бәрін басынан бастап айтып берейін. Баланың көздері ұшқын атты.

Дін қызметкері жұмсақ мүктің үстіне жантайып, баладан көзін алмастан, оның ертегіде аталған күн елін іздеп, мұнда қалай келгені, өз кеудесіне қысып тұрған қасиетті кітапты қалай тапқаны әрі нағыз «күн елі» туралы көптеген нәрсені кітаптан қалай білгені, сөйтіп, найзағай ойнаған уақытта өз көзімен таудың үстіндегі аспанға баратын жеті түсті қақпаны көргені жайындағы оның әңгімесін тыңдады.

Палко дін қызметкерінің көңілі босап, көзінен шыққан жасын байқаған жоқ.

Ол, сондай-ақ осы жерде не жайында оқығанын, әрі өзін Иса Тәңірден Оның қызметшілерінің қатарына қабылдауды сұрағанын әңгімелеп берді.

— Маған ол кітапты көрсетші! — деді дін қызметкері. Жолма-жол оқығым келеді және сенімен бірге күнге де, айға да мұқтаждығы жоқ, бірақ Құрбандық Қозының

Өзі мәңгі нұр болып табылатын, нағыз күн еліне жолды бірге іздер едік.

Бала сәл ойланып қалды да, содан соң былай деді:

— Жақсы, мен оны осында қалдырайын. Лессинг ағай бәрібір ертең кетеді, ал мен болсам, ондай жақсы оқи алмаймын, өзім болсам, осы жерде-ақ оқып аламын. Ал мен сізді осында жолықтырсам, онда сіз маған естірте оқып тұрасыз ғой, дұрыс па?

— Шын көңіліммен оқимын, ұлым; егер қаласаң қазір де. Бірақ алдымен өзіңнің құпия үңгіріңді маған көрсет.

Олар тұрды. Дін қызметкері өзінің кішкентай жол бастаушысының соңынан зорға ілесіп келеді. Кешікпей олар үңгірдің өзінде болды.

— Шындығында, бұл қандай тамаша көрініс! — деп үн қатты таңданған дін қызметкері. — Сен дұрыс айтасың, бұл үңгір лашыққа мүлде ұқсас, ал мынау тұрған жай орындық емес, нағыз диван. Сен оны қалай тамаша жинастырып, гүлмен безендіріп қойғансың? Сен, шамасы, өз үйіңнің әдемі болуын қалайсың ғой?

Қонақ таза жинастырылған әрі жасыл шөппен безендірілген баланың сарайын ризашылықпен қарап танысты.

— Иә, Иса Тәңірі бізбен бірге тұруға уәде бергендіктен, мен бәрін оған жағымды болатындай етіп жасауға тырыстым, — деп жауап берді Палко.

— Шынымен-ақ сен Оған — Ол барлық жерде және өзіммен бірге болады, — деп сенесің бе? — Дін қызметкері Лессинг ағай, немесе атайға қарағанда мүлде басқаша сұрақ қойды, соңдықтан баланың бұған жауап беруі де қиынға соқпады.

— Иә, қымбатты діншілім, Оның үнемі және қазірде өзіммен бірге тұратынын білемін!

— «Қасиетті қарапайымдылық!» — деп күрсініп, дін қызметкері орындыққа отырды да, дұға оқу кезіндегідей бірнеше минут бойына шынтағын тіреген күйінде қалды.

Палконың оны мазалауға батылдығы жетпеді. Осы

кезде атасына арнап жинаған бүлдіргенді таяу маңдағы бұтаның астына тыққанын есіне түсті. Атасы онымен кімді сыйлағанын білсе, қуанып қалатын шығар. Балада, сондай-ақ, өзімен бірге алып жүретін ағаш қасық бар еді, онымен ол әдетте үлкен құмырадан жидекті кішкентай құмыраға салатын. Оның басқа ыдысы болмағандықтан ол жақын жерден ыдыс орнына жарайтын үлкен, құрғақ жапырақты әкелді.

Палко екі құмыраны да әкелді. Кішкентай құмыраны ол таза сумен толтырды. Екіншісінде жаңа ғана жиналған жидек тұрды. Сондай-ақ ол қасығын да жуып, оны ормалмен мұқият сүртті, сөйтіп, осындай маңызды қонақты сыйлау құрметіне ие болғандығына масаттанып, үңгірге оралды.

Палко дін қызметкерінің кітап оқып отырғанын көрді, сөйтіп, мазасын алмау үшін ол оның алдына дастарханға үлкен жапырақ пен қасықты, жидегі бар құмыраны қойды.

Дін қызметкері басын көтерді, оның байсалды, қуқыл тартқан жүзінде жайдары күлкі білінді. Ол баланың қолынан ұстады.

— Сен мені сыйлағың келе ме?

— Иә, мархабат, дәм татыңыз. Мен сіздің үйде болған кезімде таңертеңгі және түскі аспен мені жиі-жиі сыйладыңыз, ал енді мен де сізді өзімде бар нәрсеммен сыйлағым келеді!

— Мен саған өте алғыс білдіремін. Сен біліп қой, мен қонақжайлығыңды менсінбей отырғаным жоқ, өзіңнің дәмді бүлдіргеніңнен маған алып кел, оны жасыл ыдысқа салып алайын.

О, Палко қалай қуанды десеңші! Дін қызметкері дәмді жидекті жеп, су ішті. Содан кейін ол өз қапшығынан бір бөлек ақ нан алып, бала мен Дунайға сыйлады.

— Мен саған кітаптан үзінді оқуға уәде беріп едім. Отыр, содан соң маған кешікпей жүруім керек. Ертең де сен мұнда келесің бе?

— Білмеймін, екіталай-ау. Маған Лессинг ағайды шығарып салуға және оның заттарын алып жүруге көмектесуге тура келетін шығар.

— Онда мен сенің кітабыңды өзіммен бірге ала аламын ба және ертең таңертең немесе түс қайта қайтадан әкеліп тастармын.

Содан кейін дін қызметкері Иса Тәңірдің періште сияқты аспанға көтеріліп, Өз шәкірттеріне Оның «тағы да келемін», — деген жерін оқыды. Бірақ мұның алдында Ол оларға Қасиетті Рухты жіберуге уәде берді.

— Ал Қасиетті Рух дегеніміз кім еді? — деп сұрады бала олар үңгірден бірге шыққанда.

— Бұл біздің Тәңіріміз Иса Мәсіхтің Рухы, — деді дін қызметкері ойға шомып. — Бұл Рухқа әрбір Мәсіх жолын қуушы ие болуы керек; Мәсіхтің Рухына ие болмаған жан Оныкі емес, — деп осы кітапта айтылған ғой.

— Сізде, шамасы, Ол бар, рас емес пе? — деп сұрады бала жай ғана дін қызметкерінің көзіне қарап. — Өйткені сіз Оған тиістісіз ғой?

Егер басқа біреу оған бұл сұрақты қойса, ол жауапты кейінге қалдырмас еді. Шындығында, ол шоқындырылған жоқ па? Шындығында, ол бірден-бір, құтқаратын католик шіркеуіне тиісті емес пе? Шындығында, ол діншілдің қызметіне өзін арнаған жоқ па?

— Білесің бе, Палко, бұл сұрағыңа басқа бір кезде, өзіммен не болатынын сол кітаптан көбірек білген шақта жауап берейін.

Біршама уақыт екеуі үнсіз жүрді.

— Сен не жөнінде ойланып келе жатырсың? — деп сұрады кенеттен дін қызметкері баланың қолынан ұстап.

— Иса Тәңірім маған Өзінің Қасиетті Рухын беруі үшін менің не істеуім керек? — деп жасқаншақтай сұрады бала.

— Аспандағы Әке бұл жайында Одан кім сұраса және кім Оған мойынсұнуға дайын болса, Қасиетті Рухты да соған беретіні осы кітапта жазылған.

— О, бұл дұрыс, Ол Оны кім сұраса да, бәріне береді.

Ол маған да Одан сұрағанымның бәрін берді. Бірақ Иса Тәңір сияқты Қасиетті Рухты да қабылдауға болар ма екен?

— Мен сенің не айтып тұрғаныңды түсінбедім, Палко?

— Өйткені Марфа да Иса Тәңірді өз үйінде қабылдады ғой. Мен де Оны көре алмағаныммен, Оны біздің лашығымызда қабылдадым. Мен Оның келгенін және өзіммен бірге қалғанын білемін.

Дін қызметкері аң-таң болып тұрып қалды да, көзін жұмды.

— Жоқ, — деді ол сәл уақыттан кейін өзіне-өзі айтқандай. — Мәсіх Рухын өз үйінде емес, жүрегіңе қабылдауың керек.

— Шынымен Қасиетті Рух менің жүрегімде мекендей ала ма?

— Иә, балақаным. Сен анау батып бара жатқан ғажайып күнді көріп тұрсың ба? Енді мына жердегі кішкентай шық тамшысына қара. Одан нені көріп тұрсың?

— Күнді. Шық өзіне күнді қабылдағаны, рас емес пе, қымбатты діншілім.

— Иә, балақаным; енді ұйықтауға бара бер. — Бала өз-өзіне келген сәтте, ол енді жалғыз қалғанын көрді.

Ол ақырын тізесіне жүгініп:

— Иса Тәңірім, — деп сыбырлады, — мархабат, Өзіңнің Аспандағы Әкеңнен сұра, Ол маған Қасиетті Рухын берсін! Өйткені Сен менің әрқашанда Өзіңмен бірге болғым келетінін білесің ғой! Шық тамшысы күнді қабылдағанындай, мен де Сені қабылдағым келеді. Сен оған да Оны бер! Аумин.

ЛЕССИНГТІҢ КІШКЕНТАЙ СЕРІГІ

Келесі күні таңертең Лессинг баланың қошеметтеуімен тауды тастап кетті. Лессингтің өзінің иығында едәуір

ауыр жүгі бар, ал Палко оның киім салған түйіншегін көтеріп келе жатты.

— Ағай, сіз көп кешікпей келесіз бе? — деп сұрады бала еркелей.

— Білмеймін, Палко. — Ол өзінен қапалы ойларды серпіп тастағысы келді. — Мен келген кезде саған бірдеңе ала келермін. Сен не қалар едің?

— О, ағай, егер сізге қиын болмаса, маған қалам мен бірдеңені жазып отыратын кішкентай қойын кітапшасын әкеліп беріңіз.

— Жарайды, сен маған жиі көмектескендіктен ол заттарды әкеліп беремін. Атай өзің тапқан ақшаны саған костюм сатып әкелуім үшін берді, ал мен саған кепка алып берейін. Саған етік те сатып алармын, сонда сен қыста мектепке барып, әлі де білмейтін ғылымдарды үйренесің.

— Сіздің маған жаңа кепка сатып әкелгіңіз келе ме? О, мен бұған сондай қуанамын, өйткені ескі бас киімім әбден тозды ғой. Атам мен үшін онсыз да көп қаражат жұмсады. Шіркін-ай, бір кезде осылардың бәрі үшін оған қарымта қайтара алар ма екенмін!

— Иә, өскен кезде сен оған сенімді тірек боласың. Сен қазірдің өзінде оған үлкен көмекшісің. Ол маған ұлдарының Америкаға кеткенін, қыздарының бәрінің күйеуге шығып кеткенін айтқан еді. Ал сенің ата-аналарың қайда? Сен, шамасы, Юрига шалдың ұлдарының немесе қыздарының біреуі шығарсың?

— Бұл жөнінде несі бар, айтайын, ағай! Юрига атай мені Құдайдың үрметі үшін ғана қабылдады, өйткені менің қамымды ойлайтын ешкім жоқ. Менің атамды Рацга деп атайтын, ол осыдан екі жыл бұрын өлді. Біз мұнда тауға келгенбіз, одан кейін ол ауырып қалды, сөйтіп, мен Юрига атайда тұрып жатырмын.

— Демек, сен жетім екенсің ғой? О, онда сен менімен кете алар ма едің, мен де жалғызбын! Сөйтіп, ол қолын балаға созды.

— Шынымен-ақ, үйде балаңыз жоқ па?

— Жоқ. Қап, бағана бұл жөнінде мен атаңа айтпадым. Бірақ Лишка ағай сенің менімен бірге кеткеніңді атаңа айта алады ғой.

Бір сәтке бала үшін бұл ұсыныс қызығарлық болып көрінді. Бөтен жерді аралау қызық қой. Бірақ кейіннен ол былайша ойлады: «Менің атамнан рұқсатсыз кеткеніме Иса Тәңірім не айтар еді? Кім атама су әкеліп, сорпа пісіріп береді?»

— Жоқ, ағай, Құдай жар болсын, сізге! Тезірек оралыңыз, біздің бәріміз сізді күтеміз!

— Ал менің жайым не болмақ? — деп пайымдады Лессинг, алайда бала берілмеді. Оның айтып тұрғаны дұрыс: шынымен-ақ, атайды жалғыз қалдыруға бола ма?

— Жарайды, енді үйіңе қайта бер, әйтпесе түн болып кетер, ал мына түйіншекті өзім де жеткізе аламын. Бірақ Палконның мұнымен келіскісі келмеді.

— Сіздің жүрегіңіз онсыз да ауыр, мен үйге артынан жүгіріп қайтармын.

— Бірақ сен қараңғыда жолдан адасып кетерсің. Ай да қас қылғандай жоқ.

— О, маған мазасызданбаңыз, бұл жолмен мен талай жүргенмін. Таудан табылған бала тауда адаспайды, — деп айтатын Рацга атайдың әдеті болған.

— Ақыры мен сізді қуып жеттім, — деген дауыс кенеттен Лишконның артынан естілді. — Балақан, өз түйіншегіңді маған бер де, қараңғылық түспей тұрғанда тездетіп, қайтуға жүгір.

— Онда сізге оң сапар тілеймін, Лессинг ағай, сізге де ағай! — деп бала екі кісіге қолын берді де, кері қайтты.

— Атаңа сәлем айт! — деп айқайлады олар оның соңынан. Бала таудағы күннің кішкентай шұғыласына ұқсап, жоқ болып кетті.

ОРМАНШЫНЫҢ ҮЙІНДЕ

— Білесің бе, ата, Лессинг кеше жол бойында бір түрлі жүрді, — деп әңгімеледі Лишка өз досы Юригаға. — Ол бүкіл жол бойында бір сөз айтпады. Оны бір күшті қайғы-қасірет басқан сияқты көрінеді.

«Байғұс жігіт, — деп ойлады Юрига. — Шын мәнінде оның қайғысы айтарлықтай». Лишкаға ол — тек үйде ауру әйелім бар, соны уайымдап келемін, — деген еді.

— Иә, Тәңірім оны тез оңалуға жазсын, сол кезде ол бізге тағы да қайтып келеді. Біз оған үйреніп қалдық қой, жоқтығына өгейсіп жүрміз.

Олар қателескен жоқ. Лессингсіз олар, шынында да, өздерін жалғыз қалғандай сезініп, оның үстіне Палко да үйде болмады. Орманшы баланы дін қызметкеріне қызмет етіп, тауда оған жолбасшы болсын деп жіберген, өйткені бала таудағы әр соқпақты білетін.

— Оған баруға тиым салмаңыз, — деп өтінді дін қызметкерінен осы хабармен келген орманшы. Дін қызметкері баланы сізден бекерге сұрап отырған жоқ. Ол балаларды өте жақсы көреді, әрі онда балаға да жақсы болады.

Юриганы баланың бұған қалай қарайтыны қызықтырды, ол баланың қуанғанына өте таңқалды. Бұл хабарды естіген ол қуанғанынан тура секірді.

— Ол өте жақсы мырза, — деді бала атасына, — мен де оны жақсы көремін!

Палко үшін, енді бұрын ол ойлап та көрмеген өмір басталды. Орманшының үйінде ол дін қызметері Малинамен бір бөлмеде ұйықтады.

Бұл неткен керемет десеңші! Ертеңгілікте олар сүт ішеді. Содан соң қожайын әйел олардың қапшығына әр түрлі дәмдерді салып береді де, олар жолға аттанады. Жиі-жиі Палко дін қызметкерін терең құздардың жанында алып жүретін, одан кейін оларға өзеншелерден өтуге,

немесе жартастардың үстімен өрмелеуге тура келетін, бірақ дін қызметкері оның соңынан бар ынтасымен еріп отырды. Ол өзімен бірге әр түрлі гүл, өсімдік пен мүк жинаған қорапша алып жүретін және бала ең бір әдемі жерлерді таба білетіндіктен өзінің кішкентай жолбасшысына айрықша риза болатын.

Олар шаршаған кезде дін қызметкері өзі ала шыққан кішкентай кілемшеге жататын. Тынығудың осындай сәттерінде ол балаға әр түрлі өсімдіктердің атауларын айтып және басқа да көптеген пайдалы мәліметтер беретін.

Палконың енді біршама жақсы оқитынын байқаған кезде ол оны жазу мен арифметикаға үйрете бастады.

Кейде дін қызметкері шаршағанда демалуға жататын. Бұл кезде Палко үй қожасының әйеліне бос қайтпау үшін саңырауқұлақ жинайтын.

Бала Лессингтің оған итті қалдырғанына өте қуанышты еді. Дунай оған барлық жерде ілесіп жүреді. Ит оған қай кезде келуді білгендіктен, ол әр ертеңгілікте орманшының үйіне дер кезінде келетін. Басқа иттермен бірге болғысы келмегендіктен, мұнда түнеуге қалмайтын. Иттер де кейбір адамдар сияқты бірге тұра алмайды, — деді дін қызметкері.

Палко үшін ең бір тамаша минуттар — дін қызметкері оған Інжілді естірте оқыған кездері еді. Ол оны үнемі өзімен бірге алып жүретін әрі көп оқитын. Інжілде Палко әлі түсінбейтін сөздер де жиі кездесетін. Елшілердің жұмысы туралы әңгіме ол үшін айрықша қызықты әсер қалдырды. Қасиетті Рух оларға қонбаса, олардың соншалық кереметтерді туындата алмайтыны түсінікті болды. Содан соң Інжілдің «Румдіктерге арналған Хат» деген кітабы басталады. Одан Палко ештеңе дерлік түсінбеді. Дін қызметкеріне, керісінше, осы тақырып өте қызықты көрінді, оны оқи отырып, әсіресе: «Бірақ Құдай біздерге Өзінің сүйіспеншілігін, біз әлі күнәкар болып тұрған кездерде, Мәсіхтің біз үшін өлгенімен дәлелдеді», — деген аятты оқығанда, ол айрықша ойға бататын.

— Қымбатты діншілім, мен мұны ұғып алғым келеді, маған осының өзі өте бір жақсылықты білдіретін сияқты!

— Сен дұрыс айтасың, балақаным. Исаның біз үшін өлгенін дәлелдейтіннен қымбат ақиқат жоқ!

— Біз үшін бе? — деп үн қатты Палко таңқалып. — Ал мен жауыз еврейлер Оны айшыққа шегелегеннен кейін өлді ме? — деп жүретін едім. Ал ол неге біз үшін өлген және неліктен?

Сол кезде дін қызметкері Жохан жазған Інжілді тағы да ашып, Мұса және мыс жылан туралы, Мысырдан шыққан кезде еврей халқының бастарынан не өткенін; жолда адамдардың Құдай мен Мұсаға наразылық білдіргенде, Құдай оларға қалай улы жыландарды жібергенін оқыды. Бірақ жылан шаққандар енді Құдайға сеніп мыс жыланға қарағанда, олар сауығып кеткендерін оқыды.

— Бұл улы жыландар біздің күнәмізді білдіреді, — деп түсіндірді дін қызметкері. — Сөйтіп, шөл далада бұл мыс жыланды сырғауылмен қалай көтерсе, Құдай Ұлының да біздің күнәміз үшін айқыш ағашта асылып тұруына тура келді.

Бірақ бәрібір Палко мұны түсінбегендіктен бір кезде мысырда тұрғанын, содан Құдайдың израильдықтарды сол жақтан алып шығу үшін, оларға Мұсаны жібергенін әңгімелеп берді.

Бірақ жауыз перғауынның оларды жібергісі келмеді.

Сол кезде Құдай қаһарланып, Өз періштесіне мысырлықтардың ішінде перғауынның ұлынан бастап, түрмеде отырған соңғы тұтқынның ұлына дейінгі барлық тұңғыш туған балаларды зақымдауға әмір етті. Бірақ бұл періште израильдықтардың тұңғыштарын да зақымдамауы үшін, Құдай әрбір израильдықтың өз үйіне қозы союына және оның қанын есіктің жақтаулары мен маңдайшаларына жағып қоюға жарлық берді, өйткені жан алғыш періште қанды көргенде, ешкімге тимей өтіп кетуі керек болды.

— Байқайсың ба, Палко, перғауын еврейлерді жібергісі келмегендей, біз де өзіміздің күнәларымыз үшін өлуге

тиісті едік. Бірақ біз әлі күнәкар болып тұрған кезде Құдай бізге Өз сүйіспеншілігін көрсетті, өйткені Мәсіх біз үшін өлді. Сөйтіп, Ол дүниенің күнәсін Өзіне алған Құдайдың Құрбандық Қозысына айналды.

Кенет Палко бетін қолдарымен жауып алды.

— О, Иса Тәңірім, менің сүйікті, қайырымды Исам, — деп үн қатты ол, еңіреп, — Сенің Әкеңнің Сені естімей, Сен Оны шақырғаныңда құтқармағанын мен енді білемін, өйткені израильдықтардың орнына өлген сол бір қозыға ұқсап, Сенің де менің күнәм үшін өлуің керек еді. Сондықтан да сен біздің күнәмізді кешіру Сенің билігінде, өйткені біздің күнәміз Сенің өліміңе себепші болды ғой!

Бала үнсіз қалды. Ол жерге жантая кетті, енді басын көтерсе, өз досының не істегенін білген жоқ. Бірақ ол тұрған кезде өзінің жалғыз қалғанын көрді. Кітапты ол жерде ашық жатқан күйінде тапты, оның беттерінен көз жасының ізі көрінді.

Осы күннен бастап, дін қызметкері бұрынғысынан да үнсіз жүретін болды. Ол тауда да, үйде де Құдайға жиі сиыңды, мұның бәрі балаға ұнады. Түнде ояғанда Палко оны кішкене ағаштан жасалған Иса бейнесінің алдында тізерлеп тұрған күйінде жиі көретін.

Сол кезде Палко да өз Құтқарушысымен сұқбаттаса бастайтын, сөйтіп, оның жаны жеңілдеп, жай тауып қалатын.

Екінші аптаның соңына қараған сенбі күні Палко орманшының әйелі өз жұбайына:

— Дін қызметкері мұнда дем алу үшін келді, бірақ оның орнына ол күннен күнге нашарлап барады. Меніңше, бір қайғы оның жанын жеуде. Ал ертең ол уағыз айтқысы келеді. Бұдан оның тоқтала тұруы қажет, — деп айтқанын естіді.

— Білесің бе, сүйіктім, мен қалай мылтықсыз және сен қалай ожаусыз жүре алмасаң, ол да уағызсыз жүре алмайды. Егер ол басқалар сияқты болса, мұны істемес еді, бірақ ол өте жақсы және саналы адам ғой.

Кейінірек, Палко мен дін қызметкері орманда жүргенде бала кенеттен:

— Сізде қандай бір қайғы бары рас па, ататай? — деп сұрады.

— Ал, бұл жөнінде саған кім айтты, балақаным?

— Бұл жөнінде орманшының үйінде әңгіме болды. Үй қожасы әйелі сіз осындай жүдеу көрінетіндіктен маза-сызданып жүр. Ол сізді ауру, — деп ойлайды.

— Ол қателеспепті, балақаным: мен аурумын, өлім алдында жүрмін. Менің ауруыма енді ешқандай ем де, жәрдем де жоқ.

— Шынымен, Иса Тәңірім де көмектесе алмай ма? — деп сұрады бала қорқып кетіп және өзінің күнге күйген кішкентей қолдарымен дін қызметкерінің аппақ қолын ұстады.

— Тіпті Иса Тәңірім де, — деп қайталады дін қызметкері толық мазасыздық пен жанашырлыққа толы баланың көзіне үңіліп. — Рас, Ол көмектесе алады, бірақ...

— О, онда тезірек Одан осыны сұраңыз! Оның Өзіне келген әр адамды, тіпті сол бір әлсіз адамды, оның өзі Одан бұл жөнінде жеке сұрамаса да сауықтырғанын білесіз ғой! Ал біз де, егер дереу Одан сұрасақ қайтер еді?

— Сен маған сиынуға көмектесесің бе?

— Капернаумнан жіберілген жүзбасының «Сенің оны тыңдауыңа Ол лайықты», — деп айтқанындай аса қуанышпен көмектесемін.

— Жоқ, Палко, сен бұлай сиынуға тиісті емессің, өйткені мен Оның рақымына лайықты емеспін.

— Онда менің сізге қалай көмектесуім керек? Ал егер біз Одан ғибадатханада тұрған сол бір адам сияқты сұрасақ қайтер еді, ол адамның алыста тұрса да көзін аспанға жіберуге де батылдығы жетпеді ғой, — сіз оны білесіз, парызшылар оны соншалық асқақ дәріптеген.

— Сен дұрыс айтасың, сүйікті балақай; бұл біз үшін бірден-бір дұғалық. — Дін қызметкері бұл жайында одан

әрі әңгіме қозғаған жоқ, бұл жолы олар үйге едәуір ерте келді.

Дін қызметкері түскі астан соң Палко оның үйіне бірге барып, сонда қонғанын, ал келесі күні атасында болып, жексенбіні сонда өткізуін қалады.

«Осындай жалба-жұлбамен мен оның үйіне қалай барамын?» — деп ойлады Палко. — Шіркін-ай, менде жаңа костюм мен кепка болса ғой!»

Түскі астан соң ол ас үйде орманшының әйеліне ыдыс жууға көмектесіп жатып, оған өз қайғысын мәлім етті.

— Мазасызданба, Палко! Мен де бұл жөнінде ойлап үлгердім, өз балаларымның киімінен сен үшін бірдеңені қарастырып қойдым, өйткені сенің дін қызметкеріне жақсы қызмет еткеніңді әрі маған да үнемі көмектесетіңді көріп жүрмін.

Палко оның қолынан ақ жейде мен ақ шалбар алды, оның пиджагін орманшының әйелі білдірмей жууға әрекеттенді. Рас, пиджак жуылған соң сәл қысқарды, бірақ Палконың иығында көп кешікпей қырыс-тырысы жазылды.

Айна тәрізді өзен суына қараған ол өзін әрен таныды. Өз бәтеңкесін ол жаман-жасқап, дін қызметкерінің бәтеңкесімен бірге тазалап, жаңа бау да өткізіп қойды. Осының бәрінен соң қапшығын мойнына асып, оның өз мырзасымен бірге қуанышты түрде адымдауы таңқаларлық емес еді. Ал ол болса, онымен бірге қуанды.

Осы жақсылықтың бәрі үшін сізге рахмет, Құдайым сізге жар болсын! — деп біршама жүрген соң артына қарап айқайлады Палко, соңдарынан қарап тұрған орманшының әйеліне.

— Палко, мені әдетте Дунай екеуің бірге жүретін ең қысқа жолмен алып жүр, — деді дін қызметкері.

— О, онда біз селоға көп кешікпей-ақ жетеміз! — деп қуанды бала. — Бірақ қорықпаңыз ол жақсы жол. Әйтпесе, мен сізді ол жолмен алып жүрмес едім; өйткені орманшы маған тегіс жолмен алып жүруімізді айтқан.

Дін қызметкері жымыып қойды.

— О, егер ол менің сенімен бірге қай-қайдағы жерлерде өрмелеп жүргенімді білсе ғой, Палко! Бірақ қорықпай-ақ қой, мен оған мұны айтпаймын. Ең әдемі гүлдер әдетте құздың жиегінде өседі. Бірақ біз аңғарға түспестен бұрын «күн елінде» екеуміз алғаш рет кездескеніміздей бірдеңені айт, маған. Өзіңнің ата-аналарың туралы айтып бер!

Дін қызметкерінің бұрынғыдай мұңды болмағанына Палко қуанып қалды, сөйтіп, ол одан бұдан екі жыл бұрын тауға Рацга атасымен бірге келгенін; содан соң атасының ауырып қалып, үйіне барып өлгенін, Юрига атайдың мұны өзіне қабылдағанын әңгімеледі.

Ата-анасының бұған рұқсат бергеніне дін қызметкері таңданып қалды.

Одан соң бала Анна шешесінің оны таудан тапқанын, ал туыстарынан ешкім табылмағаннан кейін оны өзіне қалдырғанын айтты.

Дін қызметкері ынта қоя тыңдады.

— Жарайды, ал енді Юрига атаң өлсе, сен қайда барар едің?

Бала таңқалып, тоқтап қалды да, аңырған күйінде өзінің ұялшақ көгілдір көздерімен жан-жағына қарады.

— Иса Тәңірім маған бұдан әрі де көмектеседі, — деп ойлаймын, өйткені ол мен орманда адасып кеткенде маған Анна шешемді жіберген болатын. Ол өлген кезде мені Рацга атай қолына алды, ал ол өлген соң мені Юрига атай қабылдады. Әзірге атам мұнда тұрғанда таудағы үй бізге тиісті, ал ауылдағы үй атамның ұлдарына тиісті. Бірақ мен онда бола алмас едім. Мен енді бұрынғыдай кішкентай емеспін, сондықтан мені қызметке қабылдайтын біреу-міреу табылып қалар. Егер сізге, қымбатты діншілім, бақташы керек болса, мен оған қуана кетер едім.

— Маған ба? — деп үн қатты. — Бұл жақсы ой екен! Иә, егер сенің атаң өліп қалып, мен тірі болсам, менен

басқа ешбір адамға барма. Басқа ешкімге де бармаймын, — деп маған уәденді бер.

О, бала қалай қуана өз келісімін берді дейсің.

Бұлардың әңгімесін дін қызметкерінің үйіне дейін бірге еріп жүрген бірнеше әйел бөліп кетті. Онда Палко жақсы кешкі асқа кенелді, ал түнеуге оны дін қызметкері өзімен бірге жатқызды.

Ұйықтар алдында екеуі бірінен соң бірі бұлау қабылдады, сөйтіп жылы су оларды ұзақ саяхаттан кейін сергітіп жіберді.

Бала сиынып үлгерген бойдан-ақ, ұйқы оны құшағына ала кетті. Ол дін қызметкерінің оны көрпемен жапқанын, басынан сипап, бетінен сүйгенін әлі де сезініп жатты. Сәл уақыттан кейін ол терең ұйқыға шомды.

Таңертең бала күннің шығуымен таласа тұрды. Ол ақырын тұрып, киінгісі келгенде, дін қызметкерінің терезе алдында киініп отырғанын көрді. Оның тізесінде қасиетті кітап жатыр екен, бірақ ол оны оқып отырған жоқ. Оның көзі жұмулы, түсінде күліп отырғандай.

Таңертеңгі сәуле дін қызметкерінің жүзін нұрландыра түсті.

Бала ақырын киінді де, аяғын ұшымен басып, бөлмеден шығып кетті; құдықтың жанында жуынып, сүртініп, шаштарын тарап, бөлмеге қайтып келді.

Дін қызметкері бұрынғысынша терезенің алдында отыр, бірақ көздері ашық, ол шығып келе жатқан күнді қызықтап отыр.

Бала дін қызметкеріне ақырын келді де, өзіне есеп берместен, оның аяқтарына жүгінді.

— Палко сен тұрып үлгердің бе? — деді дін қызметкері баланың басынан жаймен сипап.

— Иә, уақыт болды ғой. Бүгін өте тамаша таң екен, тірілген Құтқарушыға Мариам келген күндегідей тамаша екен. Сізде бүгін ешқандай қайғының енді қапаландырмайтыны рас емес пе?

— Бүгін бе? О, жоқ, балақаным, бүгін мен өте, өте

бақыттымын! Мен мұны саған айтып бере аламын, өйткені сен мені түсініп, өзіммен біге қуана аласың. Бүгінгі күні мен нағыз «күн еліне» жол таптым! Енді мен мынаны айта аламын: мен Мәсіх Рухына ие болдым! Мен енді бір кездегі Марфа сияқты, күнді қабылдаған анау шықтай, Иса Тәңірімді қабылдадым. Оның мені шоқындырып, Өзіне қызметші етіп қабылдағаны үшін Тәңірге бірге алғыс айтайық! Бүкіл түн бойына ұйықтамағандықтан, менің енді сәл дамылдағым келеді. Бірақ бұл ештеңе емес. Бұл күн мен үшін өмірімдегі ең тамаша күн!

Олар бірге тізелерін бүгіп, сиынды. Содан соң дін қызметкері диванға жатты. Палко оған көпшік әкеп берді.

— Сіздің бірнеше сағат жақсылап ұйықтауыңыз керек, әйтпесе сіз уағызды қалай айта аласыз?

Дін қызметкері баланы кеудесіне қысты:

— Мені қалай уағыз айтасыз, — дейсің бе? Мен бүгін оны бұрын-соңды болмағандай етіп жасаймын. Бүгін мен өз өмірімде тұңғыш рет өз Тәңірімнің нағыз айғағы боламын.

Палко атасын өте сағынған еді. Соңғы екі аптада ол атасын екі рет: бірде таудағы лашықта, екінші рет орманда көрген болатын.

— Маған сенің керегің өте қатты сезіліп тұр, — деген еді сол кезде Юрига, — бірақ мына адамға бар ынтаңды салып қызмет ет, ол сенің өміріңде керек болады.

Бүгін Палко атасына барып келуге жиналды. Ол ертеңгі ассыз-ақ бөлмеден ақырын шыға бермек болды, бірақ үй қызметшісі қарт әйел оны байқап қалды. Ол оны сүт және нанмен тамақтандырып, содан кейін ғана жіберді.

ҚҰДАЙДЫҢ КІШКЕНТАЙ ҚЫЗМЕТШІСІ

Бұл кезде лашықта бір ерекше жағдай болып жатқан еді. Юрига шал хат алды, бірақ хат Америкадағы балала-

рынан емес, Лессингтен келді. Юрига Лессингтің әйелінің ауруы туралы Лишкаға біраз айтқанына қуанды, өйткені Лишканы хатты оқып беруді сұрағанда, ал хатта көбісі оның әйелі туралы жазылған.

Юрига Лишкаға ол әйелдің ақылы сәл қозғалғанын түсіндіруге тура келді, өйткені хатта былай деп жазылған еді:

— Жалпы алғанда мен әйеліммен оның сау күндерінде кездестім, бірақ менің анам маған кетуіме болмайды, — деп айтып отыр, өйткені оның әйелімді қарауға күші жетер емес. Бірақ сіз менің сіздерге тағы баруымның керек екенін білесіз ғой, әйтпесе мен үлкен шығынға батар едім. Осыған орай, маған әйелімді өзіммен бірге ала кету ойы келді; мен сізден өзіңіздің балаңыздың соның жанында болуын өте сұрар едім! Ол әрқашанда сүйкімді балақай, сондықтан мұның өзі әйеліме оң ықпал етеді, — деп санаймын. Бала онымен бірге серуендеп, жалпы алғанда соның жанында жүрер еді. Мен де сізге қарыздар болып қалмаспын. О, бізге, бақытсыз екі адамға аяушылық білдіріңіз!

Палко бізге өз бұрышын беріп, ал өзі бізбен бірге жатар еді. Оның үстіне менің әйелім бәріміздің кірімізді жуып, тамақ дайындап, жалпы алғанда, бүкіл үй жұмысын атқаратын болады. Ол мұны бұл жерде де тамаша атқаруда. Егер бала онымен бірге болатынын біліп жүрсем, мен де өз жаным жай тауып, Құдайдың жебеуші періштесі бізге келіп жүргендей болар едім. Кеше Ишя пайғамбардың кітабынан мен: «Сөйтіп, кішкентай балақан оларды жетектеп жүреді», — дегенді оқыдым.

Кенет мен Палконы өз көз алдымда көрдім. Мен оның бізді Құдайға жетектеп апаратын сол бір кішкентай балдырған екенін сезінемін. О, мен ол сияқты сене алсам!

Лишка хатты оқып отырып, көз жасын жиі-жиі сүртіп қойды.

— Иә, бұл шынында да солай: кішкентай балдырған оларды жетектеп барады; ол — сол балдырған.

Өз тарапынан Лессингке пайда келтіргеніне Юрига қуанышты болды. Жер жетеді, мейлі ол әйел келе берсін, иә, қайырымды Құдай жар болып, Палконың көмегі оған береке болсын!

О, оны үйде не күтіп тұрғанын балаға кім ерте айта алар! Ол бәріне де риза, тек бұған емес. Демек, ол енді өзінің сүйікті дін қызметкеріне қайтып бара алмайды.

Бала оны өзінің соншалық күшті сүйіп қалғанын, атасы оған қайтуға рұқсат бермегенде ғана барып сезді. Атасы дүйсенбіде түстен кейін Лессинг ағай әйелімен бірге келетінін және екі еркек жұмыста болған кезде оған мұның қызмет етуі қажет болатындығын айтты. Ол енді әйелмен үйде қалып, оған көмектесуі керек, ал ол саңырауқұлақ жинауға шықса, ізінен еріп жүруге тиісті.

Дін қызметкері өзіне көмекті қажет етеді, өйткені ол ауру, оны тауда алып жүретін адам жоқ, — деп Палко атасының көзін жеткіземін деп босқа әуреленді. Оның үстіне дін қызметкері орманшының үйінде енді бірнеше күн ғана тұратындығы айтылды.

— Тоқтат, енді өзіңнің діншіңді қайта-қайта айта бермей! — деп айқайлап жіберді оған атасы. — Ол дін қызметкері саған мүлде жат адам, католик, ал Лессинг болса, өзіміздің інжілдіктерден ғой. Сондықтан сен оған көмектесуің керек. Өйткені сен, Тәңір өзіммен бірге және бәрін естиді, — деп сарнап жүрсің. Сенің Лессинг сияқты бақытсыз адамға көмектесуден бас тартқаның Оған ұнай ма екен, мен бұл жағын білмеймін. Дүйсенбіде таңертең орманшыға барасын да, енді келмейтіндігіңді айтып ескертесің, бұдан әрі ешбір сөз болмасын!

Палко құмыраны алып су әкелуге кетті. Бұлаққа келіп, ол шөптің үстіне жата қалды да, қатты еңіреп жіберді. Басына қолын сүйеп, ол өз-өзімен сөйлесіп кетті: «Шынымен мен бәріне қызмет етуім қажет пе? Ағайдың өз әйелін үйінде қалдыруына да болатын еді ғой. Оны өзімен бірге алып жүру оған неге керек болды екен? Енді мен де Сені, Иса Тәңірімді өзіме қабылдай алмай-

мын. Егер үйін алып қойса, Марфада Сені қабылдай алмас еді. Енді олар ағай апаймен бірге мекен етуі үшін және менің атайға қайта оралуым үшін мені бұрышымнан айырды! Жоқ, мен риза емеспін! Одан да Дунаймен бірге далада ұйықтағаным жақсы! Содан соң атай — дін қызметкері мен үшін жат адам дейді, бұл шындық емес! Ал Лессинг ағай біз үшін туыс па еді? Ешқандай да, ол атаммен бірге тұрып, жұмыс істейтін кезден ғана таныс. Бірақ атам да менің нағыз атам емес қой; о, мен мұнда жат адамдардың арасында жападан-жалғыз жүрмін!»

Бала тағы да жылады.

— Палко, сен неге жылайсың? — деген атасының арт жағынан дауысы естілді.

— Өйткені менің жақындарым жоқ, сондықтан мен үнемі жат адамдардың арасында сергелдеңге түсіп жүруім керек, — деп жауап берді ол еңіреп.

Юрига балаға аяушылық білдірді.

— Жарайды, жетер енді! — деді ол аялап. — Шамалы отыр, менің саған бірдеңе айтқым келеді. — Мейірімді дауыс кішкентай абыржыған жүректі тыныштатты. Бала тыңдап, атасының қасына отырды.

— Мен саған дін қызметкеріне баруға рұқсат бермегенім үшін неліктен сен күйзелесің? Ол бай адам және ақшасына басқа жолбасшыны табады. Лессинг керсінше, кедей адам, оның үстіне өте бақытсыз. Біз қасиетті кітаптан Құтқарушының бақытсыз жандарға аяушылық білдіріп, үнемі оларға көмектесіп жүргенін оқимыз — ал сен болсаң, Лессингке көмектескің келмейді. Мен сенен мұны күтпеген едім!

— Ал сіз неліктен Лессинг ағайды бақытсыз, — деп есептейсіз, онда бәрі де бар ғой! — деп жасқана қарсылық білдірді Палко. Ол өзінің дұрыс істемегенін сезінді, Иса болса, бұлай етпес еді.

— Мен ол жөнінде әңгімелеп берер едім, бірақ сенің бұл туралы ешкімге, Лишкаға да, Лессингке де айтпаймын, — деп сөз беруің керек.

— О, мен ешкімге айтпаймын, ата, — бала өзінің кішкентай қолын ақ бас шалдың күс басқан қолының ішіне салды.

— Жарайды, онда тыңда: Лессинг ағайдың да кішкентай баласы болған, бірақ ол жоғалып кеткен. Оның әйелі бұған қатты қайғырып, ақыл-есін жоғалтты. Ол үнемі өз баласын — іздеймін, — деп ұмтылады. Сондықтан да Лессинг ағайың — әйел үйден жалғыз шығып, адасып кетпесін, — деп оны өзімен бірге алып отыр. Ол бұл жерде де өз баласын іздейді, сондықтан да сен онымен үнемі бірге жүруің керек.

— Оны табуға оған көмектесемін де! — деп үн қатып, бала секіріп тұрды. Баланың бетінде әлі де көз жасы жылтырады, бірақ көздері қуаныштан және іске кірісу тілегінен ұшқын атып тұрды.

Баланы көндірудің сәті түскеніне Юрига қуанышты болды. Енді Палко аурумен бірге адасқан балдырғанды бірге іздейді. Палконың дін қызметкеріне бармай, үйде қалатынын Юрига енді білді.

— Бірақ ұмытпа, — деп ескертті оған атасы, саған Лессинг отырған кезде де, басқа біреу отырған кезде де балдырған туралы сөз қозғауға болмайды.

— Бір апаймен ол жайында сөйлесуге бола ма?

— Иә, онымен болады.

— Демек, ол ұл екен ғой? Ал ол үлкен бе екен? Егер кездесе қалсам, оны тану үшін менің мұны білуім керек.

— Ол мүлде кішкентай, үстінде тек бір ғана жейдесі болған.

— Байғұс сәби! — деп аяушылыққа толы үн қатты Палко.

Осылай пікірлесіп, олар лашыққа жетті. Естігенінің бәрі оның ойы мен жүрегін билеп алғаны сонша, бала атасының құмыраны көтеріп келе жатқанына да назар аударған жоқ. Ол атасына үлкен төсек дайындауға кірісті.

— Рас емес пе, ата, біз бұл жерде де Иса Тәңірімізді қабылдай аламыз ғой?

— Әрине, ұлым, Оны қабылдасамыз бола ма? Біздің бүкіл лашығымыз Оған тиісті ғой!

— О, мен қандай қуаныштымын!

Келесі күні оның орманшының үйіне өзінің енді келе алмайтынын айтып ескертуге барғаны түсінікті еді, оның жүрегі мұңға толы болды, себебі ол әсіресе, дін қызметкерімен тіпті қоштаса да алмайтынын қайғырды.

Бірақ орманшының үйінде өзінен бұрын жеткен дін қызметкерін көргенде оның қуанышында шек болған жоқ. Баланы көрген ол онымен еркелете сәлемдесті.

— Саламат па, Палко! Мен бүгін күндегіден ерте тұрдым, сондықтан сен менен кеш келіп тұрсың.

— О, мен мүлде сізбен бірге жүру үшін келген жоқпын, — деді бала көзіне жас келіп. — Атам сізге сәлем айтып жатыр және мен үйге керек болғандықтан, сіздің басқа бала табуыңыз керек екендігін сізге жеткізуді тапсырды. Ол сіз сияқты мырза — әрқашанда ақшаға басқа біреуін тауып алады, — деді.

— Палко сияқты басқа баланы мен ақшаға да таба алмаймын, — деді дін қызметкері баланың басынан сипап. — Ал сен оған неге керек болдың? Егер оған өзім барсам, мүмкін, оны әлі де көндірермін; өйткені мен мұнда сәрсенбіге дейін боламын ғой.

— О, одан пайда жоқ, — деп ауыр күрсінді Палко. Ол көз жасын сүртіп, оның неліктен үйде қалуы керектігін және оған кімге қызмет етуге тура келетіндігін қысқаша айта берді. Сонымен бірге, ол әуелі өзін соншалықты бақытсыз сезінгенін де қосып айтты. — Енді мен атамды жұбатқым келеді, бірақ Иса Тәңірімді бірдеңемен ренжітіп алдым ба? — деп қорқамын.

Дін қызметкері ағаш түбіріне отырды, ал Палко өзінің әдеті бойынша, оның аяғының жанына отырып, өз басын дін қызметкерінің тізесіне сүйеді.

— Оны ренжіткен жоқпын ба, — дейсің бе? О, жоқ, керісінше, Ол саған таңқалар еді! — деп жауап берді дін қызметкері.

— Таңқалады дейсің бе? Неге?

— Өйткені сен жақында ғана Оның қызметшісі болуға уәде беріп едің ғой. Ол сенің шешіміңді елеулі деп санап, Өзіне қабылдады. Егер сен менде қызметте болсаң, мен қайда жұмсасам, сол жерге барып, мен не бұйырсам, соны істер едің.

— О, мен сіздің тапсырмаңызды қандай қуанышпен орындар едім, бірақ Исаның бұйрығын одан әрі қанағаттанып орындар едім!

— Міне, Палко, Ол маған және саған: «Өз айқышыңды ал да менімен бірге жүр», — дейді. Ол соншалық сүйетін Өз шәкірттерімен қуана қалған болар еді, бірақ Оның Аспандағы Әкесі Оған: «Мынау ауыр айқыш ағашты Өз иығыңа салып, оны Голгофке апар, әрі Өзіңді соған керуге мүмкіндік бер!» — деген ғой. Ол не істеді дейсің ғой? — Ол мойынсұнды.

— Демек, сіз Иса Тәңірім маған осы істі жіберіп, сізді тастап, апайға қызмет етуге жіберді, — деп ойлайсыз ғой? Сонымен, ол менің айқыш ағашым ба?

— Иә, балақаным, мен де солай ойлаймын. Оны өз ынтаңмен иығыңа ал. Тәңірім, бәлкім, ол адамды саған неге жібергенін білетін шығар, өйткені Ол сені маған қызмет етуге жібергенде де білді ғой!

— Сөйтіп, шынында да мен Оның қызметінде боламын ба?

— Шынымен, сен Оның кішкентай қызметшісі боласың.

— О, солай болуы мүмкін, Ол маған сонда кішкентай баланы табуға көмектесер! — Палко қуанышты түрде шаттанып қойды.

— Қай баланы айтасың?

— Мен бұл жөнінде ешкімге, Лискаға да, Лессингке де айта алмаймын; атам маған солай бұйырған. Бірақ сізді атам ескерткен жоқ, сондықтан да сізге айтуға болады, — деп ойлаймын.

Палко дін қызметкеріне бәрін әңгімелеп берді және

оның бұған жауап берместен, өзіне ерекше қарап қалғанына таңқалды.

— Анна шешең сені тапқан кезде қанша жаста едің, Палко? — деп сұрады ол сәл кідірістен кейін.

— Анам маған — шамамен бір жарым жаста болатынсың, — деген еді.

— Ал Лессингтің жоғалған баласы да ұл ма?

— Иә, бірақ өте кішкентай, бір ғана жейдесі болған.

— О, Тәңірдің жолы белгісіз! Жарайды, Иса Тәңірім саған бақытсыз әйелдің баласын табуға көмектесер, — деп ойлаймын. Әйелге ыждағатпен қызмет ет, сонда сен уақыты келгенде Тәңірге Оның осыған рұқсат бергеніне алғыс айтасың!

Баланың жанын ерекше бір зіл баса түсті. Бір сәтке ол бетін қолдарымен жауып, үнсіз қалды. Содан соң ол өз қожасына бұрылды.

— О, мен сондай күйініштімін!

— Күйініштісің бе? Неліктен?

— Тәңірдің шақырғанын түсінбей, Оған мойынсұнғым келмегеніме.

— Жарайды, сен біз үлкендердің жиі ойлайтынын ойлап тұрсың. Біз Тәңірге қызмет етуге уәде береміз, бірақ Ол бізді бір жерге жіберсе, біздің онда барғымыз келмейді, біз оған мойынсұнуды тілейміз. Біз Оның: «Өзіңді жоққа шығар да, Менің соңымнан ер!» — деген сөзін ұмытып кетеміз. Бірақ енді қайғыланба, балақаным, қайғы көмектеспейді. Тәңірден өзіңнің тыңдамағаныңды мойындап, кешірім сұра, сөйтіп, Ол сені кешіреді, содан кейін менің жанымда Оған қалай қызмет еткеніндей, апайыңның жанында да Оған солай адал қызмет ет!

Мұны Палкоға екі рет айтудың қажеті жоқ еді, иә, жоқ; ол Исаның алдында бар тәубесіне келіп, өз жүрегін дереу жеңілдетті, одан кейін көзінің жасы көл болып, Оған адал қызмет етуге уәде берді. Дін қызметкері де Тәңірдің Палкоға Оны Өзіне келтіруге көмектескендігіндей, сондай-ақ Лессинг пен әйелін де Өзіне келтіруі үшін сиыңды.

Енді дін қызметкері Палконың бетінен сүйіп, оның көз жасын сүртіп былай деді:

— Мазасызданба, біз бәрібір жақсы достар болып қаламыз, өйткені біз бір Қожайынның қызметшілеріміз ғой. Егер саған ауылда болуға тура келсе, маған келіп тұр. Сенің Жаңа Өсиетіңді өзіңе қайтарамын, ол саған әлі де керек болады. Менің үйімде толық Киелі кітап бар, мен тағы да көптеген Киелі кітаптарын жаздырып алмақпын.

Дін қызметкері қалтасынан қымбатты кітапты суырып алып, толқыған түрде оны өзінің ерніне тигізді де, содан соң өзінің кішкентай досына ұсынды.

— О, кітап менің жанымға істегенін басқаларман де соны істейтін болсын! — деді ол көзінен жас ағып.

Олар орманшының үйіне бірге келді, онда Палко орманшымен және оның әйелімен қоштасты, оларға атасының Палкодан үйге қайтуды талап еткені мүлде ұнамады. Бірақ дін қызметкері оларды тыныштандырып, оның өзінің енді барлық соқпақтарды жақсы білетінін, сондықтан бұл үш күнді жалғыз өткізетінін айтты.

Орманшының әйелі Палкоға Дунайды шақыруға кішкентай ысқырғыш және жалт-жұлт еткен крон (Австрия тиыны) сыйлады. Сонымен бірге ол өзі әрең-әрең көтеріп жүретін әр түрлі жақсы заттар ораған түйіншек берді.

— Егер сенің бұл маңға жолың түссе, тіпті сататын ештеңең болмаса да келіп тұр, — деді ол.

Палко қуана уәдесін берді.

Дін қызметкері оны лашыққа дейін шығарып салды. Ол атасына алғыс айту үшін келіп, оған жаңа алтын тиынды сыйлады.

Палконың дін қызметкерін соншалық жақсы көретініне атасы енді таңқалған жоқ. Ол шынында да, сирек кездесетін жақсы адам еді. Атасы Палконың жақсы қызметі үшін, дін қызметкері оған екі крон берер, — деп ойлады, бірақ ол оған он крон және тағы да баланы тәрбиелеуі үшін атасына он крон берді.

Дін қызметкері кеткен кезде Юрига орманшының әйелі жіберген түйіншекті шешті.

— Тыңда, ұлым! Мен сенің жақсы қызмет еткеніңді көріп тұрмын. Тәңірім ізгі орманшының әйелін, оның бізді еске алғаны үшін жарылқай берсін!

— Енді сіздің менің қамымды жеуіңіздің керегі жоқ, рас емес пе, ата, енді мен сіз үшін де бірдеңе таба аламын!

— Әлбетте, ұлым! Мына он кронға мен саған қысқа арнап, жаңа етік сатып аламын. Бұған ақша қайдан табылады, — деп мен басымды қатырып жүр едім — ақша міне! Қасиетті Жазу: «Алдымен Құдай Патшалығы мен Оның шындығын іздеңдер, қалғаны бәрі болар!» — деп шындықты айтады. Бұл сыйлықты да Құдай дәл бір көктен түсуге әмір еткен сияқты. Енді мен екеумізді де қысқа қажетті заттармен қамтамасыз ете аламын. Ал сен әкелген азық бізге екі аптаға жетеді. Иә, «Құдай дегеніміз — сүйіспеншілік», — деп Киелі кітап бекер айтпаған.

ЛЕССИНГТИҢ ӘЙЕЛІ

Жас досының ауру әйелімен тұруы жеңіл болады, — деп Юрига қарт ойлаған жоқ еді. Бірақ Лессингті жақсы көретіндігіне орай, ол тек оған көмегін тигізсе, кейбір ыңғайсыздықтарға төзуге дайын болды. Алайда өзі ойлағандай, мұның бәрі сондай жақсы өтіп жатты.

Лессинг әйелімен бірге кешке жақын келді. Олардың екеуі де шаршаған, сондықтан өздеріне ұсынылған сорпаны алғыстарын білдіре отырып ішті. Содан кейін өздерімен әкелген көрпе мен жастықты алып, өздеріне төсек салды да, демалуға кетті.

Тек келесі күні ертеңгісінде ғана Юрига жас әйелмен жақынырақ таныса алды.

— Байғұс, қандай аянышты, — деп ойлады ол оны есіркеушілікпен, — қандай әлі жас, көп болса, 26-да шы-

ғар, қандай сұлу дейсің! Бірақ ол кімге ұқсас, маған кімді еске түсіріп тұр? Біздің онымен қалай тұратынымызды Құдай білер!

Әйел әзір олардың мазасын алған жоқ. Таңертең әйел бұларға жақсы сорпа пісіріп, Юрига мен Палконы — ала келген самсасымен сыйлады. Бұлардың жанында масаттана секіріп жүрген Дунайға да үлес тиіп қалды. Палкоға әйел жаңғақ та әкелді. Ал Лессинг балаға жаңа костюм мен кепка берген кезде, ол киінуге көмектесті. Бала алғашқы көрген сәттен-ақ оған өте ұнады. Үлкендермен ол мүлде дерлік әңгімелеспейтін, бірақ баламен қалай оңаша қалса, бірден сөйлей бастайтын. Оның дауысы жағымды еді, рас сәл мұңды, қайыңның сыбдырына ұқсайтын.

Лишка келген кезде ол да самсаның бір бөлігін жеді. Ол Лишканың сұрақтарына ынталана жауап берді, бірақ Лишка әйелге қарай отырып, көз жасын тия алмады.

— Сен, ұлым оны өзіңмен бірге алып келгенің жақсы болды, — деді Юрига Лессингке бір аптадан кейін. — Бала оған ұнайды, — деп сен дұрыс айтқан екенсің.

— О, ол кімге ұнамасын, — деп жауап берді Лессинг.

Енді олар — жас әйелдің іші пысады, — деп қорықпай, өз жұмыстарына жәймен кете алатын. Бірақ оның зерігуге уақыты жоқ еді. Әйел лашықтан табылған бүкіл лас киім-кешек атаулыны жуды. Ол тамақ дайындады, лашықты жинастырды, Палкомен бірге жинаған саңырауқұлақты кесіп кептірді. Ал егер оның жұмысы болмаса, ол тігіп, немесе жамап-жасқады. Тіпті ол Лишканың да жейдесін жамап берді. Одан соң тағы да кесте тікті.

Палко оған өте мұқият көмектесті. Бала оған өзінің «күн елі» жайында да бірдеңе айтып берді. Келесі күні дереу оны сонда апарды. Ол әйелге өзінің кітабын көрсетіп, сөздерді ажыратуды үйретті. Әйел баланы ынталана тыңдады. Кейде ол өзінің қайғылы ойына шомып кететін.

Палко оның өз баласы туралы ойлап тұрғанын аңғарды. Сондықтан ол әйелді күн өткен сайын одан әрі жақ-

сы көре бастады. Олар бірге жүрген кезде, әдетте, екі балаға ұқсап, бір-бірінің қолдарынан ұстап жүрді.

Бірде әйел тағы да өз ойына беріліп отырған кезде, Палко кенет өз басын оның иығына сүйеді.

— Апай, — деді ол, — сіз шамасы, өз балаңызды қайғырып отырған шығарсыз; мұңаймаңыз, біз оны табамыз. Мен бұл жөнінде Иса Тәңірімнен сұрағанмын, Ол бізге көмектеседі.

Оның сөзіне толқыған әйел балаға қарап, оны құшақтады. Орамалы оның басынан түсіп кетті, күн сәулесі бір-біріне екі тамшы судай ұқсас екі сүйкімді жүзді нұрландыра түсті.

— Сен маған оны тауып бересің бе, Палко?

— Әлбетте, апай, біз оны табамыз, тек сіз маған оның қандай екенін айтыңыз?

— Дәл сен сияқты, бірақ кішкентай еді.

— Ал ол жүретін бе еді? — деп жалғастырды Палко апайын өзінің кішкентай қолдарымен құшақтап. О, ол ана мейірімін көптен білмей жүр.

— Иә, мен оны қолынан ұстағанда ол өзіммен қатар жүретін; шамалы уақыт жалғыз өзі де жүре алатын.

— Ал сіздің балаңыздың аты кім еді?

— Біз оны Мишко, — деп атайтынбыз.

— Жарайды, біз оны іздеген кезде: Мишко, Мишко! — деп шақырамыз. Сіздің шақырғаныңыз дұрыс, менен ол қорқып кетуі мүмкін, өйткені ол әлі кішкентай ғой.

— Апай, — деп сұрады ол, жас әйелдің құшағынан босана беріп, — сіз балаңызды қашан жоғалтып едіңіз?

— Қашан, — дейсің бе? — ол оған қысыла қарады. — Мен мұны, Палко, білмеймін. Менің басыма бірдеңе болған. Басым жиі ауырады, мен ондай кезде ештеңе білмеймін. Бірақ мұнда, тауда маған жақсы. Мұнда менде үйдегідей емес жаным да жай табады.

— Білесіз бе, сіздер мұнда мүлде қала алар едіңіздер. Біз қыста төменде, ауылда тұрар едік. Біздің үйде бәрімізге де орын жетеді. Онда біздің үлкен үйіміз, ас үй

және қоймамыз бар, біз бейбіт өмір сүрер едік, — деп ойлаймын.

— Мен сенімен қуана-қуана қалар едім.

Баланың көзіне жас келді. Ол әйелдің оны жақсы көретінін сезді.

— Әуелде сізге қызмет еткім келмегенімен, мен сізді өте жақсы көремін, өйткені маған дін қызметкерін қалдыруға тура келді. Ол мені көп нәрсеге үйретті, мен оған шын көңілден қызмет еттім. Бірақ мен сізге де қызмет етемін, рас емес пе? Менің Тәңірім риза болады, — деп ойлаймын. Керек болса бұл менің айқыш ағашым, ол мүлде соншалық ауыр емес. Бірақ біз сіздің балаңызды әңгіме қылып отырмыз ғой.

— Ах, иә! Үйде адамдар — оны, бәлкім жабайы аңдар пәршелеп тастаған шығар, — дейді. Бірақ мен бұған сенбеймін, — деп жауап берді ол басын салбыратып. — О, оның тірі екенін мен анық білемін. Оны аңдар пәршелеп тастады, — дегенге сенбеймін!

— Бұл сөзге сенбеңіз, — деп жұбатты оны Палко, — олар айта береді. Кішкентай кезімде мені де анам Вагталъ жақтағы таулардан тапты, мен онда адасып кеткен тәріздімін. Бірақ Иса Тәңірім мені сақтап қалды, сондықтан ешқандай аң маған тимеді. Оның Өзін де жауыз Ирод өлтіргісі келді ғой, бірақ Мариам мен Жүсіп оны алысқа алып кетеді.

— Демек, сені анаң тауып алған ба? — деп үн қатты ол. — Бұл қалай болған?

— Егер сіз қаласаңыз, мен бәрін егжей-тегжейімен айтып берейін. Анам саңырауқұлақ жинап жүрді. Кенет ол баланың жылағанын естіді. Ол дауыс шыққан жаққа қарай барғанда, жол бойынан кішкентай баланы тауып алды. Оның тек жейдесі ғана бар, жаланаяқ екен, бала су сұрады. Ол балаға су мен нан берді. Сөйтіп ол кімнің баласы екенін білмегендіктен үйге әкелді де өзінің олжасы туралы болысқа хабарлады. Бірақ ешкім келмеді. Сол кезде ол мені Құдайдың үрметі үшін қабылдады, одан кейін мені Юрига

алды. Бірақ апай, — деп үн қаты ол, — мүмкін сіздің Миш-коңызды біреу-міреу тауып, асырап алған болар, сондықтан біз оны мұндағы таудан бекер іздейміз?!

Әйел тұрып кетті, басын қос қолымен қыса ұстап, ойға батып, өзіне-өзі естілер-естілместен: «Оның қайда екенін кім білген?» — деді.

— Мазасызданбаңыз, — деп жұбатты Палко бақытсыз әйелді, — оның қайда екенін Тәңірім білетін шығар. Біз Тәңірден баланы табуға көмектесуін сұраймыз. Қазір тауда көп әйелдерді кездестіруге болады. Олардың біреуі бала тауып алған жоқ па екен? — деп біз әрқайсысынан сұрап көреміз. Мүмкін біз оны тапқан әйелді кездестіру бақытына ие болармыз.

Сол күннен бастап, Лессингтің әйелі мен Палко әр күн сайын өздерінің Мишкосы туралы айтып жүрді. Баланың қайда екенін Ол оған ашуы үшін, Палко әйелге Тәңірден қалай сұрау керек екендігін үйретті. Әйел — бала тірі және оны тауып аламын, — деп қатты сенді. Сол кезден кейін ол неғұрлым сөзшең бола түсті, әрі оның бұрыңғы қуқыл бетіне қызғылт шырай жүгірді.

Юрига, ол соншалық кімге ұқсайды, — деп жиі ойлайтын. Әйел отырған жерде бәрі өздерін жақсы сезінді, сондықтан олар оны қуанту үшін қолдарынан келгендерінің бәрін істеді.

Лессингтің өзі әйелінің көңілін қалай табуды білмеді. Әуеліде әйелі одан аулақ жүргендей көрінді, бірақ кейіннен ол бұлай істемейтін болды. Кейде ол орманнан көктерек дөңбегін әкеліп, оны бөліп, қасық оюға кіріскенде, әйел болса, қолына кестесін алып, оның қатарына отырып, оған сондай нәзіктікпен ықыластана қарайтын, ал Лессинг болса, қуаныштан айқайлауға дайын еді.

Ол Жаңа Өсиетті естірте оқыған кезде, әйелі әдетте оған жақын отырып, мұқият тыңдайтын.

Құдай күнәкарларға рақымды, — дегенге Лессинг енді сенуді үйренді; Ол енді өзінің сүйікті әйелін жазып жіберуді Иса Тәңірден сұрауды үйренді.

Палко оған дін қызметкері қасиетті кітаптың кейбір жерлерін оқып, нағыз «күн еліне» жол тапқанын айтты.

Лессинг те оны табуды аңсады; бірақ ол өз әйелісіз онда барғысы келмеді және жалғыз бара алмады. Егер оның әйелі сондай бақытсыз қалпында және Мәсікке сене алмай осында қалса, Құдай Лессингті онда қалай қабылдамақ. Өйткені, тек оның күнәсі үшін әйелінің санасы тұманданды ғой.

Палко «күн елінде» жалғыз өзі оқып шыққанын білмеген олар, қасиетті кітапты, басынан бастап, жолма-жол оқып шығуға ұйғарды, сөйтіп, оны барған сайын жақсы түсінетін болды. Бірақ сол кітапты оқу үстінде олар уақыттың қалай тез өткенін байқамай қалды.

Лишка енді осында отырып, үйіне түнемелікке ғана кететін. Кейде ол Палконы өзімен бірге алып кететін, мұндайда олар оқығандарын түн ортасына дейін талқылайтын.

Лессинг күн өткен сайын құтқарылу жолын көбірек түсінуді аңсады. Ол әйелі де осы жолда болуын Құдайдан сиынып сұрады. Ол өз нәрестесін табуға енді үміттенген жоқ. Ол енді оның мәңгі «күн елінде» тұратынына сенді және баласын сол жақтан табуға үміттенді

ДІН ҚЫЗМЕТКЕРІНІҢ ҮЙІНДЕ

Олар бәрі бейбіт және жақсы тұрғандарымен, балаға бірдеңе жетіспейтін. Кейде ол дін қызметкерін соншалық сағынатындықтан: «Иса Тәңірім, мен өз айқыш ағашымды мінсіз алып жүргім келгеніммен, ол бәрібір ауыр ғой!» — деп қайталауға тиісті еді.

Оның кішкентай жүрегі оны толық түсінетін, бұл жерде ешкімнің жоқ екенін сезінетін, дін қызметкері болса, сөз жоқ оны түсінер еді. Осы уақыт ішінде оған ауылға барудың бір рет те сәті келген жоқ. Алғашқы

жексенбіде жаңбыр болды, ал екіншісінде атасы — Лес-синг ағай және Лишка ағаймен бірге шіркеуге кетті. Олар түстен кейін келген кезде Палко орманшыға барып қайтуға рұқсат сұрады. Өткендегі сыйлығы үшін ол орманшының әйеліне жақында жинаған саңырауқұлақтан аздап апармақ болды. Ол өзімен бірге Дунайды ертіп алды да, екеуі бар күштерімен жүгіре жөнелді.

Баланың жан дүниесі тордан босанып шыққан құс сияқты болатын, Дунай бұған онымен бірге қуанды.

«Ақыр аяғында, мен дін қызметкерінің халін білемін», — деп қуана ойлады Палко. Жол бойында ол өзінің апайы үйреткен әнді шырқаумен болды. Орманшының үйіне дейін ол тез жетті де орманшының әйелін үйінде жолықтырды.

— Атам сізге сәлем айтып жатыр, мен сізге өткенде заттарды ораған орамалды және соған алғыс ретінде аздаған саңырауқұлақ әкелдім.

— О, қандай тамаша саңырауқұлақ! Сен бұларды қайдан таптың? Менің де сәлемімді атаңа жеткіз және оған менің өте риза екенімді айт. Шамалы, отырып, кофе іш. Үйде мен мүлде жалғызбын, сенің келуің менің көңілімді көтерді. Саған да, бәлкім ешқайда асығудың қажеті жоқ болар?

— О, жоқ, — деп жауап берді Палко. Ол дін қызметкері туралы сұрап хабар алатындығына өте қуанышты еді. Орманшының әйелімен әр нәрсе туралы әңгімелескен ол, оған жалынышты көзқараспен қарап:

— Айтыңызшы, мархабат, мырза діншіміздің халі қалай?

— Біздің дін қызметкері ме? Ол жақсы, балақаным. Тек ол қазір өзгеше күйде жүр, — деді ол басын шайқап.

— Қандай өзгеше?

— Бұл жексенбіде ол бұрын-соңды болмағандай уағыз айтты! Орманшының әйелі Палкомен өзімен тең адамдай сөйлесті, бәлкім, мұның себебі, ол соншалық ілтипатпен және байсалдылықпен тыңдағандықтан болған шығар.

— Иә, мен онда сол жексенбіде таңертең болғанымда, ол маған — бұрын-соңды болмаған уағыз жасаймын, — деп айтты. Мұның себебі, ол енді мәңгі нұры бар нағыз «күн еліне» жол тапты.

— Демек, ол бұл жөнінде саған айтқан екен ғой? Иә, ол сол ертеңгілікте сондай бір ерекше сөздер айтып еді. Егер сен онымен екі апта бірге болмасаң, мен оған бұл жөнінде әңгімелеп жатпас едім, өйткені сен әлі баласың ғой. Ол осы кезге дейін біздер үшін сенімді бақташы ретінде қам жемегендігін айтты; өйткені ол осы кезге дейін жоғарыдан туылуды басынан кешірмеген және өзінің күнәсі кешірілді ме, жоқ па? — соны білмеген. Ол бізге Иса Тәңірді білетін сияқтымын, бірақ өзім Оны өз жүрегімде қабылдамаған сияқтымын, — деді. Содан кейін ол біз әрқайсымыз Иса Тәңірді өз жүрегімізде қабылдауға тиісті екенімізді және енді ол Тәңірге баратын жолды көрсетіп, бізді Оған апаруға дайындығын айтты, өйткені ол өзі осы шапағатты бастан кешіріп, Құдай оны Өз нәрестесі ретінде қабылдады.

Мен осының бәрін саған тиісті дәрежеде әңгімелеп бере алмаймын, балақаным, бірақ бүгінгі одан естіген уағызды да мен ешқашан ұмыта алмаймын. Мен бүгінгі күнді төзімім таусыла күттім, өйткені оның Құдайға баратын жолды қалай көрсететінін білгім келді. Ол бүгін Құдайдың қандай ұлы және қасиетті екендігін, әрі біздің қандай үлкен күнәкар екенімізді айтты. Содан соң ол біз Құдайға жүгінбесек және Иса Мәсіхке келмесек, бізді мәңгілік өлім күтетіндігін әңгімеледі.

Шіркеудің іші соншалық тыныш, тіпті иненің түсіп кеткені де естілерліктей еді: ешкім селт еткен жоқ, бәрі де аса ықыласпен тыңдады. Мен, тіпті саған мұның бәрін жеткізе алмаймын, — оның сөзі мүлде біздің бұрынғы дін қызметшісіне ұқсамайтын, соншалық ерекше болды.

Құдайға сиынудан кейін халық көшеде жиналып, топ-топ болып тұрды: ол жаңа ғана айтқан сол ақырет сотының — ұлы, қорқынышты күні келгендей, бәрі де әбігерленді.

Ол уағызында тағы бір кітапты еске алып, соны оқу арқылы Құдай мен Мәсіхке жол тапқанын айтты. Ол кітапта не жазылғанын мен анық түсінбедім, тек сол кітапты жолма-жол оқу керек екендігін есте сақтап қалдым.

— Міне, ол кітап, — деді Палко қойнынан кітапты суырып алып.

— Демек, сол кітап сенде ме? — деп сұрады аң-таң болған орманшының әйелі. Әйел асығыспен көзілдірігін алды да, Палко алғашқы бетті ашқанда ол: «Зейін қойып, жолма-жол оқып шық», — дегенді оқыды. — Сен бұл кітапты қайдан таптың? Мұны саған біздің дін қызметкері берді ме?

Кітапты қандай жағдайда тапқанын бала тағы да айтып беруіне тура келді. Орманшының әйелі оны таңқала отырып тыңдады. Сонымен бірге, ол кітапты дін қызметкері екеуі бірлесіп оқығандарын және бір кезде Мариамның Қасиетті Рухты, нағыз шықтың тамшысы күнді қабылдағанындай, екеуінің де Иса Тәңірді қабылдағанын әңгімелеп берді.

— О, балақаным, сен қандай бір болмасын әулие немесе ғибадатханадағы он екі жасар Иса сияқты сөйлеп тұрсың! — деп үн қатты ол таңқалып. — Сен бұл кітапты маған қалдырып кете алмайсың ба?

Палко бір сәтке ойланып қалды.

— Мен сізге шын көңілден берер едім, бірақ мен өзім аяғына дейін оқып бітірген жоқпын. Рас, Лессинг ағай бізге үйінен толық Киелі кітапты әкеліп қазір одан бізге естірте оқиды. Бірақ мен өзімнің «күн еліме» барғанда бөлек оқимын. Ал атаймен бірге жидек теруге шыққанда мен оған дауыстап оқимын. Үлкен кітапты өзіммен бірге алып шыға алмаймын және оны өз кітабым сияқты жақсы оқи да алмаймын.

Бірақ біз былай істейік! — деді ол кенеттен. Дін қызметкері бұл кітапты қайтарғанда — осындай көптеген кітаптарды жаздырып аламын, — деген еді. Демек, мұндай кітаптар әлі де бар.

— Ол солай деді ме? — деп қуана сұрады орманшының әйелі. — Демек, Палко, егер сен күндегіден сәл кешірек қайтсаң, атаң саған ренжімейді, өйткені бүгін жексенбі ғой, ол сенсіз-ақ ісін бітіреді. Мен өзіміздің дін қызметкерімізге бірдеңе жібергім келеді. Сен оған соны апарып және мен үшін осындай кітапты тауып беруін сұрай алар ма едің? Қанша тұрса да мен төлеуге дайынмын. Сен келісесің бе?

— Неліктен келіспеймін! Мен онда дін қызметкерін көремін ғой! — деп үн қатты ол көңілденіп.

Бала әйелдің себетке пісірілген екі көгершін, аздаған жұмыртқа, Палко әкелген саңырауқұлақтың бір бөлігін, қой ірімшігінің бір бөлегі мен жас майды салып жатқанын көрді.

— Осыларды апарып, менің бас иіп, берген сәлемімді айтарсың. Дін қызметкеріне оның уағыздарын енді ұмыта алмайтынымды жеткізерсің. Менің Құдайға жол тауып, мәңгілік өлмеуім үшін ол маған арнап дұға оқысын. Оның айтқанының бәрін істеуге ризамын. Егер ол мені тіпті ең алыс жерге қажылық етуге жіберсе де, мен барар едім. Сол сияқты мен өліп кетпеуім үшін дін жорасын жасауға дайынмын.

Барлық жол бойында, бала осы сөздер төңірегінде ойланумен болды.

«Орманшының әйелі мұны қалай түсінеді? Иса Тәңірім: «Маған келіңдер!» — деп анық айтты ғой. Марфа ешқайда барған жоқ. әрі оған ақша төлеуге де қажет болмады; тек ол Иса Тәңірді ғана қабылдады. Орманшының әйелі, бәлкім, шөл даладағы мыс жылан туралы әңгімені білмейтін шығар, мен де білмедім ғой. Немесе Мысырдағы израильдықтар туралы әңгімені алайық, олар өздерінің орнына қозылары өлгендіктен ғана өлген жоқ. Иса Тәңірім Сен де, біздің күнәларымыз үшін айқыш ағашта өлген сол бір Құрбандық Қозысың! О, менің бұл туралы оған айтпағаным қандай өкінішті. Бірақ ұмытып кетпесем, оған қайтып келген соң айтып берер едім. Ал әйелде қасиетті кітап болған кезде бәрін білетін болады.

Енді мен оған өз кітабымды қалдырдым, мейлі ол шамалы да болса, оқысын. Тек бұл жөнінде кітаптың басында айтылмағаны өкінішті-ақ! Бірақ кітапты жолма-жол оқу керек қой, әйел мұны сол кезде табар еді.»

Көп кешікпей бала дін қызметкерінің үйіне жетті. Алдыңғы есіктен оны қызметші әйел қарсы алды.

— Дін қызметкері сәл дем алып жатыр еді, — деді ол. Басқа адамды мен жібермес едім, бірақ ол сені — өзіме әрқашанда жібер, — деп айтып қойған. Себетте не бар екенін дін қызметкеріне көрсет, содан соң басқарушы әйелге бер.

Бала дін қызметкерінің бөлмесіне ақырын кірді. Дін қызметкері тақтай төсекте жатыр екен, ол бала кіргенде көзін ашты.

— Саламат па, Палко! Ақырында сен келдің-ау! — оған сәлемдесуге қолын ұсынды. — Ал мен мүлде ұмытып кетті, — деп ойлап едім. Жарайды, жылама! Сенің маған қуана-қуана келетініңді мен білемін ғой.

— О, қандай қуанышпен десеңші!

Палко көз жасын сүртіп, себетті столға қойды. Содан кейін ол тақтай төсекте тізесімен тұрып, бұрын істемегенін істеп, апайды құшақтағанындай дін қызметкерін құшақтады, сөйтіп өзінің кішкентай, күнқақты жүзін дін қызметкерінің құп-қу шекесіне тигізді.

Жалғыз басты дін қызметкерін осы бір балалық сүйіспеншілігінің шын көңілінен шыққан көрінісі тебіrentкені сондай, ол баланы өз кеудесіне басып, оның тап-таза, аппақ маңдайынан сүйді.

— Сіз неге жатпайсыз? Сіз шаршадыңыз ба, немесе сырқаттанып тұрсыз ба? — деп сұрады бала қамкөңіл пішінмен.

— Иә, мен сәл шаршадым, Палко, оның үстіне кеудем бүйірім шаншып, дем алу қиын болып тұр. Басқа адамға мұны айтпас едім; ал саған, менімен бірге Иса Тәңірімнен маған денсаулық берсін, — деп сұрауың үшін айтып тұрмын.

— О, онда Одан қазір сұрайық, содан кейін сізге неге келгенімді айтамын.

— Иса Тәңірім, қайырымды да, қымбатты Исам, — деп сиынды бала, — мен Сенің бізбен бірге екеніңді білемін! Қымбатты діншілімнің тәніне саулық бер! Өйткені сен оның ауру екенін және сондықтан уағыз да, басқа да жұмыс жасай алмайтынын білесің ғой, ал ол Сенің жолыңды айту үшін халыққа, сондай-ақ орманшының әйеліне де керек!

— Егер сен, Құдай Ұлы ретінде адамдарға, оның ішінде маған қуат берсең, — деп қосып қойды дін қызметкері, — онда Сенің арманың үшін, егер екі немесе үш адам бірдеңе сұрауға келіссе, — онда осы ауруды жойып жібер! Мен әлі де шын көңілмен еңбектеніп, Сенің маған да жіберген о дүние туралы айтар едім! Сенің халқың түнекте құрып бара жатыр! Менің өзім көптеген жылдар бойы зағиптардың зағип көсемі, табынның алдында жүрмейтін жалдамалы бақташы болдым. О, қатемнің бір бөлігін жөндеуге маған рұқсат бер! Мен әлі жаспын; өмірім алда! Егер Сен мені сауықтырсаң, онда бұдан арғы өмірімді бүтіндей Саған арнауға уәде беремін! Аумин!

Бөлмеде шіркеудегідей тыныштық орнады. Ақыр аяғында, Палко тыныштықты өзінің үнімен бөліп жіберді.

— Ол біздің сиынуымызды естіді және біздің Одан сұрағанымызды жасады!

— Мен бұған сенемін, Палко, тек мен үшін сиынуыңды жалғастыра бер. Өйткені сен екеуміз бір Тәңірдің қызметшілері екенімізді, бір-бірімізге көмектесетінімізді білесің ғой.

— Сізге сәл жақсы болды, рас емес пе?

— Иә, сен келісімен маған дереу жеңіл бола бастады. Сен білесің бе, менде де сен сияқты жақындарымнан ешкімім жоқ. Сондықтан мен мүлде жалғыз жатқанымда жүрегімді өте ауыр мұң басты.

— Шынымен-ақ сіздің әкеңіз де, шешеңіз де жоқ па?

— Олар баяғыда-ақ өліп қалған.

— Сонымен, сіздің бірде-бір атаңыз, аға-ініңіз, апа-қарындастарыңыз жоқ па?

— Менің аға-інілерім мен апа-қарындастарым көп еді, бірақ олардың бәрі дерлік құрт ауруынан өліп кетті.

— Ал бұл жерде болған бике ше, ол сіздің қарындасыңыз ғой?

— Иә, менде жалғыз сол ғана қалды. Бірақ ол бұл жерден алыс тұрады және өзінің жанұясы бар. Сөйтіп, егер мен ауырып қалсам, ол маған қарау үшін келе алмайды.

— Ал сізде тұратын кемпір ше?

— Ол — менің марқұм әкемнің апасы. Сен келгенге дейін мен өзімді Иса Тәңірімнің Гефсиман бағында болғанындай, тастанды сезіндім. Енді Ол маған сені жіберді; бұл үшін Оның даңқы арта берсін! Бірақ сен, өзіңмен бірге бірдеңе әкелген сияқтысың?

— Иә, сәл ұмытып кете жаздадым. — Орманшының әйелі сіздің тез сауығып кетуіңіз үшін бірнеше дәмді тағамдарды жіберді. Міне, екі көгершін, бірнеше жұмыртқа, сізге сондай ұнайтын ірімшік, аздаған нан мен май.

— Рас, айтасың, Палко, бұл дәмді тағамдар екен. Мен ертеңгіліктен бері тамақ ішкен жоқпын, өйткені уақытым болмады. Мен екі уағыз айтып, бір жерлеу ісіне қатысып, басқа да істер атқаруым керек болды. Енді тамақтанғым келеді. Өзіңе және маған бір тілімнен нан кес, дастарханға май мен ірімшікті де қой.

Олар дастарханға отырды. Дін қызметкері аз жеді, бірақ баланы көп сыйлады. Дунай да өз үлесін алды.

Содан кейін дін қызметкері балаға себетті ас үйге апаруын және кемпірден оны босатып беруін сұрауды өтінді.

Палко орманшының әйелінің тапсырмасын орындап, оның айтқанының бәрін дін қызметкеріне әңгімелеп берді. Палко дін қызметкерінің бұған қалай қуанатындығын ойламаған еді. Ол тұрып, бірнеше кітап жатқан столға жақындады да, біреуін алды.

— Құдайға шүкір! Мен бұларды көп жаздырып алдым, бірақ олар маған дереу керек болады, — деп ойламаған едім.

Дін қызметкері столға отырып, кітаптың алғашқы бетіне Палконың кітабынан алынған бірнеше сөздерді жазды, тағы да бірнешеуін қосты. Содан соң ол кітаптың үстіне екі қолын қойды да, сиыңды. Біраз уақыттан кейін қарт әйел кіріп келді. Ол себетті алып келді, бірақ ол бос болмады.

— Мен мұнда Палко мен оның атасы үшін бірдеңелерді салдым, — деді ол дін қызметкеріне. — Сен бірақ өте шаршаған көрінесің. Жатқаның дұрыс емес пе? — деді ол қамқор пішінмен төсек дайындай бастап.

— Сәл кідіре тұрыңыз, апай. Алдымен мен Палконы аздап шығарып салғым келеді. Оның кетуі керек, өйткені үйіне дейін алыс.

Айрылысу балаға соншалық ауыр тиіп көрмеген еді; ол жылап жіберуге дайын тұрды.

— Сіздің рұқсатыңызбен мен мұнда қуана-қуана қалар едім, — деді Палко, — өйткені сіз сондай жалғызсыз ғой!

— Бұл жарамайды! Сенің атаң қайда екеніңді білмейді, сені іздеп әбігерленер, орманшының әйелі де сөйтеді. Үйіңе қайт, терлеп, салқын тиіп қалмау үшін жүгірме. Мен енді тыныштандым. Менің де Иса Тәңірімді өз үйіме қабылдағанымды сен білесің ғой. Оны ұмытпаймын. Білесің бе, атаңнан сұра, ол саған сондай қайырымды болғандықтан маған келсін; маған онымен бір маңызды іс бойынша сөйлесуім керек, — деді дін қызметкері қоштасып жатып.

Палко үйге келгенше кеш болды. Атасы Лессинг екеуі оны іздеген екен. Ол оларға қайда болғанын айтты, сөйтіп бәрі де ойдағыдай болды. Ол өзін шаршаңқы сезінгендіктен ұйықтауға кетті.

— Менен дін қызметкеріне не керек екен? — деді Юрига ойланып. — Сенің ойыңша қалай, Мартин?

— О, — деп жауап берді Лессинг қапаланып, — меніңше,

ол бізді Палконы өзіне жіберуге үгіттейтін шығар. Мұндай мырзалардың ойына үнемі бірдеңе келеді. Палко маған дін қызметкері сіз өлген соң басқа ешкімге бармай, тек соған ғана баратындығына оның уәдесін алғанын айтты. Мүмкін, ол сізден өзінің тірі кезде-ақ оған жіберуге келісіміңізді сұрайтын шығар, өйткені мұндай баланы ол таба алмайды ғой. Бірақ мен сізден сұрар едім, ешқашан да бұған келісім бермеңіз. Рас, бұл бала маған, мен оған жат адамбыз, бірақ сіз оған кетуге рұқсат беріп, ол енді қайтіп бізге келмесе, өзіме не болатынын білмеймін. Мен енді өзімнің жоғалған баламды одан жақсы көре алмайтын сияқтымын.

— Мазасызданбай-ақ қой, — деп жауап берді Юрига көзіне жас келіп, — мен бұған рұқсат бермеймін. Онсыз мен өзіме не істей алар едім. Нақ сол ғана мені Тәңірге апаратын, — деп мен жиі ойлаймын. Мұның өзі оны паналатқаным үшін маған сыйлық болар еді.

Лессинг енді Юригадан ол Палконы ауылға шығарып салғанда, ол оған не әңгімелегендігі туралы сұрамақ еді. Үйде ол бұл жөнінде жиі ойлайтын, бірақ бұл жерде ұмытып кете беретін. Алайда оның әйелі және бала оянып кетті.

— Жүр, ұйықтайық, — деп сыбырлады Юрига, — олардың мазасын алмайық.

МИШКО

Ертеңіне таңертең Юрига жолға аттанды. Оның ауылда басқа істері де бар еді. Бірақ ол алдымен дін қызметкеріне соғуды ұйғарды, егер Лессингтің болжамы дәл келсе, онда ол дін қызметкерінің бұл ниетін біржола тойтарып тастауға бекінді.

Алдыңғы есіктен оны мүлде жылап-сықтаған қызметші әйел қарсы алды. Не болғанын сұраған Юриганың жауабына әйел:

— Діншіл мырза өткен түні қатты ауырып қалды, — деп жауап берді.

— Сен не айтып тұрсың? Кеше ғана менің балам мұнда болып еді ғой!

— Демек, Палко сіздің балаңыз ба? Біздің дін қызметкеріміз оны өте жақсы көреді. Кеше ол баланы таудың етегіне дейін шығарып салған, содан соң ол сізді бүгін келуге сұрағанын айтты, маған өзіне бірден алып келуге тапсырды. Бірақ ол бүгін сізді қабылдай ала ма, білмеймін, сұрау керек болар. Әлгінде ғана дәрігер болып кетті.

— Ал күтпеген жерден оған не болды? — деп сұрады таңқалған Юрига.

— Түнде оған көп қан құйылды; байғұс апайы еңіреп жылауда. Кемпір бұл аурудың оларда тұқым қуалап келе жатқандығын айтады. Ең үлкенінен басқа дін қызметкерінің бүкіл аға-інілері мен апа-қарындастары өліп қалған; бұл ауру да өз шешесінен тұқым қуалаған сияқты.

Оны әзір қабылдағанға дейін Юрига ауызғы бөлмеде күтіп тұрды. Ақыр аяғында қызметші әйел келіп, дін қызметкері онымен сөйлескісі келетінін айтты, бірақ тек оны ұзақ кідірмеуін өтінді.

«Егер осындай ауру болса, мені өзіне шақырып, нені күтеді екен?» — деп ойлады Юрига аурудың төсегінің жанында тұрып және оның күйіп-жанып жатқан қолын өз қолымен ұстап.

— Келгеніңіз жақсы болды, — деді дін қызметкері әлсіз дауыспен. Оның қиындықпен сөйлеп тұрғаны көрініп тұр. — Палко маған оны Рацганың қызы тауып алғанын және Лессингтің әйелі де өзінің жоғалған баласын іздеп жүргенін айтып еді. Лессингтен сұраңыз, ол өз баласын қашан жоғалтқанын сұраңыз, және Палко туралы білетініңізді оған әңгімелеп беріңіз. Менің ойымша, Палко Лессингтің ұлы болса керек. Бейшара әйелді өз баласын бұдан да ұзақ іздеуге мәжбүр етпеңіз.

Дін қызметкері бір сәт үнсіз қалды. Ол ауыр дем

алып жатыр және шаршаған пішінде көзін жұмды. Одан соң ол тағы да сөйледі:

— Менің айтайын дегенімнің бары осы, артық айта алмаймын. Менің қатты науқас екенімді көріп тұрсыз ғой. Егер Иса Тәңір маған көмектеспесе, онда көп кешікпей бітемін. Осы бір қысқа уақытты Палконың менде болуына рұқсат беріңіз. Біз бір-бірімізді өте сүйеміз, өйткені ол мені Тәңірге әкелді. Ол кеше маған келген кезде бірден жеңілдеп қалдым. Сіз әлі әбден қуанып үлгересіз, ең болмаса, оған ақырғы сәтімде қасымда болуға рұқсат беріңізші!

— Мен оны дереу сізге жіберемін, қымбатты діншілім, — деді Юрига көз жасын әрең тежеп.

Бірден зағиптыққа ұшыраған жандай ол дін қызметкерінің үйінен, содан соң ауылдан шығып кетті. Ол адамдардың оған бас изеп, сәлем бергенін және соңынан таңқала қарап қалғандарын байқаған жоқ. Ол өз көз алдынан дін қызметкерінің құп-қу, аурудан қиналған жүзін көрді және оның «Ең болмаса, оған ақырғы сәтімде қасымда болуға рұқсат етіңізші! — деген сүйкімді, жалынышты дауысын естіді.

«О, Лессинг, — деді Юрига өзіне-өзі тауға жеткенде, — сондай ауру адам, сонда да Палко мен біздің қамымызды жейді. Ол бізге, әсіресе саған көмектескісі келеді. Ол аурудан әрең сөйлеп жатыр, соған қарамай, мені шақырды, ал біз болсақ, балаға оның қасында болуға рұқсат бергіміз келмейді!

«Лессинг алыстағы таулар жөнінде әңгімелегенде, әңгіме Палко туралы болып жатқанын мен қалай бірден аңғара алмай қалғанмын!» — деп ойлады Юрига өзінше. — Олар өз баласын осы немесе өткен жылы жоғалтқан деп ойлағаным енді түсінікті. Палко менің немерем емес, — деп мен оған неге ешқашан да айтпадым екен? Өйткені ол — Палко менің ұлымның, немесе қызымның ұлы болып келе ме? — дегенді сұрады ғой. Егер дін қызметкері осыны ойламаған болса, менің басыма бұл ой

ешқашан да келмес еді. Демек, біздің кездесуімізді Құдай бекер ұйымдастырмаған! Дәл бүгін Лессинг өз ұлын өлтірмегенін білуге тиісті. О, осы бір бақытсыз әйел кімге сондай керемет ұқсайды, — деп өзімнің кәрі басымды жиі қатырдым-ау. Бала оған судың егіз тамшысындай ұқсайды екен ғой».

Үйге баратын жол бүгін Юригаға әдеттен тыс қысқа көрінді. Лессингке апара жатқан жақсы хабардан ол өзін жасарып кеткендей сезінді.

«Бірақ мен мұны оған қалай айтамын?» — деп ойлады ол өз лашығына жақындап қалғанда. Онда бәрі тыныш. — Бала апайымен бірге, шамасы, саңырауқұлақ жинауға кеткен шығар, — деп ойлады ол. — Апайымен бірге? Иә, ол оның туған шешесі ғой!»

Әйелді бірден кездестірмегені жақсы болды, әйтпегенде ол жасын тия алмас еді.

Лессингті ол таяу жерден жұмыс үстінде жолықтырды.

— Сіз енді үйге келгенсіз бе, атай? — деп сұрады ол. — Жарайды, дін қызметкеріне не керек екен?

— О, ұлым — деп жауап берді Юрига дауысы дірілдеп, — ол адамның алдында сен бас киімді шешуге тиістісің. Мен оны өте ауру күйінде тауып үлгердім. Түнде оған күшті қан құйылыпты. Ол Палко оны Тәңірге әкелгенін айтты, сондықтан біз балаға өмірімізде қуана білеміз, сол себепті, біз Палкоға ең болмаса, оның өмірінің ақырғы сәтіне дейін қасында болуға рұқсат беруіміз керек. Иә, ұлым, мен өз уәдемде тұрамын. Біз оған өте-мөте міндеткерміз, біз оған қашан болмасын алғысымызды айта аламыз ба, білмеймін.

— Осының бәрі сол бір сізге сыйлаған бақытсыз он крон үшін бе? — деп жауап берді Лессинг наразы үнмен.

— Олай деме, ұлым, жұмысыңды бір сәтке таста да, қасыма отыр. Менің сенен бірдеңені сұрағым келеді.

Жартылай сенімсіз, жартылай жәбірленген сынайда Лессинг көнген пішін танытты. Ол балтасын қойып,

Юриганың қатарына шөптің үстіне отырды. Бұл шалдың ойына не сандалбайлық келген екен?

Юрига бұл сәтте оған таңқаларлық пішінмен қарады, ол бұдан не сұрағысы келді екен?

— Сіз неге маған бұлай қарайсыз?

— Мартин, сенің балаң нақты қай жылы жоғалды?

Лессинг селк етті. Бұл ауыр сұрақ қойылады деп, күткен жоқ еді.

— Ал сіз менен бұл жөнінде неге сұрайсыз?

— Жай, әшейін. Мен сенің әйеліңнің бұл таудан өз баласын іздеп жүргендігі туралы ойлап тұрмын. Бірақ кенет оны кездестірсе, әйелің таныр ма еді?

— О, жоқ, ол баланы қалай танымақ! — деп үн қатты Лессинг бәрін ұмыта дірілдеген дауысымен. — Ол сол бір жейдесі бар, бір жарым жастағы баланы іздеп жүр ғой. Ал енді оған тоғыз жасқа жуық болуы тиісті.

Юрига сәл уақытқа үнсіз қалды да, содан соң сөзін жалғастырды.

— Сен менен бірде Палконы менің ұлымның, немесе қызымның баласы ма? — деп сұрап едің ғой. Сол кезде әңгімеміз үзіліп кеткен, сондықтан да мен саған бұл баланың қалай келгенін әңгімелеп бергім келеді.

Юрига Палконың таңқаларлық тағдыры туралы, Рацганың Аннасы жалаңаяқ, жалаңбас, бір ғана жейдесі бар кішкентай баланы қалай тауып алғанын әңгімеледі. Ол енді Лессингті толқу барған сайын билеп алғанын көріп отырды, бірақ оның өз әңгімесін үзуіне мүмкіндік бермеді.

Ол сөзін аяқтағанда Лессинг орнынан қарғып тұрып, қарттың қолын шап етіп, ұстай алды.

— Ал сіз бұл жөнінде оны қазір несіне айтып тұрсыз? — деп сұрады ол дірілдеген дауыспен.

— Сен әлі де бұл жөнінде менен сұрап тұрсың ба? Сен ұлың кім екенін және оны қайдан іздеу керек екендігін әлі де шынымен-ақ ойланбайсың ба?

— Палко ма? Бұл мүмкін емес! — деп үн қатты да,

Лессинг жерге құлап қалды. Ол ақыл-ойын жоғалтқан адамдай күлді де, жылады да.

Юрига оған біраз уақыт бойы үндемей қарап отырды. Содан соң, қалпағын шешіп, Құдайдың Лессингке Палконы іздеу үшін күш беруін сұрады. Ол дін қызметкеріне, — өліп бара жатқан адамға берген уәдесі қасиетті әрі мызғымайтындығын есіне алды. Ол Дунайды кездестіргенде Палконның алыста емес екенін енді білді. Сөйтіп, қателеспеген екен.

— Қызым, — деді ол жас әйелге мейірімді үн қатып, — енді шөп жинауды таста. Палко ауылға баратын болғандықтан, дұрысы — бізге жейтін бірдеңе жасап бер.

Олардың екеуі де тіл алды, жарты сағат өтпей-ақ Палко атасының тапсырмасын орындауға дайын тұрды.

— Ата, сіз дін қызметкерінде болдыңыз ба? — деп сұрады бала жасқаншақтай.

— Иә, ұлым. Ол өте ауру және сені сағынып жатыр. Мен сені біраз уақытқа оған жіберуге уәде бердім. Біздің сенсіз тұруымызға тура келеді.

— О, қымбатты ата! — деп бала қуана үн қатып, атасын құшақтап алды. Атасы да баланы өз кеудесіне қысты.

— Жарайды, енді жүре бер және мүмкін болғанынша, дін қызметкерін жақсылап күтіп қара!

Бала кете бермек еді, бірақ оның жолында Лессингтің әйелі кесе-көлденең тұрып алды.

— Сен қайда барасың? Сіз оны қайда жібердіңіз? — деді ол қорқып.

— Жібер оны, қызым, ол көп кешікпей келеді! — деп жауап берді Юрига.

— Палко сен мені тастап кетпейсің бе?

— О, апай! — деп үн қатты бала көзіне жас алып.

— Кеше де бір жаққа кетіп қалдың. Менің Мишком сияқты келмей кетеді ме? — деп мен сондай қорқамын.

— Бірақ мен қайтып келемін. Мен оған керек болғандықтан, дін қызметкеріне барып келуге бір рет қана

рұқсат беріңіз. Содан соң, біржола сіздің жаныңызда қаламын.

— Жарайды, жүгір, Палко, — деп айқайлады Юрига, ол баланың жүзінен байқалған ішкі күреске немқұрайды қарай алмаған еді.

Лессинг қайтып келіп, бұл жерде баласын кездестіргенін шал дұрыс деп санамады. Ол ең алдымен, оның ұлының тірі екеніне және сонша жақсы көріп жүрген ұлы енді осы бала екеніне үйренуге тиісті еді.

Бала асығыс аулақтай берді.

— Ал енді қызым, өз күйеуіңе түстік дайында, ол көп кешікпей келіп қалар, — деді Юрига күйзеліп қалған жас әйелге.

— Неліктен сіз Палконы жібердіңіз? — деп қайтара сұрады ол мұңды пішінмен. — Сіз менің онсыз тұра алмайтынымды неге білмейсіз?

— Ал оны осында ұстап тұрудың керегі не, өйткені сен оны бәрібір жақсы көрмейсің ғой?

— Мен жақсы көрмеймін бе? Мұны кім айтты сізге? — деп үн қатты ол.

— Егер оны жақсы көретін болсаң, өз Мишқонды іздеуді қояр ма едің?

— О, маған Палконы беріңіз? — деп сұрай бастады ол кенеттен.

— Мен оны саған берер едім, бірақ тек қана оны өз Мишқонның орнына қабылдауың керек. Ол қайтып келмеске жоғалған. Егер мен саған Палконы берсем, Мишқоны нәтижесіз іздеуіңізді қояр ма едің?

— О, иә, атай. Палко менімен бірге болған уақытта мен Мишқоны іздемеймін де, жыламаймын да.

— Міне, Лессинг те келді, оған тамақ бер!

— «Бейшара жігіт», — деп ойлады Юрига оның құп-қу жүзі мен жылаған көзіне қарап.

— Мартин! — деп айқайлады оған әйелі. — Білесің бе, атай бізге өзінің Палкосын беретін болды! Бірақ ол оны бір жұмыспен жұмсап жіберді.

Лессинг әйелін құшақтап, оны кеудесіне қысты.

— Бұл жақсы екен, Хауа, ол оны жұмсап жіберді, бірақ ол келеді, содан соң, оны ешқашан жібермейміз. Ал ол кеткен адамға біз соншалық көп нәрсеге қарызбыз, бірақ біз оған төлеуге дәрменсізбіз, сондықтан мұны біз үшін, мейлі Палко өтесін.

Жас әйел суға кеткен кезде екі еркек құшақтасты.

— Рацга енді тірі болмағандықтан, менің қымбатты балама және бақытсыз маған жасаған барлық қайырымдылығыңыз үшін, ең болмаса, сізге алғыс айтуға рұқсат беріңіз. Оны жұмсап жібергеніңізге де рахмет. Мен оны алдымда көріп, ол менің ұлым екенін біліп, оның алдында мен соншалық кінәлі екенімді біліп, шыдап тұра алмас та едім.

«ҚҰР БОС ҚОЛМЕН, БІРАҚ...»

Баланың арманы орындалды: ол тағы да өзінің сүйікті дін қызметкеріне келді. Бірақ қазір бұрынғыға қарағанда бәрі де мүлдем басқаша еді. Олар енді ғажайып тау соқпақтарымен серуендемейді және жартастарды бойлап өрмелемейді. Олар алғашқы күндері өзара сөйлесе де алмады, дегенмен, бала Иса Тәңірге, сондай-ақ атасына да өте риза еді, өйткені енді ол сүйікті дін қызметкерінің төсегінің жанында отыра алатын. Алғашқы күні дәрігер Палко тек оның тыныштығын бұзады, — деп ойлады, ауру адамның бөлмесінен оны шығарып жібермекші болды. Бірақ дін қызметкері рұқсат бермей, қолын ұсынып былай деді:

— Палконы менде қалдырыңыз, ол менің кішкентай досым. Ол не істеуге тиісті екенін айтыңыз, ол бәрін жасайды. Басқалардың бәрі көп шулайды, ал ол болса шуламайды.

Сөтіп ол қалатын болды. Мұның дұрыс болғанына кейінірек дәрігердің де көзі жетті.

Палко шынында да бәрін істеді. Оның үстіне істейтін іс те көп емес еді: арасында бір бөлек мұз беріп, терезені ашып немесе жауып тұру керек болды. Ал егер қиын жұмыс болса, ас бөлмеге барып, бұл жөнінде хабарлап тұрды.

Ол ауру төсегінің жанында барынша шын ниетімен отырды. Дін қызметкерінің ауруының күшейгенін сезінген кезде, ол өзінің кішкентай қолдарын созып, Тәңірден Оның оған көмектесуін сұрады.

Дін қызметкері де Тәңірдің оны сауықтырып, ол әлі де Оған көп қызмет етуі үшін сиынды.

— Бірақ неліктен Тәңір жауап бермейді? — деп ойлады бала. — Өйткені ол біздің дұғамызды естіп тұр ғой, бұған мен кәміл сенімдімін!

Дін қызметкері оның Қасиетті Жазуды оқуын өтінді. Бұл бір ерекше сөздер еді...

— Мен ірге тасымды ағаштан, шөптен және сабаннан құрастырдым, — деді ол ақырын, — оның бәрі жанып кетеді. О, менің өмірім қалай пайдасыз өтті десеңші! Мен бос іспен әуре болдым. Менің өзім енді құтқарылдым, бірақ шала жанған отын сияқты оттан шыққандай болдым. Ол жерде мені сыйлық та, тәж де күтпейді. О, егер маған өмір сүріп, жұмыс істеуге мүмкіндік берілсе ғой! Егер мен енді өліп кетсем, Тәңірім менімен жарамсыз күлмен не істер екен?

Ауру көзін жұмды, қатты аурудан күйіп-жанып қызарған бетінен екі ірі жас сырғып түсті.

Баланың көзінен де жас көрінді.

«Оттан шыққандай... Ол құтқарылады, бірақ оттан шыққан сияқты болады. Иә, бұл ауыр науқас — сол от, о, бұл аса сұмдық от!» — деп ойлады өзінше бала.

— Ах, Палко, мен өзімді мүлде әлсіз сезінемін, — деді дін қызметкері бір күні кешкісінде. Түнде оның аузынан тағы да қан кетті. Дәрігер оның жанында бүкіл түні бойы болды. Таңертең ауру жастық сияқты мүлде апақ еді, әрі өте әлсіреп қалған еді. Бірақ бала оның төсегіне

жақындаған кезде, ол оған жайдары жүзбен жымыып қарады.

— Мен үшін қайғырма, балақаным! Маған енді жеңіл. Мен енді ауруды сезінбеймін, бүйірім де шаншымайды, сондықтан сөйлеуіме болады.

— Сіздің енді еш жеріңіз ауырмай ма? Демек, Тәңірім біздің дұғамызды естіді, енді бәрі жақсы болады.

— Иә, Палко, Ол бізді естиді. Өткен күні менің өміріме қауіп туды, бірақ Ол өмірімді маған сақтады. Ал бүгін таңертең Өз Сөзі арқылы Ол маған ғажайып бір сөз айтты: 2 Тим. 4,8-ді оқы деді. Онда былай деп жазылған: «Маған енді сол түні Тәңір, шыншыл Сот, Өзі беретін шындық тәжін дайындауда; тек маған ғана емес, Оның келуін күтіп сүйетіндердің бәріне де». Мен мұны былай түсінемін: шындық тәжі қайырымды сыйлық ретінде Мәсіхке жету үшін Мәсіхті сүйген және Оған адал болғандардың бәріне сыйланады. Егер Ол мені, ауырғанды төсегімнен көтеріп жіберсе, мен Оған аса ұлы дайындықпен қызмет етер едім. Мен бала кезден солай тәрбиеленгендіктен, өзімнің құтқарылуымды істен іздедім. Бірақ енді Құдайға мені шақыру қажет болса, менің Қасиетті Құдай алдына құр бос қолмен барғым келмес еді.

Дін қызметкері мүлде жай сөйледі, сондықтан оның сөзін есту үшін баланың еңкеюіне тура келді.

Содан соң ол баладан Жырлардың 61-шісінің алғашқы сегіз өлеңін оқуды өтінді.

— «Тек Құдайда ғана менің жаным тыным табады; менің құтқарылуым да Одан болады», — деп қайталады ол ақырын. — «Тек сол ғана менің тірегім, менің құтқарушым, менің баспанам: енді толқымаймын».

О, бұл қандай жақсы, Палко! Мен енді шыдаймын.

Осыдан соң дін қызметкері аз уақыт ұйықтап кетті.

Осы күннен бастап, дәрігердің барлық ақылы мен сақтандыруы бекерге кетті. Келушілерді өзінде қабылдап, олармен кеңесуіне дін қызметкеріне ешкім де бөгет бола алмады. Бұл хабар біреуден біреуге жетіп,

кейде дін қызметкерімен жолығуды тілеген онға дейін адам келді.

— Егер сіз көп сөйлейтін болсаңыз, бұлай өзіңізді құртасыз, — деген дәрігердің сақтандыруын Палко естіп қалды.

— Маған бар шындықты айтыңыз, ешкіммен сөйлеспем, мен қанша өмір сүре аламын?

Дін қызметкері дәрігердің қолынан шап беріп ұстады.

— Мен мұны айта алмаймын, — деп жауап берді дәрігер қашқалақтап.

— Мүмкін, сақтағанда бірнеше апта шығар?

— Иә, ең болмағанда тек бірнеше күн ғана.

— Иә, Құдайдың еркі болсын! Және де мен оған дайындалуым керек.

О, бұл оны қоршағандар үшін тамаша минуттар еді, олар мұны ешқашан ұмытпайды да.

— Тәңірдің маған, оларға мәңгілік өмірге баратын жолды дұрыс көрсетуіне күш беруі үшін сиын, — деді ол бірнеше рет Палкоға.

Палко осылай ететін, сөйтіп, Тәңір Өзінің өліп бара жатқан қызметшісіне таңқаларлықтай көмектесті.

— Маған, сіздердің өліп бара жатқан бақташыңызға сенулеріңізге болады: өздеріңіздің істеріңізбен сіздер мәңгілік өмірді ала алмайсыздар; қасиетті жарамсақтар да сіздердің аспанға жетулеріңізге көмектесе алмайды! Мәсіх сіздер үшін өліп бара жатып, Голгофта сіздерді құтқарды! Ол — дүниенің күнәсін Өзіне алған Құдайдың Құрбандық Қозысы! Оған барсаңыздар сіздердің де күнәларыңызды алады!

Дін қызметкері халыққа осылай тәлім берді.

Келесі аптада Киелі кітаптың үлкен тобы келді, оларды дін қызметкері сұрағандардың бәріне таратып берді.

— Бұларды сіздерден тартып алатындай ешкімге бермеңіздер! — деді ол. — Бұл — тірі Құдайдың мәңгілік Сөзі. Бұл кітапты жолма-жол оқыңыздар, оған сеніп, сол арқылы өмір сүріңіздер! Сөйтіп, Құдай мәңгілік даңққа

баратын жолды, Ол оны маған көрсеткендей, сіздерге де нұсқайды. Мен Исаны өз жүрегімде қабылдадым. Мен әлі жас күйімде өліп барамын, бірақ дегенмен де... О, егер сіздер менің қандай бақытты екенімді білсеңіздер!

Бұл әркімге айқын болды, сондықтан халық бұған таңқалды, өйткені ешкім де мұндай бақытты науқасты көрген жоқ еді.

Бірақ мұны бәрінен жақсы сезінген Палко болатын. Олар оңаша қалған кезде ол аурудың төсегінің жанында тыныш отырып, ол болса, тіпті ұйықтап жатып та баланың қолын өз қолымен ұстап жататын. Ол үндемейтін, бірақ оның жүзі жерге тән емес бақыттан нұрланып кететін.

— Палко, мен, тіпті көп кешікпей біз әлі көрмеген Оның Өзін, бірақ көрмесек те сондай сүйетін Соны көретінімді сезінемін.

— О, — деп күрсінді бала, — егер мен сізбен бірге кете алатын болсам!

— Жоқ, сен Ол әзірге саған рұқсат бергенше, жер бетінде Оған қызмет ет! О, егер Оған өзімнің бүкіл өмірімді арнай алсам, мен қандай бақытты болар едім! Өз уақытында сен де менің ізіммен келесің, сол кезде бұл адамдардың Құдай Сөзін оқып, Оны қабылдағанын айтарсың. Бірақ енді біздің Тәңірімізге ақырына дейін адал болып қал!

САЛТАНАТТЫ СӘТ

Міне, екінші сенбілік Палко өзіне қымбатты дін қызметкерінің үйінде болды. Бұл кезде ауру ағасын көруге дін қызметкерінің қарындасы келді. Ол жалғыз бауырының ауру болғанына өте қатты қайғырды. Онымен бірге жаңа қаптан келді (шағын қауымның жанындағы католиктердің дін қызметкері).

— Енді мен жалғыз емеспін, сондықтан, балақаным, сен тұрған тауыңның ауасымен тыныстап, жақындарыңды көруге бар, — деді дін қызметкері Палкоға. — Бірақ дүйсенбіде қайтадан қайтып кел. Орманшының үйіндегілердің бәріне және өз атаңа дұғай сәлем айт. Тәндік көздеріммен мен енді қайтып көре алмайтын біздің тауымызға да сәлем айт. Ал егер өзіңнің «күн еліңе» соқсаң, онда аспан қақпасы туралы және сол арқылы менің бұлттардың арғы жағындағы біздердің нағыз «күн елімізге» енетінімді ойлан.

Қатысып отырғандардың бәрі бұл сөздерді есітіп жылады, тек Палко ғана жылаған жоқ.

Бірақ ол кейінірек, алғаш рет дін қызметкерін кездестіріп, сол жерде оған қасиетті кітап туралы әңгімелеп беретін шабылған алаңмен келе жатқанда жылады.

О, мұның қымбатты досының бұл жерге енді қайтып келмейтіндігі қандай мұңды! Енді ол ешқашанда оның аяғының жанында отыра алмайды! О, бүгін тау қандай тымырсық және қайғылы десеңші! Шалғы барлық гүлдерді отап кеткен, енді олардың ешқайсысы гүлдемейді. Құстар үні тына қалған, бұрын гүлден гүлге ұшып қонып жүрген құстар да тына қалды. Тағы да жақында найзағай ойнады, бірақ Палко мұны байқаған жоқ. Ол жүріп, жылап келе жатыр еді. Кенет ол бұрынғы жерден, тек сәл жоғарылау, шынында да қақпаға ұқсап көрінген ғажайып кемпірқосақты байқады. О, ол қандай тамаша десеңші! Сол арғы жақта соншалық жақсы болуға тиісті. Бірақ ол жоғарыда, өте жоғарыда тұр!

Палко бұл қақпаның оның қымбатты дін қызметкерінің артынан жабылса, ол ешқашанда сол жақтан қайтып келмейді. Ол сонда, Иса Тәңірімде болады. Иә, Өзімен бірге Оның қызметшісі болып, кеше олар Жохан жазған Інжілден оқығанындай, Оның бүкіл даңқын көруі үшін Ол оны Өзіне қабылдайды.

— О, қымбатты Иса, мені Өзіңе ал! — деп сиынды бала. Қолын айқастыра кеудесіне қойып. — Ол кеткен

кезде мен бұл жерде жалғыз не істей аламын? Атам енді қартайды, ал егер ол Рацга атам құсап өле қалса, мен онда кімге барамын? Мені дін қызметкері өзіне алуға уәдесін беріп еді, әрине ол мұны істеген де болар еді. Бірақ енді мен кімге барамын? Сен, менің қымбатты Құтқарушым, егер ол өліп кетсе, менің енді бұл жерде мүлде қалғым келмейді. Басқаларға не болатынында менің қатысым жоқ, сондықтан мені енді ештеңе де қуантпайды. Егер мен қасиетті кітаптан бірдеңе түсінсем, оны кімге айтамын? Ол жоғарыда осының бәрін Сенің Өзіңнен сұрайды; ал Сен оған бәрін түсіндіресің, бірақ егер ол енді мұнда болмаса, маған мұны кім түсіндіреді.

Тастанды баланың төбесінде найзағай ойнап, күн күркіреді.

Бірде дін қызметкері балаға Ілия пайғамбар туралы әңгімелеген, оны Тәңірі соншалық сүйгендіктен, оны Өзіне алып кету үшін оған қос доңғалақты отты арба мен отты аттарды жіберді. Оған арбаның жүрісі естіліп, оның қымбатты дін қызметкерін алып кететін сол арба үшін, аспан қақпасы ашылғандай болды. Бірақ содан соң қақпа жойыла бастап, күн көрінді, сөйтіп, көп кешікпей бүкіл «күн елін» күн құшағына орап алды. Тек шағын бұлттан ғана әлі де жаңбыр тамшылары анда-санда сіркіреп тұрды.

Баланың үстінде ол дін қызметкерінің үйінде киіп жүрген жаңа костюм бар еді. Осыған орай оны жаңбырдан қорғау үшін үңгір жаққа жүгірді. Сол жерге дейін жүгіріп барып, ол онда бір бөтен адамның жүргеніне назарын аударды, оны бұрын мұндағы тауда көрмеген еді. Ол бірдеңені іздеп жүрген сияқты.

Палко бір сәтке өз қайғысын ұмытты, өйткені оны мұның бәрі қызықтырған болды.

— Сіз не іздеп жүрсіз, ағай? — деп сұрады Палко.

Бейтаныс адам тез бұрылды. Палко онымен сәлемдескен кезде ол оның сәлеміне ықыластана жауап берді.

— Сен менің не іздеп жүргенімді сұрап тұрсың ба?

Егер сен білетін болсаң, бұл үңгірде кімнің болып жүргенін айт?

— Мұнда кім келіп жүр дейсің бе? — деп қайтадан сұрады Палко таңқалып. — Лессинг ағай мұнда бір рет, содан соң дін қызметкері үш рет болды, бірақ енді ол бұл жерге ешқашан да келмейді, — деп қосып қойды ол қапаланып, — және мен келгенмін, бұл менің үңгірім.

— Сенің үңгірің бе? — деп сұрады бейтаныс адам жымышып.

Палко оны жақыннан көрді. Бұл шебердің киімін киген жас жігіт екен.

— Қай кезден бері бұл сенің үңгірің және оны саған кім берді?

Шамалы уақыт бала қысылып, үнсіз қалды, бірақ содан соң өзінің ақ сары басын көтеріп былай деді:

— Қасиетті кітапта: «Бәрі сенікі», — деп жазылған. Дін қызметкері мұны: Құдай «бүкіл дүниені адамдарға берген», — деп түсіндірді. Мен Одан бұл үңгірді сұрадым, сөйтіп, Ол оны маған берді.

— Сенің ақылды бала екеніңді көріп тұрмын, — деп күлді жас жігіт. — Менің қожам да менімен бірге бұдан төрт жыл бұрын бұл үңгірде төрт аптаға жуық тұрған едік, бірақ біз оны өзіміз үшін Құдайдан сұрап алған жоқпыз.

— Шынымен-ақ сіз осында тұрдыңыз ба? — деп сұрады Палко бейтаныстан. — Ал сіз бұл жерде не істедіңіз?

— Менің қожам ауру еді, ал дәрігерлер оны осында жіберді. Ол өз Құдайымен оңаша қалғысы келді. Ол мені өзімен бірге алып келді. Ол кезде мен оның достарының бірінде соңғы жыл шәкірт болып жүр едім, сөйтіп біз осында қоныстандық. Бізге азық-түлік қажет болғанда мен оны маңайдан әкеліп тұрдым. Біздің барымызды бұл жерде ешкім бінген жоқ. Біз ешуақытта от жаққан жоқпыз, өйткені сүт, нан және жеміспен қоректендік. Мүк төсегіміз және көрпеміз болды. Бұл жерде біз

нашар тұрған жоқпыз. Менің қожам әр күн сайын жақсара берді. Сөйтіп, мен былай ойлаймын: егер оған қайтадан қаладағы өз кітаптарына баруға тура келмегенде, ол бүгін де әлі тірі болар еді. Бірақ енді ол сиз жерде дем алып жатыр.

Қазір мен шебер жұмысшымын және аздап дүниені аралағым келеді. Менің қожам кетіп бара жатып, осында қалдырған сол кітапқа не болғанын білгім келіп, жолшыбай мен мұнда соғып кетіп едім. Бірақ ол кітап мұнда енді жоқ. Демек, оны біреу-міреу тауып, өзімен бірге алып кеткен. Шамасы, ол оны алғашқы бетте көрсетілгеніндей, жолма-жол оқыған болуы керек.

Баланың басына бүкіл қаны шапшып кетті.

— Иә, міне ол! — деді бала кітапты қойынынан суырып жатып. — Демек, сенің қожан оны мұнда ізгі ниетпен қалдырған ғой?

— Маған көрсет оны! Иә, оның қандай түте-түтесі шыққан! Сен, шамасы, оны осы жерден тауып алған шығарсың?

Олар үңгірге кіре берісте отырды, Палко әңгімесін айта бастады.

— Көріп тұрсың ба, біз оны жолма-жол оқыдық, сол арқылы Иса Тәңірге сенетін болып, нағыз «күн еліне» жол таптық. Рас емес пе, сенің қожан да бұл жолды білген ғой?

— О, оның білгеніндей адам сирек болады ғой, — деп күрсінді жас жігіт.

— Сөйтіп, ол өліп қалды ма? Демек, ол да, шамасы, сені қалдырып отты арбамен енді Иса мен сол бір ғажайып «күн елін» көріп жүрген шығар? Егер дін қызметкері де енді өлсе, олар сонда кездеседі. Дін қызметкерінен мен мынаны өтініп, сұрап көремін: ол онда сол кісіге менен сәлем жолдап, бұл кітапты қалдырып, оны қалай оқу керектігіне тәлім бергені үшін менің оған өте алғыс білдіретінімді айтсын.

Жас жігіт елеусіз көз жасын сүртіп тастады.

— Рас емес пе, сен ол жолды білесің ғой? — деп сұрады Палко.

— Мен бе? Жоқ, балақаным! Егер мен ол кітапты сен сияқты тыңдап, оқып және сенсем, — менің қоғам да маған осындай кітапты сыйлаған, — онда мен бұл жолды тапқан болар едім. Бірақ мен кітапты оқуды да, сенуді де тоқтаттым, — деп жауап берді жас жігіт.

— Қалайша, сен бұлай істедің? — деп сұрады таңқалған Палко. — Сен енді бұл жөнінде өкінесің, рас емес пе? Сен енді бұл жолды тағы да іздейтін боласың? Ойлап көрші, егер олар Исаға апаратын жолды білмесе, сенің қожаңа не болады және менің қымбатты дін қызметкерім енді не істер еді? Жарайды, енді мен өзімнің атама баруым керек. Мен Лишка ағайдың сені өзіне түнеуге жіберуін сұрап көрермін. Сонда сен бізге өзіңнің қожаң туралы әңгімелеп бере аласың. Атам мен Лишка ағай бұл кітапты үңгірде кім қалдыруы мүмкін? — деп бастарын жиі қатыратын. Рас, онда ештеңе айқын болмай, ештеңе құпия болмайды, — деп жазылған.

— Иә, бұл өте дұрыс, менің қоғам сонда мынаны ескертіп еді: Құдайдың Өзі, Өз Сөзі туралы ол «Оған мінсіз оралмайды, бірақ Оған қолайлыны орындайды, сөйтіп, Ол оны неге жіберсе, соны істейді деген», — деді жас жігіт ойланып.

Осылай сөйлесіп, олар лашыққа келді. Егер Дунай қуанышты үрісімен өзінің кішкентай әміршісіне қарсы жүгірмесе, Палко тіпті үйдің жанынан сәл өтіп кете жаздады.

— Жақсы, жақсы, Дунай! Сен мені сүйетініңді білемін ғой. Мен де сені сүйемін. Бірақ секіруді тоқтат, сен менің костюмді бүлдіресің. Сен, шамасы, ешуақытта өзгермейтін шығарсың.

Дунай өзінің үй иесі әйелге Палконың келуі туралы хабарлағысы келгендей лашыққа қарай жүгірді. О, бұл қандай қуаныш десеңші!

Бәрі оны қуанышты қарсы алғанын көрген бала көңілдене түсті.

Лессинг үйде жоқ еді: үйде атасы, Лишка ағай мен апай бар. Палко «күн елінде» кімді кездестіргенін олар білгенде, екі еркек аз таңданған жоқ.

Лессингтің әйелі қонаққа кешкі тамақ, ал Лишкаға түнемелік орын ұсынды. Қонақтың өз қожасымен бірге қалай тұрғанын, қожасының кім екендігін; бір сөзбен айтқанда, ол жөнінде білетінінің бәрін әңгімелеуіне тура келді. Осының бәрі оларды қызықтырды. Үңгірден табылған кітап енді оларға одан сайын қымбат болды.

Кешкі ас дайын болғанда Юрига кенет былай деді:

— Палко, Лессинг ағайыңа бүгін жұмыс ауыр болған шығар, сен оның ең болмаса, балтасын алып жүру үшін Лишканың үйіне дейін ағайыңды қарсы алуға барар ма едің?

Бала сол сәтте атып тұрды. Бүгін ол атасы не айтса да, бәрін істеуге дайын еді, өйткені атасы бүгін оған айрықша ілтипатты болып көрінді. Тек атасы ғана емес, сондай-ақ Лишка ағай да оған ілтипатпен қарады. Палко мұны түсіндіре алмаса да, оған сондай көңілді еді. Егер дін қызметкері кенет өліп қалса, ол бәрібір жалғыз қалмайтынын сезінді. Атасы бейтаныс адамға Лессинг келген кезде оның оған да өз қожасы туралы әңгімелеуі керек екендігін айтты.

— Иә, балақай, оны барып, қарсы ал, — деді Лишка көз жасын білдірмей сүртіп тастап.

Палко кетіп қалды. Бірақ Лишканың үйіне дейін жарты жол жүрмей-ақ, қарсы келе жатқан Лессингті жолықтырды. Ол ойға шомып кеткендей әсер қалдырды.

— Қайырлы кеш, ағай!

— Палко, сен осындасың ба? — деп үн қатты Лессинг, балта оның қолынан түсіп кетті. Оның қолында басқа дәнеңе жоқ еді.

— Иә, ағай, мен мұндамын, — деп бала өзінің кішкентай қолын Лессингтің үлкен, күсті қолдарының ішіне салды.

— Мен сізге бірдеңеңізді алып көмектесейін деп едім, бірақ сізде ештеңе жоқ екен.

— Менің жүгім өте ауыр, бірақ оны мен Лишканың лашығында қалдырдым. — Лессинг баланың қолынан ұстап алды да, олар осылайша алға жүрді.

— Ағай, — деп бастады бала, Лессингтің үнсіздігі оны бір түрлі ыңғайсыздандырғанда, — сізге не болған? Әлде сіз аурусыз ба, немесе сізде бір қайғы бар ма?

— Ал неліктен сен олай ойлайсың?

— Өйткені сіз бүгін бір түрлі ерекшесіз. Сондай-ақ басқалар да бір түрлі әдеттен тыс.

— Білесің бе, Палко, — деп жауап берді Лессинг мүк өсіп кеткен жартастың шоқысына отыра қалып, — осы жерде сәл отыра тұрайық, мен шаршап қалдым. Сонымен бірге, мен сен үйде жоқ кезде біздің бәрімізге не болғанын айтып бермекпін.

Оның дауысы дірілдеп шықты.

— Сізге бірдеңе болды ма? Мен бірден осылай ойладым.

— Иә, балақаным, сен бұған не айтар едің: мен ақыр аяғында өзімнің Мишкомды таптым!

— О, сіз не айтып тұрсыз! — деп қуана шаттанды аңтаң қалған Палко. — Қайда және қашан? Мархабат, бәрін маған басынан бастап, айтып беріңіз! — деп жалынды ол.

Лессинг өзін әрең ұстады, ол бәрінен гөрі баланы өз кеудесіне басып, қуана құшақтар еді. Ол ауыр күрсінді.

— Иә, менің саған бәрін басынан бастап, айтып бергім келеді. Егер сен дін қызметкеріне Рацга Анна сені қалай тапқанын және менің әйелімнің өз ұлын қалай іздеп жүргенін айтпасаң, мен осы кезге дейін өзімнің байғұс баламның қайда жүргенін біле алмас едім. Дін қызметкері атайды өзіне шақырғанын сен білесің ғой. Ол сонда атайға, ал атай маған бәрін айтты, сөйтіп, мен ақыр аяғында жеті жыл бойғы іздеуден кейін өзімнің Мишкомды таптым. Бірақ сен дұрыс айтасың, сондай-ақ мен де оны қалай жоғалтқанымды саған айтуға тиістімін.

Палкоға бәрінен де гөрі мұндай мұңды әңгімені

тыңдамағаны дұрыс еді. Лессинг ағай өзі жөнінде сұмдық заттарды айтты және бала терең қайғыға түсті. Байғұс апай! Міне, неліктен оның ақылы толық емес: ол зор қайғыдан ақыл-есін жоғалтты. Ал одан соңғы әңгіме оған өте-мөте таныс еді: таудағы қандай бір апай Мишконы тауып алып өзіне қабылдады, — «Дәлме-дәл менімен болғандай», — деп ойлады ол. Сөйтіп, сол бала бір атайдан екінші атайға ауысады. Қайырымды адамдар оны Құдайдың үрметі үшін паналатады. Кенет бұдан әрі не айтатынын білмегендей ағай тына қалды.

— Ағай, сіздің балаңыз әлі де екінші атайда жүр ме? — деп сұрады ақыр аяғында бала.

— Иә, Палко, — деп жауап берді Лессинг ауыр күрсініп.

— Байғұс апай оны іздеуін тоқтату үшін, оны неліктен өзіңізге алмайсыз?

— Былай, Палко, мен енді оған ешбір жамандық істемейтін болсам да, осыншама жауыздық істегеннен кейін, мені ол өз әкесі ретінде қабылдағысы келер ме екен, соны білмеймін. Сол кезден бастап, мен бір тамшы да арақ ішкен жоқпын. Мұндағы тауда мен Иса Тәңірімді таптым, ол сол бір ғибадатханадағы әуре-сарсаңға түскен адамға істегеніндей маған кешірім берді, бірақ мен өз ұлымның алдында, бәлкім, бұрын қандай болсам, сондай болып қалатын шығармын. Ол оны алыс тауға апарып тастағанымды және оған ана мейірімінсіз жат адамдардың арасында ұзақ уақыт бойы қаңғырып жүруге тура келгенін біледі. Егер ол мені бөтенсіп және менде өзін бақытсыз сезінсе, онда не болмақ? Ол атайда сондай бақытты, өйткені ол оған үйреніп кетті. Ал мен оны тілмен айтып жеткізгісіз жақсы көрсем де, ол үшін бөтен адаммын.

— О, олай деп ойламаңыз! — деп үн қатты Палко оның қолынан шап беріп ұстап. — Оны өзіңізге алыңыз. Иса Тәңірім бәрін жайғастырып, өзіңіздің Мишкоңыз бөтенсіремей сізді жақсы көруіне көмектеседі. Ол бізге —

баланы табуға көмектессін, — деп біз апай екеуіміз көп сиындық. Біреу-міреудің оны пайдаланып жүргенін мен білгенмін. Сөйтіп, Ол бәзді естігендіктен, алдағы уақытта да ыңғайын келтіреді. Мазасызданбаңыз, ағай!

— Бірақ, Палко, осының өзі саған қатысты болса, сен менен қорықпас па едің? — деп сұрады Лессинг кенеттен. — Сен атаңды қалдырып, бізге келуге ризалық білдірер ме едің?

Бала қызарып кетті де, ауыр күрсінді; жағына қолын таяп, бір сәт үнсіз қалды.

— Палко сен мені бөтенсіремес пе едің? Мені аздап та болса жақсы көре алар ма едің? — деп сұрады Лессинг баланы өзіне жақын тартып.

— Жоқ, ағай, мен бөтенсіремес едім, өйткені сізді жақсы көремін ғой.

— Менің осындай жақсы адам емес екенімді білсең де, сен мені жақсы көресің бе, Палко?

— Олай деменіз, ағай, мұны тыңдау маған ауыр, — деп өтінді бала өз қолын Лессингтің аузына қойып. — Бірде менің дін қызметкеріне қасиетті кітапты естіртіп оқуыма тура келді, сонда әр түрлі адамдар туралы жазылған, бірақ одан әрі былай айтылған еді. Сөйтіп, кейбіреулеріңіз осындай болдыңыздар, бірақ енді ондай емессіздер. Дін қызметкері — Тәңір әуре-сарсаңға түскен адам Оған келгенде, Ол бәрін кешіреді, сөйтіп ол адам сол күннен бастап, жаңа адамға айналады, — деді.

— Бірақ, ойланшы, Палко, егер сен сол бала болсаң, сен маған бәрін кешірер ме, едің?

— Кешіру ме? Нақ нені? — деп сұрады таңқалған бала.

— Өйткені саған менің күнәме орай әкесіз және шешесіз жат адамдардың арасында қаңғыруға тура келді ғой.

— Мен сізге мұны кешірер едім, ағай, бірақ... — Бала Лессингтің құшағынан босанып, секіріп кетті де, оның алдында тұра қалды.

— Неліктен осының бәрін маған айтып тұрсыз? Мен сонда сіздің балаңыз болғаным ба?

Лессинг қолымен бетін жауып, үнсіз қалды.

— Ағай, — Палко оның қатарында тізесін бүгіп отырды да, өзінің басын оның иығына қойды, — әлде мен сіздің балаңызбын ба?

— Иә, сен менің баламсың! Осының бәрінің сырын саған ашып беру маған қандай ауыр десеңші!

Осы сөздерді айтып ол секіріп тұрды да, баланы құшақтап, оның маңдайынан, бетінен, көзі мен шекесінен сүйе берді.

— Менің ұлым, менің сүйікті ұлым!

— Жыламаңыз, ағай! — деп сұрады бала оған жабыса түсіп. О, кішкентай жүректі қандай жаңа сезім кернеді десеңші!

— Мен саған ағай емеспін, мені бұдан былай олай атама, әке, көке, — деп ата, ең болмаса, бір рет осы сөзді естуге мүмкіндік бер. Мені көке, — деп ата, «Менің көкем!» — деп айт.

— Көке! Менің қымбатты көкем! — деп үн қатты бала, ыстық жас оның шекесін бойлап ағып жатыр.

Ол атасы өлгеннен кейін баратын орыны бар, оған енді мазасызданудың қажеті жоқ еді: оның енді өз әкесі мен шешесі бар. Дегенмен, Иса Тәңірім қандай қайырымды!

Юрига және басқалар да оларды аса шыдамсыздана күтіп отыр еді. Бірақ олар қол ұстасып, лашыққа кіріп келгенде оттың өткір жарығы оларға түсті, Юрига қарт олардың әке және ұл ретінде келгенін түсінді де, оның кәрі жүзі қуаныштан шаттана түсті.

Бейтаныс жас жігіт өзінің зейінді тыңдаушыларына өзінің бұрынғы қожасы туралы көптеген жақсы әңгіме айта бастады. Олар мұны ешқашан да ұмытпайтын шығар. Бірақ ол да Лессинг пен Юригадан жоғалып, қайтадан табылған бала туралы естігендерін ұмыта қояр ма екен.

— Көрдің бе, Палко, — деді ол қуанышты түрде, — бұл сен маған әңгімелеп берген сол ертегідей, нақ солай:

ханзада да тауда өз әкесін іздеп жүргенде «күн елін» де, өз әкесін де табады ғой. Сенімен де осындай жағдай болды.

«КҮН ЕЛІНЕ ҒАЖАЙЫП КІРУ ЕСІГІ»

Күз бұл жылы әдеттен тыс ерте басталды. Ерте түскен аяз соңғы гүлдерді үсітіп жіберді. Құстардың да сайрауы тына қалды. Қарлығаштар да енді жылы жаққа ұшып, өздерімен жазды ала кетті. Тек қарқылдаған қарғалар тобы ғана өзінің жазғы, сәнді киімінен айрылған таудың басында үйіріле ұшып жүр. Кейбір ағаштар әлі де сарғыш-қызыл түсті жапырақтарын жамылған, ал кейбіреулері мүлде жалаңаш, ағаштар арасындағы бүкіл жер беті түскен жапырақтардың ала шұбар төсенішімен жамылған.

Осынау тыныш, жалғызсыраған таудың арасымен кішкентай Палко Юрига адымдап келе жатты, енді оның нағыз есімін білгендерімен, адамдар оны бұрынғысынша атайтын. Кенеттен күн суытып кеткен соң, олар өткен аптада ауылға қоныс аударды, осы қоныс аудару кезінде атасы өзінің бұрғысын не жоғалтып алған не ұмытып кеткен. Палко соны іздеуге келіп, көп кешікпей оны тауып алды.

Тауда шын мәнінде де өте тыныш еді. Барлық лашықтар бос қалды. еш жерден бірде-бір жан көрінбейді. Оның есесіне қояндар батылданып жүгіріп жүр, ал тиіндер ағаштан ағашқа секіруде.

Бірақ бала оларды байқаған жоқ. Оның қызылшырайлы жүзінің байыптылығы соншалық, оның өзі қасқыр, арыстан, барыс, қозы мен ешкіні бағып жүретін, дүниенің мың жылдық патшалығындағы кішкентай баланы бейнелеуге арналған көрініске үлгі болар еді. Бүкіл жер бетіне Дүниенің ұлы Патшасы билік жүргізеді,

сөйтіп бүкіл халықтар Оны дәріптейді. Оның билігінің аясында адамдар соғысып үйренуді тоқтатады, семсер мен найзаның бәрінен жерді жақсы өңдеу үшін соқа соғылады. Сөйтіп, бұл жаңа жер енді адам қанымен суарылмайтын болғандықтан, әдеттен тыс өнім болып, жер беті Құдай еркінің ырзығына толады.

Палко не жөнінде ойланған еді? О, оның ойға салатындары да бар еді. Оның рухани көзқарасының алдынан көктемнен күзге дейінгі барлық соңғы оқиғалар өтіп жатқан болды.

Ол өзінің туған әкесіне, оның үстіне әрбір бала қызғанышпен қарайтын осындай әкеге ие болады, — деп оған кім сәуегейлік айтар еді! Оның үстіне, оның балағат сөз айтпайтын, бейпіл сөйлемейтін, онымен Иса Тәңірім бірге тұра алатын атасы бар! Бұдан да зоры, осыған қосымша қайырымды, оған ұқсайтын бүкіл дүниеде жоқ шешесі болады, — деп оған кім айтар еді! Ол енді үйден жиі-жиі қашып кететін, жан дүниесі ауру сол бір апай емес еді. О, Иса Тәңірім бұлардың дұғасын естіді, сөйтіп, шешесі мүлде сауығып кетті.

Ал өткен аптада бала тағы да бір өте сүйкімді адамды тапты — бұл оның әжесі, Лессингтің шешесі болатын. О қандай ғажап әже! Тағы да ол күн ешқашан да батпайтын, сол бір елге баратын жолды көрсететін адамға ие болды.

Әкесі үйінде үш апта болып, үйдегінің бәрін жалға берді, содан соң өзінің қарт анасы мен үйіндегі кейбір заттарын алып, енді олар бәрі Юрига ағайдың үйінде тұратын болды. Сонымен, баланың атасын тастап кетуіне тура келмеді. Олардың бәрі атасымен оның өмірінің ақырына дейін бірге тұрып, оны бағып-қаққысы келді.

Атасының үйінде бұрын пәтерші тұратын, бірақ ол өзіне үй сатып алды, сондықтан да оларға орын әбден жеткілікті болды. Қойманы атасы әкесімен бірге шеберханаға айналдырды, ал бөлмелерді бәрі бірге пайдаланды.

Ескі үйді олар жөндеп, жинастырды, ал әжесі шешесі екеуі бәрін мұқият тазартып, соған орай үйдің қайта

құрылғанындай, оны тану да қиын болды. Палко бәріне еркектерге де, әйелдерге де көмектесіп жүрді, сондықтан бәрі оны жақсы көрді.

Әжесі өзімен бірге ұршығын әкеліп, қыста жүн иіруге дайындалған еді. Шешесі болса, бәріне киім тіккісі келетін, ал Палкоға әдемі жейде тігіп берді. Палко кешкілік бос уақыттарында бәріне кітап оқып беруді міндетіне алды. Сондай-ақ ол қолөнеріне де аз-аздап үйреніп жүрді.

О, өзі туралы қам жейтін әкесінің бар екендігі туралы ойдан оның жан-дүниесі қалай жақсарды десеңші! О, Иса Мәсіх Тәңірім қандай қайырымды!

— Осының бәрін, Иса Тәңірім, Сен жасадың! Егер біз Сені таба алмасақ, мұның бәріне мен ие бола алмас едім! — Бала өзінің бұрын Иса Тәңірсіз қалай тұрғанын енді ешбір түсіне алмады.

«Бізде қасиетті кітап болмаса, біз қазір не жөнінде пікірлесер едік?» — деп ойлады ол. Оның ойына сол кітап түскен кезде, ол тез-тез адымдап үңгірге бағыт алды. Бұл жерден кетерде ол кітапты сонда қалдырған еді. Бірақ кейіннен атасы былай деді:

— Сен мұны бекер істедің. Өйткені қыста үңгірге ешкім кірмейді. Ал егер Тәңірім бізге келесі көктемге дейін ғұмыр берсе, онда сен оны тағы да сол жерге апарып тастай аласың. Бізде қазір толық Киелі кітап бар, сөйтіп, Құдай Сөзін білмейтін қандай бір адам, біз кезінде сондай болдық қой, оны сол жерден тауып, біз ие болғандай, ұлы жарылқаушылыққа ие болар еді.

Балаға сол кезде кітаппен ажырасу өте қиынға соқты, егер ол басқалар туралы ойламаса, оны ешқашан да қалдырып кетпес еді.

Енді сол үңгірге кіріп, кітапты қолына алды да, үңгірмен қоштасқандай маңайына қарап қойды. Ол сүйікті жерімен қиындықпен ажырасты. Шалғында бір жұп күздік гүлден басқа гүлдеп тұрған басқа гүл болмаса да, бұл жер бәрібір әдемі екен. Көктемнің күзгі бұлыңғыр бірнеше күнінен кейін бүгін тағы да күн шықты. Жердің

осы бір бұрышы балаға өте қымбат еді, өйткені бүгін көрінбесе де, мұның аса қымбатты дін қызметкерінің соңынан жабылып қалған аспанның ғажайып қақпасы осында болатын.

Оның қазіргі тұрмысы жақсы болды, бірақ ол дін қызметкері туралы ойлаған кезде жан дүниесі ерекше бір күй кешеді. Жиі-жиі, бүгіннің өзінде де ол, Тәңір Өз құлының дұғасын бәрібір естіген шығар, — деп ойлады. Ол біржола сауығып кетпесе де, өзінің Тәңірі жөнінде көп адамға айғақ берді, сөйтіп оның өмірі Тәңір мезбағындағы шырақ сияқты сөнді. Сол дүйсенбіде Палко дін қызметкерінің үйіне қайтадан барғанда баланың өз ата-анасын тапқанын естіген дін қызметкері өте қуанып қалды. Оған келген орманшының әйелі арқылы дін қызметкері өзіне Палконың әкесі мен шешесін, атасын шақырды. Дін қызметкері олармен ұзақ сұхбаттасып, қортынды сөзінде солармен бірге Құдайға сиынды. Атасы қазір де сол дұғалықты ұмыта алмай жүр.

— Сендер інжілшілерсіңдер, ал мен католикпін, — деді ол қоштасып жатып. — Бірақ, Оны қабылдаған жанға Ол Құдайдың баласы болу билігін береді. Олар, мен баратын аспанда да Иса Мәсіхпен бірдей, ешқандай айырмашылық болмайды. Біз тағы да жоғарыда кезде-суіміз үшін Оған адал болып қалыңыздар.

Сейсенбі мен сәрсенбіде ол жақсы болған сияқтанды; ол орнынан тұрып, тіпті бөлмеде әрлі-берлі жүрді. Бұған бәрі де қуанды.

Жаңа каплан оны шіркеуге апарды, онда ол мезбақтың жанында Құдайға сиынды. Содан соң ол латынша капланмен сұқбаттасты. Ол одан бірдеңе туралы сұраған сияқты. Палко, оны словак тілінде сөзін жалғастырғанда барып түсінді:

— Уәдеңді бер, маған, қымбатты туысқан, мен оларға бергенді алмайсың. Мені шапағатпен өлуге үйреткен — соның өзі.

Палко капланның дін қызметкеріне өз қолын ұсын-

ғанын көрді. сол кезде дін қызметкері тағы да тізесін дұға оқу үшін бүкті.

Келесі күні оның тағы да таза ауаға шыққысы келді. Ауа райы жақсы болатын, дәрігер оған баққа дейін еріп жүрді. Ол жерде жылы киінген дін қызметкері орындыққа отырды. Оның алдындағы кішкентай дастарханда таңертеңгі ас бар еді. Кейінірек, оның қарындасы дастарханды жинап алғанда дін қызметкері:

— Енді Палко маған бірдеңені әңгімелейтін болсын: содан соң осы жерде таза ауада сәл жатып, аздап ұйықтағым келеді, — деді.

— Жақсы менің қымбатты бауырым, — деп жауап беріп, қарындасы оның маңдайынан сүйді. — Сол кезде мен сенің бөлмеңді жинастырып, желдетіп қояйын, әрі төсекті ауыстырайын.

— Иә, сенің маған деген сүйіспеншілігің үшін сені және сенің балаларыңды Тәңірім жарылқасын! — деді ол терең толқып.

Олар жалғыз қалған кезде дін қызметкері Інжілді алып:

— Палко, біздің «күн елі» жөнінде маған бірдеңе оқып бер, — деді.

Палко күнге де, айға да мұқтаждығы жоқ сол бір ғажайып қала туралы, өмір суының өзені жайында оқыды. Содан соң дін қызметкері оған оқығанды түсіндіріп, былай деп қосып айтты:

— Қымбатты Палко, біз «күн еліне» барғанда көретіндеріміздің барлығының ішіндегі ең бір ғажайыбы — даңқ тағында отырған Сол — Иса, — Құдайдың Құрбандық Қозысы екендігін көреміз!

Одан соң, ол сиынған кезіндегісіндей, қолын айқастырып, көзін жұмды. Палко оның жанында тізесін бүте отырып, басын оның тізесіне қойды. Бірақ бұл жолы дұға әдеттен тыс ұзақ болғандықтан, бала басын көтерді. Ауру басын салбыратып, тыныш ұйықтап жатыр. Тек анда-санда терең күрсініп қояды.

Баланың жаны ерекше бір күйге, сонымен бірге салтанатты да, мұңды күйге бөленді. Ол дін қызметкерін оятып алмау үшін тып-тыныш, тіпті демін алуға қорықты. Әуеліде дін қызметкерінің жүзін қайғы бұлты жапты, бірақ енді ол бір ғажайып түс көріп жатқандай бетінен күлкі табы байқалды.

Палко жүріп келе жатқан дыбысты естіді. Басын көтерген ол капланды көрді де, оған жақын келуге белгі берді.

Ол жақындады. Бірақ ол оған сәл еңкейді де, күйзелісті үн қатты.

Палко сене алмады, бірақ бұл дегенмен де шындық болды: дін қызметкері ұйықтап жатқан жоқ — ол өліп қалған екен. О, осының бәрі қандай мұңды десеңші!

Енді осының бәрін еске алғанда бала көз жасын тоқтата алмады. Осы оқиғалар мен сөздердің бәрі есінде терең қалғаны сондай, ол мұны ешқашанда да ұмыта алмады.

Мен неге жылап тұрмын! — деді ол кенеттен. — Оған ол жерде жақсы ғой!

Ол іштен қан құйылуға ұшырағаннан кейін, бірден өліп кетті, — деді дәрігер. Бірақ Палко бұған сенген жоқ.

«Иса Мәсіх Тәңірім келді де, оны Өзіне алды. Ол енді бәрін, Оның Өзін, тақта отырған ғажайып Құрбандық Қозыны көріп тұр. Ол сол жерде, біз қасиетті кітапты алған, сол бір бейтаныс жанды кездестіріп, сонда, бәлкім, оған мен үшін де алғыс айтқан шығар. Мен де өз уақытымда сол жерге барамын».

Палко көзін аспанға жіберді де басын қолымен таяп: ал егер Иса Тәңір оны Өзіне алуы үшін келсе, мұның сол жаққа, нағыз «күн еліне» кіруі үшін батылдығы жетер ме еді? — деп ойға батты.

Сіздің бұл кітап туралы ой-пікіріңізді, әлде сұрақтарыңыз болса, бізге мына адрес бойынша жазыңыз:

480114 Алматы — 114,
а/я 68
«Шығыс Сәулесі» баспасы.

КРИСТИНА РОЙ

КҮН
ЕЛІНДЕ